


18+



БРИТНИ СПИРС

ЖАН СЫРЫМ



Zerde Publishing

Britney Spears

Жан сырым

http://www.litres.ru/pages/biblio_book/?art=71857795

Жан сырым: Zerde Publishing; Астана; 2025

ISBN 9786018224096

Аннотация

Бритни Спирстің өзінің жанын жаралаған балалық шағы мен жарқ етіп атағы шыққанынан бастап, қамқоршылық бақылауындағы азапты жылдары мен көптен күткен бостандығына дейінгі өмір жолы туралы адал әрі ашық айтқан әңгімесі. Бұл – нағыз Бритниді көру, оның өз бостандығы жолында қалай күрескенін білу үшін сирек мүмкіндік.

«Жан сырым» жай ғана ғұмырнама емес. Бұл – батыл манифест және әрбір қадамыңыз бақыланатын әлемдегі бостандық, ана болу, аман қалу, үміт туралы әсерлі оқиға.

Содержание

Пролог	10
1	11
2	18
3	23
4	26
5	29
6	34
7	38
8	46
9	52
10	56
11	61
12	67
13	76
14	78
15	82
16	90
17	100
18	106
19	113
20	117
21	123
22	128

23	132
24	135
25	138
26	143
27	146
28	150
29	153
30	161
31	164
32	167
33	174
34	179
35	185
36	191
37	197
38	202
39	207
40	210
41	212
42	216
43	222
44	227
45	230
46	235
47	237
48	241

49	252
АЛҒЫС	259

Бритни Спирс

Жан сырым

Знак информационной продукции (Федеральный закон
№ 436-ФЗ от 29.12.2010 г.)



Аударған және редакциялаған: «Қазақстан аударма академиясы»

Корректурасын жасаған: «Қазақстан аударма академиясы»

Все права защищены. Данная электронная книга предназначена исключительно для частного использования в личных (некоммерческих) целях. Электронная книга, ее части, фрагменты и элементы, включая текст, изображения и иное, не подлежат копированию и любому другому использованию без разрешения правообладателя. В частности, запрещено такое использование, в результате которого электронная книга, ее часть, фрагмент или элемент станут доступными ограниченному или неопределенному кругу лиц,

в том числе посредством сети интернет, независимо от того, будет предоставляться доступ за плату или безвозмездно.

Копирование, воспроизведение и иное использование электронной книги, ее частей, фрагментов и элементов, выходящее за пределы частного использования в личных (некоммерческих) целях, без согласия правообладателя является незаконным и влечет уголовную, административную и гражданскую ответственность.

Copyright © 2023 by Britney Spears

© Басылым қазақ тілінде, аударма, безендіру. Zerde Publishing, 2025

* * *

Бритни Спирс

ЖАН СЫРЫМ

Ағылшын тілінен аударма



Өмірлік махаббатым – балаларыма арнаймын

Пролог

Бала кезімде Луизианадағы үйімнің артындағы орманда әндетіп, жалғыз өзім серуендейтінмін. Сыртта жүргенде өзімді тірі сезінемін. Ол кезде анам мен әкем үнемі ұрсысатын. Әкем маскүнем адам еді. Үйде болғаннан қорқатынымын. Сыртта да жағдай мәз емес, десе де ол жақта өз әлемім бар. Жұмақ па, тозақ па, қалай атасаңыз да, менің мекенім.

Үйге қайтар жолда көршілеріміздің әдемі ауласы мен басынына қарап өтетінмін.

Олардың кішкентай, жұмыр тасқа толы бағы бар еді. Күн сәулесі сіңген жұмыр тастар сондай жұмсақ сезілетін.

Сол тастардың үстінде бар денеммен жылу сезіп жатып былай ойлайтын едім:

Өмірде өз жолымды таба аламын. Армандарым орындалады.

Сол жерде алаңсыз жатып, мен Құдайдың барын сездім.

1

Оңтүстіктегі бала тәрбиесі ата-ананы сыйлау мен оларға артық сөз айтпаудан басталады. (Қазір ережелер өзгереді: енді керісінше, балаларды құрметтеу керек). Біздің үйімізде ата-анаға сөз қайтаруға қатаң тыйым салынды. Не болса да, үндемеу керек, болмаса арты жаман болады.

Інжілде «тіл – адамның қаруы» делінген.

Менің тілім де, қаруым да ән еді.

Сөйтіп, балалық шағым ән айтумен өтті. Би сабағына бара жатып, көліктегі радиоға қосылып ән айтамын. Мұнайғанда да ән айтамын. Мен үшін ән айтудың рухани маңызы бар еді.

Миссисипи штатының Маккомб қаласында туып, сол жақта мектепке бардым. Кейін ол жерден жиырма бес миль қашықтықтағы Луизиана штатының Кентвуд қаласында тұрдым.

Кентвудта бәрі бірін-бірі танитын. Ешкім есігін құлыптамайтын, қоғамдық өмір шіркеу мен ауладағы кештерден аспайтын. Әйелдер балаларын бірдей қылып киіндіретін және бәрі мылтық ата алатын. Бұл аймақтың басты тарихи көрнекі жері Кэмп Мур деп аталатын Жефферсон Дэвис салған Конфедерацияның оқу базасы болатын. Жыл сайын Алғыс айту күніне дейінгі демалыс күндері Азаматтық соғыстың қойылымы болады, ал әскери киім киген адамдар мерекенің келе жатқанын еске салатын.

Жылдың сол бір мезгілі ұнайтын: ыстық шоколад, қонақ бөлмеміздегі алауошақтың иісі, күзгі жапырақтар.

Жасыл жолақты тұсқағаздары бар, ағаш тақтайшалармен қапталған кішкентай кірпіш үйіміз болатын.

Қыз кезімде мен картинг айдап, баскетбол ойнадым. Парклейн академиясы деп аталатын христиан мектебіне барғанмын.

Мені алғаш тебіrentіп, таңдандырған сәт үй қызметшіміздің кір жуатын бөлмеде ән салғанын естіген кезім еді. Кір жуып, киім үтіктейтін әдетте өзім едім, алайда жағдайымыз жақсы болған кездерде анам көмекші адам жалдайтын. Қызметші әйел шіркеу әнін шырқағанда, бір жаңа әлем ашылғандай болды. Ол сәтті ешқашан ұмытпаймын.

Содан бері әнге деген ынтықтығым, құштарлығым арта түсті. Ән айту – мен үшін сиқыр. Мен ән айтқанда өз билігім өзімде болатын. Әннің тілі еркін, ән айтқан кезде «сәлем, қал қалайдан» әлдеқайда тереңірек сырларды жеткізе аласың. Ән айтқанда тілдің маңызы жоғалып, бәрі де мүмкін болатын сиқырлы мекенге тап боламын.

Бар арманым – өмірден алшақтап, сезімдерімді еркін білдіру. Жалғыз қалғанда санам уайым мен қорқынышқа толатын. Музыка мені әлемнің шуынан құтқарып, өзіме сенім сыйлап, өзімді өз қалауымша танытып, тыңдауға жол ашты. Ән арқылы құдіретті күштің барын сезініп, бұл әлемнен жырақтайтынмын. Өзге балалар секілді аулада ойнап жүрсем де, ойым мен сезімім бөлек мекенге самғайтын.

Өз ісіме тыңғылықты едім. Құрбымның ауласында Меррайя Керидің әндеріне бейнебаян түсіріп ойнағанымды ойын деп ойламадым. Сегіз жасымда өзімді режиссер ретінде көрдім. Мен тұрған қалада ешкім мұндай іспен айналыспағандай. Әйткенмен бұл өмірден не қалайтынымды біліп, соған жетуге тырыстым.

Өнер жолында жүрген, әртүрлі рөлдер сомдайтын әртістер бұл әлемнен жырақтағысы келеді, мен де соны қаладым.

Өз қиял әлемімде өмір сүргім келді. Ән шындық пен қиялды, осы өмір сүріп жатқан әлем мен өмір сүргім келетін әлемді жалғайтын көпір еді.

Отбасыма қасірет үйір еді. Екінші атым әкемнің анасы Эмма Джин Спирстің есімінен шыққан. Мен оның суретін көргенде ғана неге жұрттың бәрі бізді ұқсататынын түсіндім. Шашымыз да, күлкіміз де ұқсас. Өз жасынан жас көрінетін.

Оның күйеуі – атам Джун Спирс оған қорлық көрсеткен екен. Джин баласынан босанғанына үш күн болмай айырылып қалады. Джун Джинді Оңтүстік-шығыс Луизиана ауруханасына, Мандевиллдегі ең нашар жерге апарып тастап, оған литий (дәрі) береді. 1966 жылы, отыз бір жасында, сәбиі шетінегеннен кейін сегіз жыл өткен соң Джин оның бейітінің басында өзін-өзі атып өлтірген. Мен оның қандай мұнмен қасіретке душар болғанын елестете де алмаймын.

Оңтүстікте Джун сияқты ер адамдар жайлы «оның көңілі-

нен шығу қиын, ол – перфекционист» дейді.

Мен оны бұлай тым жұмсақ сипаттамас едім.

Спорт фанатигі болған Джун әкемді шаршағанына қарамай жаттығуға мәжбүрлеген. Әкем күн сайын баскетбол ойнап, қанша шаршаса да, аш болса да, ішке кірмес бұрын тағы жүз рет доп лақтыруы керек болған.

Джун Батон-Руж полиция департаментінің офицері болған, оның үш әйелінен он баласы бар. Білуімше, өмірінің алғашқы елу жылында ол жайлы ешкім бір ауыз жылы сөз айтқан емес. Тіпті отбасымызда Спирс әулетінің ер адамдарынан жақсылық күтуге болмайтынын, олар өз әйелдерін аямайтыны жайлы айтатын.

Джин Джунның Мандевиллдегі психикалық ауруханаға жіберілген жалғыз әйелі емес еді.

Екінші әйелін де сонда жатқызып тынған.

Әкемнің әпкесі он бір жасынан бастап он алты жасында қашып кеткенге дейін Джунның оны жыныстық зорлыққа душар еткенін айтқан.

Джин қайтыс болғанда әкем он үште болған. Әкемнің сол шақтағы жарақатынан кейін бауырларым да зардап шекті. Әкеме де ештеңе жақпайтын. Әкем інімді спортта үздік болуға мәжбүрледі. Есі ауысқанша мас болып ішетін. Бірнеше күн бойы жоғалып кететін. Ішкен кезде өте қатыгез болатын.

Дегенмен Джун жасы ұлғайған сайын жұмсарды.

Мен әкеме және оның бауырларына қиянат жасаған жауыз адамды емес, сабырлы әрі жылы көрінетін атамды көрдім.

Әкем мен анамның әлемі бір-біріне мүлдем қарама-қайшы еді.

Анамның айтуынша, нағашы әжем Лилиан «Лили» Портелл Лондондағы кербез, талғампаз отбасынан шыққан.

Бәрін ашып айтатын, тік мінезді кісі болған деседі. Анасы британдық, ал әкесі Жерорта теңізіндегі Мальта аралынан. Оның нағашысы кітап түптеуші болған.

Бүкіл отбасы аспапта ойнап, ән айтқанды ұнатқан.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Лили америкалық солдат – атам Барни Бриджеспен сарбаздарға арналған би кешінде танысыпты. Ол генералдардың жүргізушісі болған. Алайда ол атаммен бірге Америкаға келген соң өкініпті. Өз өмірін Лондондағыдай болады деп елестеткен екен. Күйеуінің Жаңа Орлеандағы сүт фермасына жақындай бергенде Лили көлік терезесінен Барнидің әлеміне көз тастайды.

«Жарық шамдардың бәрі қайда кеткен?» – деп күйеуінен сұрай берген екен.

Мен кейде Лили Луизианада көлікте кетіп бара жатып, түнекке қарап, не туралы ойлады екен деймін. Енді үлкен, музыкаға толы, күндізгі шайлар мен Лондон мұражайларына толы өмірі келмеске кеткенін ойлаған шығар.

Ол театрға барып, шопинг жасаудың орнына шалғай ауылда тамақ істеп, үй жинап, сиыр саууға мәжбүр болған.

Сол себепті әжем өмірден өткенше өзін бекем ұстап, көп кітап оқып, тазалыққа құмар болған. Өмірінің соңына дейін Лондонды сағынды. Отбасым Барнидің Лилиді Лондонға

жібергісі келмегенін, жіберсе, қайтып келмейді деп ойлағанын айтатын.

Анамның айтуынша, Лилидің өз ойларына беріліп кететіні сонша, тамақ ішіп болмастан дастарқанды жинай бастайтын болған.

Әжемнің сондай әдемі болғаны және оның британдық сөйлеу мәнерін қайталағанды жақсы көретінім есімде. Қазір де британдық мәнермен сөйлесем, қуанамын, өйткені ол кербез әжемді есіме түсіреді.

Бойымда әжемдікіндей мінез бен сазды дауыстың болғанын қалайтынмын. Лилидің ақшасы болғандықтан, анам мен інісі Сонни, әпкесі Сандра Луизианада ақшадан еш тарлық көрмеген.

Олар протестант болса да, анам католик мектебіне барған.

Анам жас кезінде қысқа қара шашты, тандай қақтырардай әдемі болған. Ол әрқашан мектепке биік тақалы етік пен барынша қысқа белдемше киетін. Қаладағы гей жігіттермен араласып, мотоциклдеріне отырып, қыдырған.

Әкемнің оған қызығуы да бекер емес. Джун ауыр жұмыс істеуге мәжбүр еткендіктен, әкем спортта керемет дарынды болды. Адамдар оның баскетбол ойнағанын көру үшін бірнеше шақырым жерден келетін.

Анам оны көріп, бірден: «О, бұл кім?» – депті.

Жобалауымша, олар бірін-бірі бірдей ұнатып, қызықты күндер көп боларына сеніп, бас қосқан.

Бал айы да мен дүниеге келгеннен біраз уақыт бұрын

болған.

Ата-анам үйленген жылы алғашында Кентвудтағы шағын үйде тұрған. Анамды енді отбасы асырамайтын болғандықтан, өте кедей тұрған. Оған қоса олар әлі жас болған: анам жиырма бірде, әкем жиырма үште. 1977 жылы үлкен ағам Брайан туылды. Бұрынғы үйден көшіп, үш жатын бөлмесі бар шағын ранчо сатып алады.

Брайан туылғаннан кейін анам мұғалім болып, мектепке оралады.

Мұнай өндеу зауыттарында дәнекерлеуші болып жұмыс істеген әкем (бір айға, кейде үш айға созылатын ауыр жұмыс) көп іше бастап, көп ұзамай бұл әдеті отбасына зиянын тигізбей қоймайды.

Анамның айтуынша, үйленгеннен кейін бірнеше жыл өткенде Барни атам жол апатынан қайтыс болып, әкем Брайан бір жасқа жетпей ішімдікке салынып кетеді. Брайанның кішкентай кезінде әкем рождестволық кешке ішіп келіп, ертесіне қаңғып кетеді. Сол кезде анамның да төзімі таусылған екен.

Сөйтіп, Лилидің үйіне кетеді. 1980 жылы наурыз айында ажырасуға арыз береді. Дегенмен Джун мен Джунның жаңа әйелі оның қайтып келуін өтініп, қайта барады.

Біразға дейін бәрі тынышталғандай болады.

Әкем дәнекерлеуді қойып, құрылысшы болады. Содан

кейін көп қиналып, жаттығу залын ашады. Ол жер «Total Fitness» деп аталған. Нәтижесінде қаладағы біраз жігіттер, соның ішінде нағашыларым да бодибилдер болып кетеді. Ол жер біздің үйімізге көршілес жерде, жеке студияда орналасқан еді. Денесі буылтық-буылтық еркектер залға ағылып жатады.

Әкемнің ісі өте табысты бола бастайды.

Шағын қаладағы ең ауқатты адамдардың біріне айналады. Отбасым аулада үлкен шаяндар пісіріп, түні бойы би билеп, есер кештер өткізетін.

(Түні бойы ұйқысыз жүруінің құпия ингредиенті амфетамин деп ойлайтынмын, өйткені ол кезде бәрі соны ішетін.)

Анам болса әпкесімен, яғни тәтем Сандрамен бірге балабақша ашады. Некелерін нығайту үшін ата-анам екінші сәбилі болады, сөйтіп, мені туады. Мен 1981 жылы 2 желтоқсанда дүниеге келдім. Анам мені жиырма бір сағат бойы қиналып жатып, ауыр босанғанын айтудан шаршамайды. Отбасымдағы әйелдерді жақсы көретінмін.

Сандра әпкем екі ұлдан кейін отыз бес жасында күтпеген жерден сәбилі болып, Лаура Линді дүниеге әкелді. Арамыз бірнеше ай ғана, Лаура Лин екеуіміз егіз қозыдай едік. Ең жақын дос болдық. Лаура Лин мен үшін әрқашан әпкем сияқты, ал Сандра екінші анамдай еді. Ол мені үнемі қолдап, қатты мақтан тұтатын.

Өз әжем Джин мен өмірге келгеннен біраз уақыт бұрын дүние салса да, маған әжемнің анасы Лекси Пирсті көруді

бұйырыпты. Лексидің әдемілігінде бір тылсым бар еді, ол аппақ бетіне қып-қызыл далап жағатын.

Біреулер әжемді құтырған кемпір дер еді.

Естуімше (күмәнім де жоқ), ол жеті рет тұрмысқа шыққан екен. Жеті рет! Күйеу баласы Джунды жақтырмағаны анық, бірақ қызы Джин қайтыс болғаннан кейін әкем мен оның бауырларын, одан кейін шөберелерін де бағып-қағып өсірген сол әжем болатын.

Лекси екеуіміз өте жақын болдық. Кішкентай кезімдегі ең жарқын және қуанышты естеліктерім онымен бірге өткізген сәттер еді. Екеуіміз бірге ұйықтайтынбыз. Түнде оның опа-далаптарын түгендейміз. Таңертең маған тойымды таңғы ас әзірлеп беретін. Көрші тұратын ең жақын досы қонаққа келіп, Лексидің ұнтаспалар жинағынан 1950 жылдардағы ба-яу балладаларды тындайтын едік. Күндіз Лекси екеуіміз бірге бір мызғып алатынбыз. Оның опа-далабы мен өзіндік хош иісін сезіп, тыныс алуын тындап жатып, ұйықтап кеткеннен артық ештеңені жақсы көрмеппін.

Бір күні Лекси екеуіміз бір фильмді жалға алуға бардық.

Бейне жалға беретін жерге кетіп бара жатқанда өзге көлік-ке соғылып, бір шұңқырға түсіп кеттік те, шыға алмай қойдық. Эвакуатор шақыру керек болды.

Сол апат анамды қатты қорқытты. Содан бастап маған үлкен әжеммен араласуға рұқсат етпеді.

«Бұл сондай жаман апат болған жоқ еді!» – деп анама айтып, Лексиді қайта көруді сұрап жалынатынмын. Ол сүйікті

адамым еді ғой.

«Жоқ, мен ол кісі қартайып қалды ма деп қорқамын, — деді анам. — Енді онымен жалғыз қалуға болмайды».

Содан кейін әжемді үйімізде көріп жүрсем де, онымен бірге көлікке отыра алмадым, үйіне қона алмадым. Өзіме аса қымбат адамды жоғалтып алғандай болдым. Жақсы көретін адамымның қасында болудың қандай қаупі барын түсінбедім.

Ол кезде әжеммен бірге болудан бөлек, сүйікті істерімнің бірі тығылмаш ойнау еді. Бұл кейін отбасылық әзілге айналып кетті: «Бритни қайда кетті?» Әпкеміздің үйінде үнемі тығылмаш ойнайтынмын.

Бәрі мені іздейтін. Енді үрейлене бастап, шкафтың есігін ашқанда ғана мені табатын.

Олардың мені іздегенін қалаған болсам керек. Көп жыл бойы тығылмаш ойнау сүйікті ісім болды. Тығылу арқылы жұрт назарын өзіме аударамын. Сонымен қатар билеп, ән айтқанды жақсы көретінмін. Аптасына үш рет шіркеу хорында ән айттым, сенбі күндері би сабақтарына қатыстым. Содан кейін бір сағаттық жердегі Ковингтон, Луизианадағы гимнастикаға бардым. Би билеуге, ән салуға, акробатикаға келгенде алдыма жан салмайтын едім.

Бастауыш сыныптағы мамандық күнінде заңгер боламын дейтінмін, алайда көршілер мен мұғалімдер мені «Бродвей әртісі» дейтін. Біртіндеп өзімді «кішкентай жұлдыз» ретінде қабылдай бастадым.

Алғашқы би кешінде үш жаста едім, ал бірінші жеке әнімді орындаған кезде төрт жаста едім: анамның балабақшасындағы рождестволық бағдарламада «Бұл қандай бала?» деген ән айттым.

Бәрінен тығылып, ешкімге көрінгім келмейтін. Шкафтың ішінде отырып, өзімді жоқ болып кететіндей, сондай кішкентай сезінетін едім. Дегенмен бәрінің назары маған ауған сәтте бөлек адамға айналатынымын.

Сөйтіп, айналамды басқара алатын болдым. Ақ колготка киіп, ән айтқанда бәрі қолымнан келетіндей сезімде болатынымын.

«Лин ханым! Лин ханым! – деп бір бала есігіміздің алдында еңтіге шақырып тұрды. – Бері келіңіз! Тездетіңіз!»

Төрт жасар мен, анам және досым Синди үшеуіміз қонақ бөлмедегі диванда отырған едік. Кентвудта әрдайым бір драма болады да жатады. Синди мен анамның өсегіне құлақ түріп отырғанда, кенет бір бала кіріп келді. Әлдебір жамандықтың болғаны анық. Жүрегім тоқтап қала жаздады. Анам екеуіміз тұра жүгірдік. Көшемізде жол жаңадан төселген еді, жалаң аяқ ыстық қара шайырдың үстінде жүгіре жөнелдім.

«Ой! Ой! Ой!» Әр қадам басқан сайын дауысым шығады. Аяғыма шайыр жабысып қалғанын байқадым.

Ағам Брайан көрші балалармен ойнап жүрген алаңға келдік. Олар төрт дөңгелекті мотормен қаулап өскен шөпті шапқан. Олардың көзінше ғажап болып көрінген шығар. Ақыры қалың шөптің арасынан бірін-бірі көрмей қалып, соғысып қалған.

Мен бәрін көрсем керек: Брайанның айғайы, анамның қорыққаны. Алайда оның ешқайсысы қазір есімде жоқ. Құдай сол күннің жан түршігерлік көріністерін әдейі ұмыттырған секілді.

Тікұшақ келіп, ағамды ауруханаға алып кетті.

Бірнеше күннен кейін Брайанға барғанымда, денесі толықтай гипстелген еді. Маған денесіндегі бар сүйегін сынды-

рып алғандай көрінді. Есімде қалған тағы бір жайт: үйге қайтарда көлікте отырып, оның тіпті кіші дәретке баруының өзі азап екенін ойладым.

Бөлмесі ойыншыққа толы болды. Ата-анамның оның аман қалғанына қуанғаны соншалық, ағам үшін әр күн Рождество секілді болды. Анам өзін кінәлі санап, ағама қызмет қылды. Тіпті әлі күнге оған имене қарайды.

Бір секундтық жайттың отбасымызды мәңгі өзгертіп жібергені сондай қызық.

Сол апат мені ағама жақындатты. Біздің қарым-қатынасымыз оның халін шын жүрекпен мойындап, аяғанымнан қалыптасты. Ол ауруханадан келген соң мен қасынан бір елі шықпадым. Әр түні оның қасында ұйықтаймын. Ол өз төсегінде ұйықтай алмады, өйткені денесі әлі де гипстелген еді.

Сондықтан оның арнайы төсегі болды, ата-анам менің оның қасында ұйықтауым үшін аяқ жағына шағын матрас төсейтін.

Ағамның гипсін шешкеннен кейін де бірге ұйықтап жүрдік. Кішкентай қыз болсам да, ағамның қиналып жүргенін, әкемнің оған тым қатал екенін іштей сезіп жүрдім. Оны жұбатқым келді.

Ақырында біраз уақыттан кейін анам маған: «Бритни, алтыншы сыныпта оқисың, енді бөлек ұйықтауың керек!» – деді. Қарсы болдым.

Тым кішкентай едім, жалғыз ұйықтағым келмеді.

Десе де анам алған бетінен таймай, ақыры көнуіме тура

келді.

Бөлек бөлмеге көшсем де, ағама өте жақын болып өстім.

Ол да мені жақсы көрді. Оған деген махаббатым нәзік, қауіпсіз еді. Ал есейгенде ағамның тым қатты қиналғанын көп көрдім.

Ағамның жағдайы жақсарғаннан кейін қаланың қоғамдық өміріне тығыз араласып кеттік. Біз тұратын қала небәрі екі мың адам тұратын шағын қала болғандықтан, жылына үш рет қана той тойлайтын – Марди Грас, төртінші шілде және Рождество. Бұл шараларды бүкіл қала болып күтетінбіз. Көшедегілер күлімсіреп, қол бұлғап, бір күнге қым-қуыт өмірін артта қалдыратын. Тұрғындардың көбі 38-тасжолда баяу жүріп бара жатқан адамдарды тамашалау үшін асығатын.

Бір жылы біз бір топ бала болып гольф арбасын безендіріп, Марди Грас шеруіне шығаратын болдық. Арбаға сегіз бала отыратын болды, әрине, тым көп. Кішкене гольф арбасына жамырап отыратын болдық. Салмағымыздан гольф көлігінің дөңгелегі мыжылып кетті. Бәріміз он тоғызыншы ғасырдың костюмдерін кідік. Неге екені есімде де жоқ. Мен алдағы үлкен балалардың алдында бәріне қол бұлғап отырдым. Бәріміздің салмағымыз ауыр болған соң, әлгі көлікті басқару қиындап кетті. Алдымызда тұрған көлікті бірнеше рет соқтық, сөйтіп, ол жерден қуылдық.

Әкем қайтадан араққа салынған кезде бизнесі құлдырай бастады.

Ақша тапшылығына әкемнің құбылмалы көңіл күйі қосылды. Әкеммен бірге көлікке отырудан қорқамын, өйткені көлік жүргізіп келе жатқанда өзімен-өзі сөйлесетін. Айтқан сөздерін түсіне алмаймын, өз әлемінде жүреді.

Әкемнің араққа салынып, бәрін ұмытқысы келуінің себебі бар екенін сол кезде түсіне бастадым. Жұмыстан қатты күйзеліске түсетін. Сол кездері оның өз әкесінен көрген қорлықтың салдарымен солай күресіп, өзін солай емдейтінін түсіне бастаған едім. Дегенмен ол кезде оның бізге неге сонша қатыгез болғанын, неге біздің ісіміз көңілінен шықпайтынын түсінбейтінмін. Ең өкініштісі, әрқашан мені осы қалпымда жақсы көретін әке болғанын қалаппын. Әкемнің «жақсы көремін, балам, не істесең де, шексіз жақсы көремін» дегенін қаладым.

Әкем маған немқұрайлы, суық, қатыгез болды. Ал Брайанға одан да қатал болды. Спортта үздік болуға қатыгездікпен итермеледі. Брайанның сол жылдардағы өмірі менікінен әлдеқайда қиын болды, өйткені Джун әкемді қалай қинаса, әкем де өз ұлына соны жасады. Брайан икемі болмаса да, баскетболмен де, футболмен де айналысуға мәжбүр болды.

Әкем анамды да ренжітетін, көбіне ішіп алып, бірнеше

күнге жоқ болып кететін. Шынымды айтсам, ол кетіп қалған кезде бізге жеңілірек болатын. Мен де ол ішкен кезде үйде болмағанын қалайтынмын.

Ол үйде болған кезде анам екеуі түнімен ұрсысатын. Мас болғаны сонша, тіпті сөйлеуге шамасы жетпейтін. Сол себепті анамның сөзіне құлақ асуы да екіталай еді. Біз бәрін көріп, естіп жататынбыз. Әкем ашуланған түні көз ілмей шығамыз. Оның дауысы үй ішінде жаңғырып естілетін.

Қонақ бөлмеге шығып, анама: «Тамағын беріп, жатқыза салшы, ол ауру ғой!» – деп жалынатынмын.

Анам болса өз есін білмейтін адаммен ұрсысатын. Десе де ол бәрібір тындамайтын. Бөлмеме ашулы күйде, анамның айқайын естіп, ішімнен тынып қайтатынмын.

Бұл сұмдық қой! Араққа салынып, отбасын кедейлікке душар еткен әкем болса да, анам ашуыма тиетін еді. Өйткені әкем тым құрығанда көп сөйлемейтін. Мені ұйқы қысып, жатқым келіп тұрса да, анамның аузы жабылмайтын.

Түнгі айқай-шуға қарамастан, күндіз анам үйімізді достарым келуге құштар болатындай жерге айналдыратын. Әкеміздің үйде ішпеуге намысы жететін. Біздің үйімізге аймақтағы бүкіл бала жиналатын. Үйіміз шынында керемет еді. Он екі орынды биік үстел болған. Анам оңтүстіктің қарапайым әйелі болатын, жиі өсек айтатын, достарымен үнемі темекі шегетін (Вирджиния Слимс, қазір мен де соны шегемін) немесе құрбыларымен телефон арқылы сөйлесетін. Мен олардың барлығы үшін ешкім емес сияқты едім. Ере-

сек балалар теледидар алдындағы креслоларда отырып, ойын ойнайтын. Ең кішісімін. Бейнеойын ойнауды білмеймін, сондықтан үлкен балалардың назарын аудару үшін әртүрлі айлаға барамын.

Үйіміз хайуанаттар бағына ұқсайтын. Мен әрқашан кофе ішетін үстелде билеймін, ал анам болса кішкентай Брайанның артынан қуып, бұзық болғаны үшін жазалайды.

Қонақ бөлмедегі балалар болсын, ас бөлмесінде әңгімелесіп отырған ересектер болсын – бәрінің назарын өзіме аударуға тырысамын.

«Бритни, тоқтат!» – дейтін анам айқайлап. «Үйде қонақтар бар! Тәртіпті бол. Бұзық болма», – дейтін.

Десе де анамның айтқанын құлағыма ілмейтінмін. Сөйтіп жүріп, бәрінің назарын өзіме аударудың жолын табамын.

Ұяң болсам да, ән айтқан кезде жаным кіреді. Жақсы қимылдау үшін гимнастикаға да барып жүргенмін. Бес жасымда жергілікті би жарысына қатыстым. Көрсеткен өнерім шляпа киіп, таяқшаны айналдыра билеу болды. Жеңдім. Содан кейін анам мені облыстың түкпір-түкпіріндегі жарыстарға апара бастады. Ескі суреттер мен бейнежазбаларда мен ең күлкілі киім кигенмін. Үшінші сыныпта қатысқан мюзиклде басыма рождестволық сыйлыққа ұқсайтын, үлкен күлгін бантигі бар, кең күлгін футболка кідім. Шынымен, ұсқынсыз еді.

Батон-Ружда өткен аймақтық байқауда жеңіске жетіп, аудандық деңгейге өттім. Көп ұзамай-ақ ата-анам мектеп гимназияларында жүлде алудан гөрі үлкен жүлделерге назар аудара бастады. Олар газеттен «Микки Маус» клубының жарысы өтетінін көргенде, барайық деді. Сөйтіп, Атлантаға сегіз сағат көлікпен жүріп бардық. Онда екі мыңнан астам бала болды. Өзімді барынша көрсетуге тура келді. Тек келгеннен кейін ғана он жастан асқан балаларды іздейтінін білдік.

Кастинг-директор Мэтт Каселла есімді кісі менен неше жаста екенімді сұрағанда, сегіз дей жаздадым да, жарысқа тек он жастағыларды қабылдайтыны есіме түсіп: «Тоғыз!» – дедім. Ол маған күмәндана қарады.

Жарыста «Sweet Georgia Brown» әнін бимен және гимнастика қосып айтып шықтым. Олар елдің түкпір-түкпірінен келген мыңдаған топты бірнеше балаға дейін азайтты, олардың ішінде Калифорниядан келген Кери Рассел есімді менен бірнеше жас үлкен сұлу қыз болды.

Оған қоса Пенсильваниядан келген Кристина Агилера есімді қыз екеуіміз ұтпасақ та, бізге өте талантты екенімізді айтты. Мэтт бізге сәл үлкенірек, тәжірибелі болған кезде іріктеуден өтер едіңдер деді. Анама Нью-Йоркқа бару керек деп кеңес берді. Ол бізге жас өнерпаздарға театрдан бастауға көмектесетін жақсы агент табуымызға кеңес берді.

Бірден кете қойған жоқпыз. Оның орнына мен Луизианада алты айға жуық болдым, «Lexie's» теңіз өнімдері мейрамханасында, «Granny's Seafood» and «Deli»-де даяшы болып жұмыс істедім.

Мейрамханадан жағымсыз балық иісі шығатын. Десе де ол жердің тамағы өте керемет болатын. Сөйтіп, жас балаларға арналған қызық жерге айналып кетті. Мейрамхананың ішкі бөлмелерінің бірінде ағам мен оның мектептегі достары ішімдік ішетін болды. Сол кезде тоғыз жастамын, ұлу тазалап, табақтар тасып, сүйкімді кішкентай киім киіп, би билеп жүрдім.

Анам Мэтт ұсынған агент – Нэнси Карсонға бейнежазбамды жіберді. Бейнежазбада «Shine On, Harvest Moon» әнін орындағанмын. Жұлдызым жанып, ол мені кездесуге Нью-Йоркқа шақырды.

Нэнси үшін Манхэттен орталығындағы ғимараттың жиырмасыншы қабатындағы кеңседе ән айтқаннан кейін біз «Амтракқа» (пойыз) отырып, үйге қарай бет алдық. Таланттар агенттігімен ресми түрде келісімшарт жасастым. Олар мені алды.

Біз Луизианаға оралғаннан кейін көп ұзамай сіңлім Джейми Линн дүниеге келді. Лаура Лин екеуіміз онымен сағаттап ойнайтынбыз, ол құдды біздің қуыршағымыздай болатын.

Анам нәрестемен үйге келген соң бірнеше күннен кейін би жарысына дайындалып жатқанымда біртүрлі жайт болды. Ол костюмнің жыртығын жамап жатты да, кенет лақтырып жіберді. Өзінің не істеп жатқанын білмеген секілді. Костюм, шынын айтқанда, өте нашар болған, бірақ ол маған жарысқа қатысу үшін керек еді.

«Анашым! Костюмімді неге лақтырдың?» – дедім де, кенет қан көрдім. Бүкіл жер қан. Босанған соң іші дұрыс тігілмеген, қансырап жатты. Әкемді шақырып айғайладым. «Не болды? Не болды?» – дей бердім.

Әкем оны ауруханаға алып кетті. Жол бойы: «Анам аман қалуы керек!» – деп айғайлай бердім.

Ол кезде мен тоғызда едім. Анасының қансырап жатқанын көру кімге болса да ауыр тиер, алайда тоғыз жастағы қыз бала үшін тіпті қорқынышты еді. Бұрын-соңды мұндай қанды көрген емеспін.

Біз дәрігерге жеткенде, олар оны екі секундта емдеп тастағандай көрінді. Сөйтсем, босанғаннан кейінгі қан кету

соншалықты сирек жағдай емес екен. Бірақ сол бір жайт жадымда жатталып қалыпты.

Гимнастика сабағында әрқашан анамның терезенің арғы жағында аяқтағанымды күтіп тұрғанын тексеретінмін. Рефлекс секілді, өзімді қауіпсіз сезінуім үшін қажет. Бір күні әдеттегідей терезеден қарағанымда, ол орнында болмады. Бірден қорқып кеттім. Кетіп қалған еді. Ол жоқ еді! Мүмкін, мәңгілікке! Мен жылап жібердім. Тізерлей құладым. Сол кезде мені көрсеңіз, өліп қалды деп ойлайтын едіңіз.

Ұстазым мені жұбату үшін жүгіріп келді де: «Жаным, ол қазір қайтып келеді! Еш нәрсе етпейді! Ол жай Уолмартқа кетіп қалған шығар!» – деді. Сөйтсем, анам, расында, Уолмартқа барыпты. Дегенмен мен өзімді нашар сезіндім. Оның кетіп қалғанын көтере алмадым. Қайтып келгеннен кейін қатты ренжігенімді көріп, сабақ кезінде маған көрінетін жерде тұратын болды. Содан бірнеше жыл бойы анам мені қасынан тастамай жүрді.

Мен үлкен армандары бар кішкентай қыз едім. Мадонна, Долли Партон немесе Уитни Хьюстон сияқты жұлдыз болғым келді. Одан да қарапайым армандарым болған. Оған қол жеткізу тіпті қиын, дауыстап айту тым артық болып көрінетін. Әкемнің ішуді қойғанын қаладым. Анамның айқайлауын тоқтатқанын қаладым. Барлық адамда бәрі жақсы болғанын қаладым.

Отбасымның жағдайы күрт өзгеріп, нашарлап кетуі мүмкін еді. Еш нәрсе істей алмай қалуым мүмкін еді. Менде тек

өз өнерім ғана бар еді. Манхэттендегі конференц-залда армандарымды жүзеге асыра алатын әйелдің алдында тұрғанда ғана әлдененің өз бақылауымда екенін сезетінмін.

Он жасқа толғанда мені «Star Search» жарысына шақырды.

Бірінші шоуда мен Джуди Гарлендтің айтқан «I Don't Care» деген әнін орындадым. 3,75 ұпай алдым. Қарсыламым – опера айтқан қыз 3,5 алды. Сөйтіп, келесі кезеңге өттім. Келесі эпизод сол күні кешке таспаға түсірілді, шашында жылтыры бар, галстук таққан, он екі жастағы Марти Томас есімді баламен шықтым. Біз дос болдық, қойылым алдында бірге баскетбол ойнадық. Мен бір жыл бұрын апайымның тойында айтқан Джаддтың «Love Can Build a Bridge» әнін орындадым.

Ұпай жариялауын күтіп отырғанымызда, жүргізуші Эд МакМахон Марти екеуімізден сахнада сұхбат алды.

«Мен өткен аптада сенің көздеріңнің сондай сүйкімді де әдемі екенін байқадым», – деді ол маған.

«Сенің жігітің бар ма?»

«Жоқ, сэр», – дедім мен.

«Неге жоқ? – деді Эд. – Жігіттердің бәрі дөрекі дейсің бе? Мен ондай емес болсам ше?»

«Енді ол адамға байланысты», – дедім мен.

«Осы жауапты жиі естимін», – деді Эд.

Мен қайтадан 3,75, Марти 4 алды. Күлімдеп, сыпайы түрде құшақтадым, сахнадан кетіп бара жатқанымда Эд маған

сәттілік тіледі. Өзімді сахнадан кеткенше әрең ұстадым, бірақ сахна сыртына бара сала еңіреп сала бердім. Содан кейін анам маған балмұздақ әперді.

Анам екеуіміз Нью-Йоркқа қайта-қайта ұшып келіп жүрдік. Кішкентай кезімде қалада жұмыс істеу қарқыны мен үшін қорқынышты болса да, қызық еді.

Сосын маған Бродвейдегі «Ruthless» мюзикліндегі қосалқы рөлдерді дублер ретінде сомдауға ұсыныс жасады! Тина Денмарк есімді социопат бала жұлдыз рөлін ойнадым. Тинаның алғашқы әні «Born to Entertain» деп аталатын. Бұл әннің мағынасы маған жақын болды. Қасымда бірге дублер болып жұмыс істеген Натали Портман есімді талантты жас актриса болды.

Шоуда ойнап жүргенімде біз – анам, кішкентай Джейми Линн және мен Кәсіби өнер мектебінің жанынан шағын пәтер жалдадық, оған қоса жақын жердегі Бродвей би орталығынан сабақ алдым. Алайда уақытымның көп бөлігін қала орталығындағы өнерпаздар театрында өткіздім.

Бұл маған өз-өзіме театр әлемінде өнер көрсетуге талантым жеткілікті екенін дәлелдеу үшін тәжірибе еді. Ол өте қажырлы, күнделікті еңбекті талап етті. Кәдімгі бала болуға немесе достасуға уақыт болмады, өйткені маған күн сайын жұмыс істеуге тура келді. Жексенбі күндері қатарынан екі шоу болатын.

Оған қоса маған дублер болып жұмыс істеген ұнамайтын. Басты рөлдегі Тинаның орнына шығып қалуым мүм-

кін болғандықтан, күн сайын түн ортасына дейін театрда болуым керек еді. Бірнеше айдан кейін ол кетіп, мен басты рөлді алдым, десе де әбден қажып қалған едім.

Рождество жақындаған кезде үйге қатты барғым келді, сосын Рождество күні де өнер көрсетуім керек екенін білдім. Жылап тұрып, анама: «Мен мұны Рождествода да жасаймын ба?» – дедім. Пәтеріміздегі кішкентай шағын ағашқа қарап, Кентвудтағы қонақ бөлмемізде тұрған үлкен шырша жайлы ойладым.

Бала санаммен неге мұндай құрбандыққа баруым қажет екенін түсінбеген едім. Сондықтан шоууды тастап, үйге қайттым.

Нью-Йорк театрының кестесі мен үшін тым қиын болды. Әйткенмен бәрі бекер өтпеді. Мен онда шағын акустикасы бар театрда ән айтуды үйрендім. Аудитория дәл қасымызда, театрда екі жүз адам ғана болды. Шынымды айтсам, дәл сондай кеңістікте ән айту бөлек әсер береді. Залдағы адамдармен жақын болудың өзі ерекше сезім сыйлайды. Олардың энергиясы маған күш берді. Осы тәжірибеммен «Микки Маус» клубының іріктеуіне қайта қатыстым.

Кентвудтағы «Микки Маус» клубынан хабар күтіп жүріп, Парклеин академиясында баскетболдан қорғаушы да болдым. Небәрі он бір жаста болсам да, әжептәуір ойын ойнай алатынмын. Адамдар мені чирлидер деп ойлап қала беретін. Билейтінім бар, дегенмен өз бойыма қарамастан, ойындарға қатысқым келді. Өзіме тым үлкен «25» нөмірлі жейде бола-

тын. Аланда кішкентай тышқан секілді жүгіріп жүретінмін.

Он бес-он алты жастағы баскетболшыға біраз уақыт ғашық болып жүрдім. Ол әрбір үш ұпайлықты оңай салатын. Оның ойынын көру үшін адамдар алыстан келетін (кезінде әкемді көруге келетіні секілді). Ол жақсы ойыншы еді, әрине, әкем сияқты жақсы емес, дегенмен допты шебер ойнайтын.

Оған және сол жердегі өзімнен биік достарыма таңғалатынымын. Мақсатым дриблингтің ортасында қарсылас ойыншыдан допты ұрлап алып, жүгіріп барып, лэй-ап жасау болатын.

Маған ойын барысында қарсылас топпен араласып кететін кездер ұнайтын. Ойын барысында маған жан бітетін. Құртақандай болғаным сонша, келгенімді де ешкім көрмей қалатын.

Нью-Йорктағы сахнамен бірдей болмаса да, корттағы жарқыраған шамдар астында қошемет күтудің де өз ғанибеті бар еді.

Екінші жолы барғанда «Микки Маус» клубының іріктеуінен өттім. Агент Нэнсиге жіберген кастинг-директор Мэтт дайын екенімді айтты.

Шоуға қатысу ойын-сауық индустриясындағы оқу лагері секілді болды: ұзақ би жаттығулары, ән сабақтары, актерлік шеберлік сабақтары. Дыбыс жазу студиясында көп уақыт өткіздік. Шоуға қатысатын кішкене тышқандар іспеттес киінетін бөлмелерге сай топ-топ болып ұйымдаса бастадық. Кристина Агилера екеуіміз кіші топта едік, біз Никки Делоч есімді басқа қызбен бірге бір киім ауыстыратын бөлмеде болдық. Біз үлкенірек балаларға – Кери Расселге, Райан Гослингке және Тони Луккаға қызыға қарадық, мен үшін олар сондай әдемі болып көрінетін. Сосын мен Джастин Тимберлейк деген баламен тез достасып кеттім.

Біз Орландодағы «Дисней әлемінде» түсірілімге қатыстық, анам ол кезде екі жастағы Джейми Линнмен бірге келген болатын. Күндізгі үзілістерімізде актерлер атқа мініп қыдыратын. Шынымды айтсам, бұл мен сияқты бала үшін өте қызық болды. Дегенмен өте қиын жұмыс еді: әр қимылды мінсіз орындау үшін күніне отыз рет хореографияны қайталайтынбыз.

Ол кездегі жалғыз көңілімді түсірген жағдай түсірілім күніне таяу әжем Лилидің қайтыс болғаны туралы хабар бол-

ды. Жүрек талмасы немесе insult салдарынан болар, жүзіп жүріп, бассейнге батып кетсе керек. Біздің жерлеуге үйге ұшып баруға ақшамыз болмады, дегенмен Джастиннің анасы Линн Харлесс бізге ұшақ билетін алып берді. Бұлай бір-біріне тек отбасы мүшелері ғана жасайтын еді. Иә, сол шоудағы балалар мен ата-аналар бір отбасындай болып кеттік.

Бір күні Тони қыздар бөлмесінде гардеробшы қалдырып кеткен қалпақты іздеп жүріп, біз киім ауыстыратын бөлмеге кіріп келді. Мен оны ұнатып жүрген едім. Біз киім ауыстыратын бөлмеге кіріп келгеніне сене алмадым! Жүрегім кудемнен шығып кете жаздады.

Тағы бір жолы ұйықтар алдында балалармен «Шындық па, әрекет пе?» ойынын ойнадық, сосын біреу Джастинге мені сүюі керек екенін айтты. Ол еңкейіп, мені сүйіп жатқанда Джанет Джексонның әні ойнап тұрған еді.

Сол сәт үшінші сыныпта кітапханада бір баланың қолын алғаш ұстаған сәтті есіме салды. Мен үшін ол жайт, расында, айтарлықтай маңызды еді. Біреу маған бірінші рет көңіл бөлген бір ессіз сәт еді. Кітапханада шамдар өшірулі, біз фильм көріп отырдық, мұғалімдер көрмеуі үшін қолымызды партаның астына тығып едік.

«Микки Маус» клубында болғаным маған керемет тәжірибе болды: теледидарға шықтым. Сол шоуда өнер көрсету шабытымды ашты. Сол кезден бастап ән айтып, би билегім келетінін түсіндім.

Бір жарым жылдан кейін шоу аяқталғанда, көптеген әріп-

тесім өз жолдарын жалғастыру үшін Нью-Йоркқа немесе Лос-Анджелеске кетті. Дегенмен мен Кентвудқа қайтатын болдым. Ішімде екіұдай сезім болды: бір жағынан, арманға апарар жолды жалғастырғым келді, екінші жағынан, Луизианада қалып, қарапайым өмір сүргім келді. Сол кезде бір сәтке қарапайым өмірдің жеңуіне жол бердім.

Парклеинге келіп, отбасыммен мүмкіндігінше кәдімгі жасөспірімдік өмірге оралдым. Сегізінші сыныпта оқып жүрген кезімнен бастап анам екеуіміз Кентвудтан Миссисипи штатындағы Билокси қаласына дейін екі сағаттық жол жүріп, сол жерден дайкири сусынын ішетін едік.

Коктейльдерді «тоддилер» деп атадық. Анаммен анда-санда іше алатынымды жақсы көретінмін. Біздің ішуіміз әкемдікіндей емес еді. Ол ішкенде күйзеліп, тұйықталып қалатын. Ал біз керісінше, бақыттырақ болып, жанымыз кіретін.

Анаммен өткізген ең жақсы уақыттардың бірі әпкеммен бірге жағажайға барған сапарларымыз болатын. Көлікпен келе жатып, аздап «White Russian» ішетін едім. Маған ішімдіктің дәмі балмұздақ сияқты болатын. Үгітілген мұздың, кілегейдің, қанттың және аз мөлшердегі алкогольдің қосындысы маған керемет ләззат сыйлайтын.

Сінлім екеуіміздің суға түсуге арналған костюмдеріміз бен бұйра шаштарымыз бірдей болатын. Қазірде баланың шашын бұйралауға көбі қарсы, бірақ ол кездері балалардың бұйра шашы тым сүйкімді көрінетін. Үш жасында Джейми

Линн әлемдегі ең қылықты, ең сүйкімді бала еді.

Осылай демалатынбыз. Билоксиге барып, ішіп, жағажайға барып, үйге қуанып қайтатынбыз. Көңіліміз, шынымен, көтеріліп қалатын. Айналамдағы, отбасымдағы жайсыз жағдайларға қарамастан, балалық шағым қуанышты сәттерге де толы еді.

Он үш жасымда анаммен ішіп, достарыммен темекі шегетін болдым. Бірінші темекімді бір «жаман» досымның үйінде тарттым. Өзге достарымның бәрі оқымысты болды, десе де бұл досым танымал еді: оның әпкесі жоғары сыныпта оқитын, әрқашан ең жақсы макияж жасайтын, ал жігіттер оның жанынан шықпайтын.

Ол мені сарайға алып шығып, бірінші темекімді ұстатты. Бұл жай темекі болса да, мен өзімді ұшып кеткендей сезіндім. «Мен қазір өлемін бе? Бұл сезім кете ме, кетсе, қашан кетеді?» деп ойлағаным есімде. Алғашқы темекіден аман қалғаннан кейін бірден екіншісін шеккім келді.

Жаман әдеттерімді анамнан барынша жасырып жүрдім, десе де бір күні анамды дүкеннен көлікпен үйге апара жатқанда: «Мен темекінің иісін сезіп тұрмын! Шылым шектің бе?» – деді. Қолымды рөлден тез тартып алды да, иіскеді. Сол кезде мен рөлді басқара алмай қалдым да, көлік жолдан шығып кетті. Бәрі баяу қозғалғандай. Артқа қарасам, Джейми Линн қауіпсіздік белдігінен шығып кетіпті. Айналып бара жатқан кезде: «Біз өлеміз. Біз өлеміз. Біз өлеміз», – дей бердім.

Сосын «Бам!» Көліктің артқы жағы телефон бағанасына соғылды. Бір ғажайып болып, аман қалдық. Егер біз бағанаға көлік тұмсығымен соғылсақ, алдыңғы әйнектен ұшып кетер едік. Анам көліктен секіріп түсіп, маған көлікті соққаным үшін, өтіп жатқан көліктерге және осы бір жайт болғаны үшін ызалы күйде айқайлай бастады.

Қуанышымызға орай, ешкім зардап шеккен жоқ. Үшеуіміз де аман қалдық. Оған қоса анам темекі шеккенім жайлы ұмытып кетті. Темекі шеккенімнен гөрі өлім аузынан қалғанымыз әлдеқайда әсерлі болды. Осыдан кейін ол бұл туралы ешқашан айтқан жоқ.

Бір күні мектептегі алтыншы сыныптағы кейбір ұлдар үзіліс кезінде киім ауыстыратын бөлмеге бірге барып, шылым шегуге шақырды. Қыздардан олар тек мені ғана шақыратын. Одан мен өзімді мектептегі ең күшті қыздай сезінетінмін. Қуанышымызға орай, ұлдардың киім ауыстыратын бөлмесінде екі есік болған, біреуі сыртқа шығады. Түтін шығып кетуі үшін есікті ашып тұратынымыз есімде.

Бұл біздің әдетімізге айналды. Алайда онымыз көпке созылмады. Біраз уақыттан кейін мен балаларсыз, өз бетімше шегіп көргім келді. Бұл жолы ең жақын құрбым екеуіміз қыздардың киінетін бөлмесіне темекі шегуге бардық, бірақ ол бөлмеде бір ғана есік бар еді. Ақырында қылмыс үстінде

ұсталып, директордың кабинетіне жөнелтілдік.

«Сендер шылым шектіндер ме?» – деп сұрады директор.

«Жоқ!» – дедім. Досым көрсетпей, қолымды қатты шымшып қалды. Директордың маған сенбейтініне сенімді болған едім, бірақ күтпеген жерден жай ескерту алып құтылды.

Кейінірек досым: «Құдайдың атымен ант етемін, Бритни, сен өмірімде көрген ең сұмдық өтірікшісің. Келесі жолы мен сөйлесейінші, өтініш».

Ол жасымда ішімдік ішіп, темекі шегіп қана қоймадым. Ұлдармен де ертерек байланыса бастадым. Мен үнемі «жаман» досымның үйінде жүретін жігіттердің біріне қатты ғашық болдым. Он сегіз-он тоғыз жаста еді, оның ұлға ұқсайтын құрбысы болатын. Біздің мектептегі сол жұп кәдімгідей бірге жүрді. Бала маған қараса екен дейтін едім, алайда мен одан бес жас кіші болғандықтан, көп үміттенбедім.

Бір күні түнде «жаман» досымның үйінде ұйықтап қалдым. Түнгі үштер шамасы болса керек, ешқандай ескертпестен, мен ғашық болып жүрген жігіт түн ортасында үйге жасырын кіріп келді. Мен диванда ұйықтап жатқан едім, оның қасымда отырғанын көріп, ояндым. Сосын мені сүйе бастады, содан кейін біз диванда сүйісіп кеттік.

Не болып жатыр деген ой болды. Бұл қандай да бір сенсация болды, құдды бір оны сиқырлағандай едім! Сүйгенімнің күтпеген жерден пайда болып, менімен сүйісе кеткеніне сене алмадым. Оған қоса бәрі тәтті. Ол бар болғаны мені сүйді. Басқа ештеңе жасауға тырыспады.

Сол жылы ағамның қасындағы жігіттердің көбі маған ұнады. Бала кезінде Брайан көңілшек, біртүрлі бала болды. Бірақ жоғары сыныпқа келгенде күшті болып кетті, мектеп патшасындай еді.

Ол жоғарғы сыныпта оқып жүргенде мен оның ең жақын досымен жүріп, онымен пәктігімнен айырылдым.

Мен тоғызыншы сыныптамын, ал жігіт он жетіде еді. Онымен қарым-қатынасым көп уақыт алды. Мектепке жетіде барамын, алайда түскі ас кезінде кетіп, түстен кейінгі уақытта онымен бірге боламын. Содан кейін ол мені сабақ бітетін уақытта қайта әкеліп тастайтын. Еш нәрсе болмағандай бейкүнә күйде автобуска отырып, үйге қайтатын едім.

Ақырында анама мектеп кеңсесінен телефон соқты. Он жеті күн сабаққа қатыспадым, оларды өтеуіме тура келді.

Анам: «Мұны қалай істедің? Қалай ғана кетіп қалдың?»

«Өзім қол қойып жүрдім», – дедім.

Әлгі жігіт екеуіміздің жас айырмашылығымыз өте үлкен болды, әрине, қазір бұл шектен шығу секілді, сондықтан маған үнемі қамқор болатын ағам оны жек көре бастады. Брайан мені досына бару үшін жасырынып қашып баратқан жерімнен ұстап алып, бәрін ата-анамызға айтты. Жаза ретінде күні бойы маңайдағы қоқыстарды тазалауыма тура келді. Брайан соңымнан жүріп, жылап жүріп қоқыс жинаған мені суретке түсіретін.

Осындай сәттерді былай қойғанда, өмірімнің сол кезеңдері маған өте әдемі де қалыпты нәрседей көрінетін: мектеп

бітіру кешіне бару, кішкентай қаламызды аралау, киноға бару.

Бірақ, шынына келгенде, сахнаны сағындым. Анам іріктеуде танысқан заңгер Ларри Рудольф есімді адаммен байланыста болды. Анам ол кісіге кейде іскерлік кеңес алу үшін телефон соғатын. Ол маған ән айтып тұрған бейнежазбаларымды жіберіп, кейін демо жаздыртуды ұсынды. Тони Брэкстонның өзінің екінші альбомына жазған «Today» деп аталатын әні бар еді. Маған әнді жіберді, мен жаттап алдым да, бізден бір жарым сағаттық жердегі Жаңа Орлеандағы студияда жаздым. Осы ән жазбасы кейін лейблдарға шақырту алу үшін жіберетін жазбама айналды.

Шамамен сол уақытта Джастин мен тағы бір жас бала Джей Си Чейз бірге жаңадан құрылып жатқан «NSYNC» деп аталатын жаңа балалар тобында болды. Менімен бір шоуда болған тағы бір қыз Никки қыздар тобына қосылды, алайда мен анаммен ақылдасқаннан кейін топ мүшесі болудың орнына жалғыз боламын деп шештік.

Ларри Нью-Йорктағы бастықтарға демомды тыңдатқаннан кейін олар шамамды сынап көргісі келетінін айтты. Сөйтіп, кішкентай тақалы туфли мен сүйкімді көйлегімді киіп, Нью-Йоркқа қайта оралдым. Осылай кәдімгі жасөспірім баланың өміріне қайта оралуға деген ұмтылысым аяқталды, өйткені одан да көп нәрсені қалаған едім.

Оны көргендегі алғашқы ойым: «Бұл не қылған адам?» Ештеңе білмесем де, офисі мен асыраған иті ұнады. Жасы келген, аласа бойлы кісі болса да, энергиясы сезіліп тұратын. Оның жас шамасын алпыс бесте деп болжадым (елуде екен).

Ларри маған бұл кісінің Клайв Колдер есімді маңызды адам екенін айтты. Мен оның несімен маңызды екенін білмедім. Егер оның «Jive Records»-тың негізін қалаған кісі екенін білсем, танысқан кезде қобалжитын едім. Оның орнына ол маған алғаш көргеннен ұнады.

Оның үрей тудыратын үш қабатты кеңсесі болды. Кеңседе оған қоса кішкене ғана терьер иті болды (мен ондай ит бар екенін білмеппін де), өзі сондай сүйкімді еді. Әлгі даңғарадай кеңсе мен итті көргенде өзімді параллель ғаламда тұрғандай сезіндім. Маған бәрі жаңаша болып көрінді. Таңғажайып түс сияқты.

«Сәлем, Бритни! – деді ол, дауысынан орасан құлшыныс сезіліп. – Қалың қалай?»

Ол өзін қандай да бір қуатты құпия ұйымның мүшесі секілді ұстады. Оңтүстік африкалық акцентін естігенде маған ескі фильмдегі кейіпкер сияқты көрінді. Шынайы өмірде ешкімнің бұлай сөйлегенін естіген емеспін.

Итін ұстап көруге рұқсат берді. Кішкентай жануарды қолыма алып, кеңсеге, жан-жағыма қарап, амалсыз жымия бер-

дім. Сол сәтте армандарым бастау алатынын білдім бе...

Мен әлі демодан басқа ештеңе жазған жоқ едім. Тек Ларри мені кездесуге жіберген адамдарға барып жүрдім. Ән жазатын компания басшыларына ән айтуым керек екенін білдім. Әлгі кісінің қасында қалғым келгенін түсіндім, ол не қалайтынымды білетіндей еді. Өткен өмірде ағам болса, еш таңғалмас едім. Мен оның жақын танысым болғанын қаладым.

Күлгені де ерекше болды. Ақылды, ойшыл, дана. Ол адамның бір беймәлім күлкісі бар еді. Онымен бірге өзімді өте қуанышты сезіндім әрі Нью-Йоркқа осындай адамды көру үшін келсем, мұным бекер болмағанын да білдім.

Ларри мені қалада біраз жерге апарды да, басшыларға толы бөлмелерге кіріп, Уитни Хьюстонның «I Have Nothing» әнін айтып бердім. Мені бас-аяғыма дейін зерттеп қарап отырған костюм киген еркектерге толы бөлмеде өзімнің шағын көйлегім мен биік тақалы туфлиіммен дауыстап тұрып ән салдым.

Клайв мені бірден алды. Осылайша, он бес жасымда «Jive Records»-пен келісімшартқа отырдым.

Анам Кентвудта екінші сыныпқа сабақ беретін, ал Джейми Линн кішкентай еді, сондықтан біздің отбасылық досымыз Фелиция Кулоттадан (мен оны «мисс Фе» деп атайтынмын) менімен бірге жүруін өтіндік.

Лейбл мені бірден студияға шақырды. Олар Фе екеуімізді Нью-Йорктағы пәтерге орналастырды. Біз күн сайын Нью-

Джерсиге барып, мен эн жазатын будкаға кіріп, Уитни Хьюстонмен бірге жұмыс істеген продюсер, эн жазушы Эрик Фостер Уайтқа эн айтатын едім.

Шынымды айтсам, ештеңе аңғармадым. Эн айтқанды және билегенді жақсы көретінімді білдім, сондықтан қай Құдай жолымды ашса да, соған шүкіршілік еттім. Өзіме ұсынылған мүмкіндіктің бәріне дайын болдым. Не болғанын білмеймін, алайда Құдай өзі сәтін салды да, Нью-Джерсиде эн жазып жүрдім.

Мен эн айтатын будка жер астында еді. Оның ішінде болғанда өз дауысыңнан басқа ештеңе естілмейді. Мен сол будкадан шықпай, айлап дауыс жаздым.

Тоқтаусыз жұмыс істегеннен кейін біреудің үйіне барбекюге бардым. Ол кезде өте қылықты едім, әрқашан көйлек пен тақалы туфли киіп жүретінмін. Адамдармен сөйлесіп, жақсы әсер қалдыруға тырысып жүрдім. Бір күні қонақта Фелициямен бірге балконға шыққым келді. Балконға баратын жолда әйнек есік барын білмеппін. Тура сол есікке соғылып, кері құлап түстім. Бәрі бұрылып, мұрнымды ұстап тұрған мені көрді.

Сол кезде қалай ұялғанымды білсеңіздер, орнымнан тұрғанда біреу: «Ол жерде әйнек есік бар ғой», – деді.

«Иә, білемін, рақмет», – дедім мен.

Әрине, бәрі маған қарап, күлді.

Сондай қатты ұялдым. Эн жазып жүрген бірінші жылымдағы басымнан өткен оқиғалардың ішінде бұл ең жарқын

естеліктерімнің бірі болған шығар. Ол жайттың болғанына жиырма бес жылдан асса да, маған қатты әсер етті! Бірақ шынымды айтсам, есеңгіреп қалған секілдімін, өйткені ол жерде әйнек бар екенін білмедім ғой. Будкаға қамалып, тым ұзақ уақыт бойы ән жазғаннан болар.

Нью-Джерсиде жүргеніме бір жылдай уақыт өткенде алғашқы альбомым дайын бола бастады. Кенет басшылардың бірі маған: «Саған Швециядан келген продюсермен жолығу керек. Ол, расында, керемет әндер жазады», – деді. «Жарайды, – дедім мен. – Ол кіммен жұмыс істеді?» Мұндай сұрақтар қоюды қайдан үйренгенімді білмеймін, өйткені ол кезде бұл ортада аса тәжірибем жоқ болатын, десе де мен өзіме не қажет екенін, дауысымның қандай болуын қалағанымды нақты білген секілдімін. Аздап іздендім де, оның «Backstreet Boys» тобы, Робин, Брайан Адамс үшін ән жазғанын білдім.

«Жарайды, істеп көрейік», – дедім. Макс Мартин Нью-Йоркқа ұшып келді де, кешкі ас кезінде кездестік, лейблдағы бөтен адамдарсыз тек екеуіміз ғанамыз. Жасым кіші болғандықтан, кездесулерге әдетте орныма басқа жауапты адамдарды жіберетін. Алайда бұл жолы олар өзіме кездесуге рұқсат берді. Отырған кезде даяшы келіп: «Қандай көмегім қажет?» – деді.

Сосын кеш басталмай жатып, ойламаған жерден май шам құлап кетті де, үстел отқа оранды.

Нью-Йорк қаласындағы ең қымбат мейрамханалардың

бірінде отырған біздің дастарқанымыз лапылдап жана бастады.

Макс екеуіміз бір-бірімізге шошып қарадық. «Қазір кетпесек, болмас», – деді ол.

Керемет жан екен. Сөйтіп, бірге жұмыс істей бастадық.

Швецияға ән жазу үшін ұшып жүрсем де, Нью-Джерси мен ол жердің айырмашылығын сезіне алмадым: мен үшін дауыс жазатын кабинаның іші ғана өзгерді.

Фелиция кіріп: «Саған кофе керек пе? Жүр, демалайық!» – дейтін. Мен оның ұсыныстарынан бас тартатынмын. Бірнеше сағат бойы жұмыс істейтінмін. Жұмыс істеу әдебім күшті болды, студиядан шықпайтынмын. Сол кезде танысым болсаңыз, мені жоғалтып алғандай болар едіңіз. Студияда ұзағырақ қалғым келетін. Егер біреу кеткісі келсе, мен «әлі дұрыс шықпады» дер едім. Біз «...Baby One More Time» әнін жазардан бір түн бұрын «Soft Cell» тобының «Tainted Love» әнін тыңдап, ғашық болдым.

Түнімен ояу жүріп, студияға әдейі шаршаңқы болып бардым, содан дауысым өзгеше шықты. Дауысым өзімнің көңілімнен шықты. Ән айтқан кезімде әлдеқайда ересек және сексуалды болып көрінетіндей діріл қосылды. Дауысым бабына келгенін түсінгеннен кейін әнге барынша назар аудардым. Макс мені тыңдап тұрды.

Дауысыма поптан гөрі көбірек «R&B» қосқым келетінін айтқанымда, ол не айтқым келгенін түсініп, ойымды бірден жүзеге асырды. Содан кейін бүкіл ән жазылып болған кезде

біреу: «Басқа не істей аласың? Енді билегің келмей ме?» – деді.

Мен: «Билегім келе ме дейсіз бе? Әрине, билегім келеді!»

Лейбл «...Baby One More Time» әнінің бейнебаянын футуристік стильде, ғарыш концепциясымен жасауды ұсынды. Ол жерде түрім «Power Ranger»-ге ұқсап тұрды. Маған олардың ұсынған идеясы ұнамады, тыңдармандарымның да көңілінен шықпайтынын сездім. Лейблдағы басшыларға өз ойымды айттым. Ол жерде мен және достарым мектепте қоңыраудың соғылғанын күтіп, ішіміз пысып отырады, артынан қоңырау соғыла сала бәріміз билей бастаймыз.

Бейнебаянға би дайындаған хореограф, расында, өз ісінің маманы болды. Оған қоса бишілердің көпшілігінің Нью-Йорк қаласынан болғаны да көмектесті. Америкадағы поп-би әлемі екіге бөлінеді: Лос-Анджелес және Нью-Йорк. Көбі Лос-Анджелестің бишілерін мақтайды. Ешкімді шеттеткім келмейді, алайда маған Нью-Йорк бишілері көбірек ұнайтын. Маған олар билегенде жанын салып билейтіндей көрінетін. Біз «Broadway Dance Center»-де жаттығу жасайтынбыз, ол жерде бала кезімде сабақ алғандықтан, маған барынша ыңғайлы болды.

«Jive Records»-тың директоры Барри Уайсс студияға келгенде, оған бірден ұнадым. Сол сәтте оған өзімнің бар қабілетімді көрсеттім.

Бейнебаян режиссері Найджел Дик болса идеяларымды қабылдай білді. Бейнебаянда мектеп қоңырауы мен биден

бөлек, онда әдемі балалардың болуын да қаладым. Оған қоса бишілермен бірге мектеп формасын кисек, барынша әсерлі болатынын ойладым, ал көшедегі биге еркін киім киюді ұсындым. Біз тіпті әпкем мисс Фені бейнебаяндағы мұғалім етіп сайладық. Әпкемді көзілдірік таққан ұрысқақ мұғалім бейнесінде көру маған шынымен күлкілі көрінді.

Бейнебаян түсіру бірінші альбомды жасаудың ең қызықты бөлігі болды.

Өмірімдегі музыкаға деген құмарымның қатты артқаны да сол кез болса керек. Мені ешкім танымағандықтан, жоғалтарым да аса көп емес еді. Бейтаныс болудың үлкен еркіндік сыйлайтынын енді ғана түсінгендеймін. Бұрын-соңды көрмеген қалың жұртқа қарап, «сендер кім екенімді әлі білмейсіңдер» деп қарай алатынмын. Қателік жасаудан қорықпау маған еркіндік сыйлайтын еді.

Мен үшін өнер көрсету түр жасап, күліп тұру емес еді. Сахнада мен алаңда өнер көрсетіп жатқан баскетболшы сияқты болдым: допты да, көшені де сезетінмін. Жүрек жұтқан батыр болдым. Қай сәтте тәуекелге бару керектігін білдім.

Жазда лейбл мені кішігірім турға жіберді, онда түрлі сауда орталықтарында ән айтып жүрдім. Маған ол жерлерде өнер көрсету аса қызық бола қойған жоқ. Кім екенімді әлі ешкім білмеді. Осылайша, қызығушылық танытпайтын адамдарға өнер көрсетуге мәжбүр болдым.

Ол кезде халықтың алдында өзімді қалай ұстау керекті-

гін аса білмедім, оған қоса әлі жас болдым. Жай ғана: «Әй, сәлем! Әнім өте жақсы! Тындап көріңіздер!» – дейтінмін.

Бейнебаян шыққанға дейін түрімді көп адам білмейтін. Дегенмен қыркүйектің аяғында ән радиода болды. 1998 жылы 23 қазанда «...Baby One More Time» әні шыққанда мен он алты жаста едім. Келесі айда бейнебаян премьерасы болды да, мені кенет қай жерде жүрсем де, тани бастады. 1999 жылы 12 қаңтарда альбом шығып, он миллионнан астам данамен өте тез сатылды. АҚШ-тағы «Billboard» 200 тізімінде бірінші орынға шықтым. Сингл және альбомымен қатарынан бірінші орынға көтеріліп, дебют жасаған алғашқы әйел болдым. Сондай бақытты едім. Өмір есігін аша бастағанын сездім. Енді сауда орталықтарында өнер көрсетудің қажеті болмады.

Жағдай күрт өзгерді. Мен «NSYNC»-пен бірге гастрольдік сапарға шығатын болдым, оның ішінде «Микки Маус» клубындағы ескі досым Джастин Тимберлейк те бар еді. Мен әрқашан бишілеріммен немесе Фелициямен немесе екі менаджерімнің бірі Ларри Рудольфпен не Джонни Райтпен бірге болатынмын. Үлкен Роб есімді күзетшіні жалдадым, ол маған өте жақсы қарайтын.

«MTV»-дің «Total Request Live» бағдарламасының тұрақты қонағы атандым. «Rolling Stone» журналы Дэвид Лашапельді Луизианаға сәуір айындағы «Inside the Heart, Mind & Bedroom of a Teen Dream» атты нөмірінің мұқабасына мені түсіру үшін жіберді. Журнал шыққан кезде іш-

киіммен «Teletubby» ұстап тұрған мұқабадағы суретім тым жас екенімді әшкерелеп, біраз дау тудырды. Сол кезде анамның уайымына қарамастан, мен Дэвид Лашапельмен қайтадан жұмыс істегім келетінін білдім.

Әр күн мен үшін жаңа қадам болатын. Көптеген қызық адамдармен кездестім! «Baby» әні шыққан кезде мен Нью-Йорктағы кеште әнші, ән жазушы Паула Коулды кездестірдім. Ол менен он төрт жас үлкен болатын. Мен ол кісіге қатты еліктейтінмін, оның сырт келбетінің өзі маған сол кездері сондай тартымды көрінетін еді. Денесі шағын болса да, қоңыр, бұйра шаштарымен сондай әдемі көрінетін. Кім екенін білмесем де, керемет келбеті мен энергиясы бар екенін түсіндім.

Арада жылдар өткен соң оның мен жақсы көретін әндердің орындаушысы екенін білдім. Оның дауысын алғаш естігенде, оның сыртқы келбетіне қарап, мүлдем басқаша дауыс күттім. Ол «Feelin' Love» әнінің ұятсыз сөздерін періштедей түрімен айтқанда немесе өзі кішкене бола тұра, «I Don't Want to Wait» әнін орасан күшпен айтқанда, әйелдердің тосын қыр көрсету арқылы қандай әсерлі бола алатынын ұқтым.

Джастин Тимберлейк екеуіміз «Микки Маус» клубынан кейін де араласып тұрдық, «NSYNC» турында да бірге жақсы уақыт өткіздік. Екеуіміз де ерте жастан сахнаға шыққандықтан, тез тіл табысып кеттік. Біз тур кезіндегі шоулардан кейін немесе шоуларға дейін жолығып жүрдік. Көп ұзамай оған қатты ғашық екенімді түсіндім, ғашық болғаным соншалық, халім аянышты еді.

Екеуіміз бір жерде өнер көрсеткенде екеуіміздің ажырамайтынымыз сондай, оның анасы екеуімізді магнитке теңейтін. Біз бірден бір-бірімізді тауып алып, бірге боламыз. Екеуіміздің бірге жүруіміздің себебі де түсініксіз еді. Шынымды айтсам, біздің ғашықтық қарым-қатынасымыз біртүрлі болды. «NSYNC» тобын сол кездері жұрт «so pimp» (сутенерлер) деп атайтын. Менің ойымша, «Backstreet Boys»-тың олардан айырмашылығы да осында еді. Олар хип-хопты ұнататын ақ нәсілді балалар еді.

«Backstreet Boys» өздерін қара нәсілді өнер адамдары ретінде ұсынбады. Ал «NSYNC» болса қара нәсілді әртістердің айналасында болды, кейде тіпті тым қатты олардың ортасына сіңісуге тырысқан секілді. Бір күні Джей екеуіміз Нью-Йорктағы бұрын ешқашан бармаған жерімізге бардық. Біздің алдымыздан үлкен медаль тағып алған жігіт келе жатты. Оның қасында екі алып күзетшісі болды.

Джей кенет қатты дауыстап: «Иее, фо шиз, фо шиз!

Джинуааайн! Не жаңалық, досым?» – деді.

Джинуайн кетіп қалған соң, Фелиция Джейді мазақтады:

«О, иэ, фо шиз, фо шиз! Джинуааайн!»

Джей міз баққан жоқ. Оған ол керісінше әсер етті.

Сол кезде өзіне үлкен Т әрпі бар алғашқы алқасын алған болатын.

Т әрпі Тимберлейкті білдіретін.

Маған ол сияқты алаңсыз жүру қиын болды. Ток-шоу жүргізушілерінің оған қоятын сұрақтары маған қоятын сұрақтардан басқаша екенін байқадым. Бәрі омырауым жайлы оғаш пікірлер айтып, пластикалық ота жасалған жоқ па деп сұрайтын.

Баспасөзбен жұмыс істеу ыңғайсыздық тудырғанымен, марапаттау рәсімдерінде өзімді шын қуанышты сезіндім. Ішімдегі бала «MTV Video Music Awards» марапатында алғаш рет «Aerosmith» тобындағы Стивен Тайлерді көргенде қатты толқып кетті. Ол кешірек келді. Үстінде сиқыршының шапанына ұқсайтын ғажайып киім үлгісі болды. Мен аһ ұрдым. Оны өз көзіммен көрім тұрғаныма сене алмадым. Марапатқа көп ұзамай Ленни Кравиц те келді. Қайда қарасам да, айналамда аңызға айналған атақты адамдар қоршап тұрды.

Әлемді шарлап жүріп Мадоннаны кездестіре бастадым. Германия мен Италияда өнер көрсеттім, сосын Мадонна екеуіміз Еуропадағы шараларға бірге қатысып жүрдік. Бір-бірі-

мізбен дос секілді амандасатын едік.

Марапаттау кештерінің бірінде Мэрайя Кэридің киім ауыстыратын бөлмесінің есігін қақтым. Ол есік ашқанда таңғажайып жарық төгілді. Қазір бәрімізде шеңбер шамдар бар. Жиырма жыл бұрын шеңбер шамдар туралы тек Мэрайя Кэри ғана білетін. Иә, мен оны жай ғана Мэрайя деп айта алмаймын. Мен үшін ол әрқашан Мэрайя Кэри болып қала береді.

Одан бірге суретке түсуін өтінгенімде: «Мұнда тұр, қымбаттым. Бұл – менің жарығым. Бұл – әдемі жағым. Былай тұр, қызым, өзімнің әдемі жағыммен түсейін. – дейтін өзінің қоңыр дауысымен. – Әдемі жағым – осы, қызым. Әдемі жағым».

Мен Мэрайя Кэридің айтқанының бәрін орындадым, суретке де түстік. Әрине, ол бәрін дұрыс айтты: сурет керемет шықты. Мен сол кеште жүлде алғанмын, бірақ Мэрайя Кэримен түскен тамаша сурет нағыз жүлде болды.

Сол кезден мен рекорд жаңартып, әлемдегі әндері ең көп сатылатын әншіге айналдым. Адамдар мені поп әлемінің ханшайымы деп атайтын болды.

2000 «VMA»-да мен «Rolling Stones» тобының «(I Can't Get No) Satisfaction» әнін костюммен, содан кейін «Oops! I Did It Again» әнін тар шалбар мен қысқа бикини топ киіп, ұзын шашымды жайып шырқадым. Әндердің биін Уэйд Робсон ұйымдастырды, ол әрқашан мені мықты әрі нәзік етіп көрсете білетін. Тордағы би кезінде мен агрессив қойылым-

ның ортасында қызға тән нәзік қимылдар көрсеттім.

Кейін «MTV» мені монитордың алдына отырғызып, Таймс-сквердегі бейтаныс адамдардың өнерім туралы пікірлерін көрсетті. Әнім жақсы шыққанына қарамастан, көпшілігі тым қысқа киімімді сынап, жастарға жаман үлгі болатынын айтты, десе де арасында жақсы пікір білдіргендер де болды.

Камералардың бәрі сол сәтте маған қаратылып, әлгі пікірлерді естігендегі реакциямды түсіріп алғысы келді. Олар мені жылап қалады деп күтті. Өзімді әлдене бүлдіріп қойғандай сезіндім. Мен жай ғана марапаттау кешінде биімді билеп, өнер көрсеттім. Ешқашан өзімді үлгі тұтатын адам ретінде ұсынбаған едім. Бар болғаны ән айтып, би билегім келді.

Алайда «MTV» шоуының жүргізушісі мені қыспалай берді. Ол менен Американың жастарын бұзып жатқаным жайлы пікір алғысы келді.

Соңында мен: «Жауаптары жақсы болды... Алайда мен ол балалардың ата-анасы емеспін. Жай ғана өзім болып қалуым керек. Бәріне ұнауым мүмкін еместігін білемін», – дедім.

Сол жағдай мені біраз уайымдатты және бірнеше жылға созылуы мүмкін даудың болатынын алғаш таныған кезім. Ойын-сауық шоуларына қатысқан сайын мені «шынайы емес» деп кінәлайтын адам табылып отырды.

Әлгі сыншылардың менен не талап ететінін ақыры түсініп болмадым. Мен қол қойғанда әлі жүрекше салатын

оңтүстіктен келген жас қыз едім. Маған сүйкімді көрінген ұнайтын. Жасыма қарамастан, неге барлығы менен қауіптенетінін түсінбедім.

Сол кездері аудиториядағы жасы үлкен ер адамдардың маған тесіліп қарайтынын байқай бастадым, мен олардың қиялындағы Лолита сынды болдым. Олар бойымнан сұлулық пен талантты қатар көре алмайтындай көрінді. Егер тартымды болсам, онда топас болуым керек секілді. Егер сүйкімді болсам, талантты бола алмайтындаймын.

Әттең, сол кезде Долли Партонның мына сөздерін естімеген екенмін: «Маған аққұба қыздардың ақымақтығы жайлы әзілдер әсер етпейді, себебі мен ақымақ емеспін, оған қоса аққұба да емеспін». Шашымның өз түсі қара болатын.

Жүрегімді сыннан қорғап, маңызды іске ден қою үшін мен Нил Дональд Уолштың «Құдаймен әңгімелесу» сияқты діни кітаптарын оқи бастадым. Оған қоса Прозак (антидепрессант) іше бастадым.

Дәл сол кездері «Oops! I Did It Again» әні шықты, атағым шығып, мансабым көтеріле бастады. Анама үй алып беріп, әкемнің қарыздарын жаптым. Олардың жағдайын жасап бергім келді.

Жаттығуға уақыт мүлдем аз, дайындық жасауға бір апта ғана қалды. 2001 жылы «Super Bowl»-дың үзіліс шоуында «Aerosmith»-пен, Мэри Джей Блайджбен, Неллимен және «NSYNC»-пен бірге өнер көрсететін болдым. Джастин мен оның тобында арнайы ұшқын шығаратын қолғаптары болды! Мен «Walk This Way» әнін сексуалды футбол формасын: жылтыр күміс түсті шалбар, үстіме қысқа жейде және бір қолыма спорттық қолғап киіп орындадым. Шоу басталардың алдында мені Стивен Тайлердің трейлеріне апарды. Оның энергетикасының күшті болғаны соншалық, оны пір тұттым. Біз әнді аяқтаған кезде стадион отшашу атып, жарқырап кетті.

«Super Bowl»-дың үзіліс шоуы мен үшін қуанышы таусылмастай көрінетін шаралардың бірі еді. «Forbes» журналының ең атақты адамдар тізімінде «ең күшті әйел» орнын, келесі жылы жалпы есепте бірінші орынды алған едім. Таблоидтардың суреттерімнен пайда тапқаны соншалық, кейбір журналдар менің арқамда ғана аман қалды. Оған қоса керемет ұсыныстар да түсе бастады.

2001 жылы қыркүйекте өткен «MTV Video Music Awards» салтанатында мен «I'm a Slave 4 U» әнін сахнада тірі жыланмен орындайтын болдым. Бұл «VMA» тарихындағы аса ерекше сәт болды, бірақ ол мен ойлағаннан да қорқынышты

болды.

Мен жыланды алғаш рет Манхэттендегі Метрополитен Опера театрының артқы бөлмесіне әкелген кезде көрген болатынымын. Жыланды маған әкелген қыз менен де кішкентай, өте жас көрінді. Дәу жыланды кіп-кішкентай қыздардың қолына тапсырып қойғанына таңғалдым. Басқа үлкендеу адам табылмады ма деп ойладым. Амал бар ма, шегінерге жол жоқ. Әлгі қыз алып жыланды мойнымнан асырып қолыма берді. Шынымды айтсам, үлкен сап-сары жыланнан аздап қорықтым. Уайымдауға себеп жоқ, өйткені жыланның иесі мен көмекшілері қасымда болды.

Алайда шын жыланмен сахнаға шығар кезде жағдай күрт өзгеріп кетті. Сахнада мүлдем бөлек күй кешемін, үстімде костюм болады, оған қоса ол жерде менен басқа ешкім жоқ. Сөйтіп, әлгі қыз келіп, үлкен жыланды қолыма ұстата салғанда, жыланға басымды бұрып қарай да алмадым, оның көзіне тура қарап, жан тапсыратындай болдым.

Ішімнен өзіме «тек ән айтып, билеуді тоқтатпа» деумен болдым. Ән айтып жатқанда кенет әлгі жылан басын дәл бетіме көтеріп, ысылдай бастағанын көп адам білмеді. Телесидардан ол сәтті көрсетпеді. Алайда сол жерде мынаның дені сау ма деп ойладым. Құрып кеткір жыланның тілі тура көз алдымда, дәл бетіме қарап, ысылдап тұрды. Ақыры, құдайға шүкір деп, жыланды иесіне қайтарып бердім.

Келесі түні, 11 қыркүйекке санаулы күн қалғанда Нью-Йорк қаласындағы Мэдисон-сквер-гарден аренасында Май-

кл Джексонмен оның әртістік жолының отыз жылдығын тойлау үшін «The Way You Make Me Feel» әнін дуэтпен орындадым. Биік өкшемен сахнаны ары-бері кезіп шықтым. Көрермендер есінен танардай болды. Сол сәтте бізбен бірге жиырма мың халық қосылып ән айтып жатқандай көрінді.

Pepsi мені өздерінің жарнамасына түсуге шақырды. «The Joy of Pepsi» жарнамасында тамақ таситын жүргізуші болып, кейін биледім. «Now and Then»-де түрлі дәуірдің киімдерін киіп түстім. Сексенінші жылдарға қатысты бейнебаянда Роберт Палмердің «Simply Irresistible» әнінің бір нұсқасын жасадым. Төрт сағат бойы макияжда болсам да, мені ер адамға ұқсата алмады. Елуінші жылдарға келгенде маған көлік тұрағында билеген ұнады. Шашым Бетти Буп стилінде болды. Түрлі жанрлардағы бейнебаяндарға түсу барысында жарнамалардың сондай керемет түсірілгендігіне таңғалдым.

Мен түскен алғашқы фильм Шонда Раймс жазған және Тамра Дэвис режиссері болған «Crossroads» (Тоғысқан жолдар) фильмі болды. Біз оны 2001 жылдың наурыз айында «Бритни» альбомын жазып жатқан кезде түсірген болатынбыз. Фильмде мен Люси Вагнер есімді сүйкімді қыздың рөлін ойнадым. Фильмге түсу маған оңай болған жоқ. Маған киноға түскен кезде өзге адамдармен араласу еш

қиын болған жоқ, фильмге түсу санама ауыр әсер қалдырғандай болды. Менің ойымша, ойнап үйренгеніммен, кейін кейіпкерімнен қалай шығу керектігін білмедім. Шынымен де, басқа адамға айналдым. Кейбір адамдар методикалық әдіспен ойнағанымен, әдетте өздерінің фильмде ойнап жатқанынан хабардар еді. Ал маған өзімді өзім сомдайтын кейіпкерімнен ажыратып алу қиынға түсті.

Айтуға бәлкім ұят шығар, бірақ үстімнен бір түсініксіз бұлт басқандай болды да, кенет Люси атты қызға айналдым. Камера қосылғанда Люси болып кетемін, алайда камера өшкеннен кейін өзімнің кім екенімді ажырату қиынға соғатын. Бұл ақымақтық болып көрінгенімен, шын. Өз рөліме тым үлкен жауапкершілікпен қарадым. Осы рөлмен ауырғаным соншалық, бір күні Джастин менен: «Сенің жүрісің неге өзгеріп кеткен? Кімге айналып кеткенсің?» – деп сұрады.

Бар айтарым, Люси әлі әйел бола қоймаған, бірақ өзін жас қыз ретінде сезінбейтін, өлең жазатын.

Ақырында мен өзімді басқаша ұстап, басқаша жүріп, сөйлей бастадым. «Crossroads» фильмі түсіріліп жатқан кезде бірнеше айға басқа адамға айналып кеттім. Менің ойымша, сол кезде түсірілім алаңында менімен бірге болған қыздардың мені кішкене біртүрлі деп ойлап қалғанына сенімдімін. Олардың солай ойлауына себеп те жоқ емес еді.

Мен өз кейіпкерім секілді кішкентай қыз болатынмын. Фильмде өзімді сомдауым қажет еді. Алайда жақсы жұмыс істеуге ынталы болғаным сонша, өз кейіпкерімді тереңірек

тануға тырыстым. Өмір бойы өзім болып келдім, сондықтан болар, жаңа бір істі көргім келді! Өз-өзіме бұл жасөспірімдерге арналған фильм деп айтуым керек еді. Ол соншалықты терең фильм емес. Шынын айтқанда, жақсы уақыт өткіздім.

Фильм аяқталғаннан кейін маған Лос-Анджелестегі бір құрбыларым келді. Бірге «CVS»-ке бардық. Ант етейін, дүкен аралап, құрбыларыммен сөйлесе бастаған сәттен-ақ қайтадан өз-өзіме келіп, фильмнің әсерінен айықтым. Шынымен, біртүрлі кезең болды. Кішкентай рухым денеме қайта оралды. Құрбыларыммен бірге косметикалық бұйымдар алуға барғанымыз маған сиқыр сынды әсер етті. Артынша ашуым келді.

Соңғы бірнеше ай бойы өз болмысымнан ажырап қалғанымды түсіндім. Мен кім болдым?

Осылайша, актерлік мансабым басталмай жатып аяқталды. Атақты «The Notebook» фильмінің кастингінен Рэйчел Макадамс екеуіміз өттік, «Микки Маус» клубында танысқан Райан Гослингпен бірге қайта жұмыс істеу қызықты болар еді, алайда олай жасамағанымға қуаныштымын. Сол кезде «In the Zone» альбомын жазып жатпасам, өзімді күні-түні қырқыншы жылдардағы байдың қызы секілді ұстар едім.

Менің ойымша, алғаш рет ойнағандықтан, маған соншалық қиын болған секілді. Актер адамдар сомдайтын кейіпкерлерінен өздерін қалай ажыратады деп ойланамын. Бәлкім, олар өз көзқарастарын сақтап үйренген шығар. Енді-гәрі өзімді ондай кәсіби қауіпке қайта душар етпеймін деп

үміттенемін. Жартылай өзің, жартылай ойдан шығарылған кейіпкер болып өмір сүру адамды қатты шатастырады. Біраз уақыттан кейін ненің шын екенін білмей кетесің.

Сол кезді еске түсірсем, шынымен, өзім армандаған өмірді сүріппін. Гастрольдетіп, бүкіл әлемді шарладым. Гастрольдегі ең бақытты сәттердің бірі 2001 жылдың қантарында 3-ші «Rock in Rio» музыка фестивалінде өнер көрсету болды.

Бразилияда өзімді барынша еркін сезіне алдым, ол жерде ішімдегі кішкене қыз бен әйелді де сыртқа шығара алдым. Ол кезде менде қорқыныш сезімі мүлдем болмайтын, үнемі алға ұмтылып тұратынмын.

Бір күні түнде біз биші қыз-жігіттер болып мұхитқа шоғылуға бардық. Ән айтып, би билеп, күліп, бірге көңілді уақыт өткіздік. Ай сәулесі астында сағаттап сөйлестік. Сол сәт, расында, өте әдемі еді. Шаршап, моншаға бардық, ол жерде де біраз сөйлестік.

Енді еркін болып, күнәлі істер жасауға рұқсат бере бастаған кезім еді. Ол еркіндік пен тәуелсіздіктің дәмін алғаш татып, он тоғыз жастағы қыз болып жүрген кездерім еді.

2001 жылдың күзінде «Бритни» альбомы шыққаннан кейін бірден «Dream Within a Dream» (Түс ішіндегі түс) туры, төртінші және ең сүйікті турым өтті. Әр кеш сайын сахнада өзімнің айнадағы нұсқама қарсы қарап тұратынмын. Концерт бағдарламасында у-шу, мысырлық баржа (кеме), джунгли, лазер, бәрі болды!

Уэйд Робсон концерттің режиссері және хореографым болды, сонымен қатар бәрін ұйымдастырып, атсалысқан адамдардың да еңбегі зор. Бәрі бүге-шігесіне дейін ойластырылған. Уэйд шоуы арқылы өмірімнің жаңа кезеңі басталғандай. Декорация мен костюмдер де керемет. Біреу мені қалай сәндеу керектігін білсе, әрқашан көңілім толып, риза боламын.

Олар мені жұлдыз қылып көрсетудің бар қыр-сырын менен жақсырақ білетін, сол үшін қарыздар екенімді білдім. Қаншалықты жақсы көрсеткісі келсе, мені әртіс ретінде соншалықты жоғары сыйлағаны еді. Әркім өз ісін жетік білетін.

Бәріміз сол турдың керемет өтетініне үміт еттік. Сол деңгейге жету үшін көп еңбек еттім. «Baby» әні шыққанға дейін сауда орталықтарында өнер көрсетіп жүрдім, содан кейін «Baby» турында алғаш рет көпшілік алдына шығып, көп адаммен таныстым. Өзімнің маңызды екенімді сезе бастағаным есімде. Содан кейінгі тур сәл үлкен болды, сондықтан «Dream Within a Dream» туры жасаған кезде бәрі ғажап болды.

2002 жылдың көктеміне қарай мен «SNL»-ге екі рет қатыстым, Джимми Фэллон мен Рейчел Дрэтчпен бірге отаршылық тарихы мұражайында май құятын қыздың рөлін ойнадым, содан кейін Барби рөлін сомдаған Эми Полермен бір-

ге Барбидің сіндісі Скиппердің рөлін ойнадым. Бір эпизодта әнші әрі қонақ, жүргізуші болумен қатар, өнер көрсеткен ең жас қатысушы болдым.

Сол кезде маған мюзиклге түсуге ұсыныс түсті. «Crossroads»-тан кейін қайтадан фильмге түскім келетініне сенімді емес едім, алайда бұл жолы маған қызық болды. Ол «Чикаго» фильмі болатын.

Фильм түсіретіндер өнер көрсетіп жатқан жерге келіп, мюзиклге түскім келе ме деп сұрады. Оған дейін үш-төрт фильмнен бас тартқанмын, өйткені сахна, шоуға жүргенмін. Музыкадан өзге затқа алаңдағым келмеді. Айналысып жүрген ісіммен бақытты болдым.

Дегенмен қазір өткенге көз жүгіртсем, «Чикагоға» келгенде келісуім керек еді деп ойлаймын. Сол кезде күшті болдым. Күшімді көбірек пайдаланып, батылырақ болуым керек еді. «Чикагоға» түсу қызық болар еді. Ондағы би нөмірлері дәл мен қалағандай сүйікті қимылдарға толы болатын. Сол ұсынысты қабылдауым керек еді.

Ол жерде адам өлтіріп жатып, ән айтып, би билейтін жауыз қыздың рөлін сомдайтын едім.

«Crossroads»-тағы Люсиге айналғанымдай емес, «Чикаго» кейіпкеріне айналмаудың жолын тауып, жаттығудан өтер едім. Өзге нәрселерді жасап көргенім дұрыс болар еді. Жайлы аймақта қалып қоймай, батыл болып, білетін нәрселермен шектеліп қалмағанда деп ойлаймын қазір. Дегенмен маған әлдене ұнамаса да, шағымданбауға үйреніп алған

едім.

Жеке өмірімде бақытты болдым. Джастин екеуіміз Орландода бірге тұрдық. Біз төбесі плиткамен жабылған, артында бассейні бар керемет, биік екі қабатты үйде тұрдық. Екеуіміздің де жұмысымыз көп болғанына қарамастан, мүмкіндігінше үйде бірге болуға уақыт табатын едік. Әрқашан бірнеше ай сайын Джастин екеуіміз бірге екі апта, кейде тіпті екі ай бірге болу үшін үйге келетінбіз. Бұл біздің қауіпсіз мекеніміз болды.

Бір күні Джейми Линн әлі кішкентай болған кезде отбасым бізді көру үшін ұшып келді. Бәріміз Орландодағы «FAO Schwarz»-қа бардық. Олар біз үшін бүкіл дүкенді жауып тастаған. Сіңлім есіктері ашылатын, кішкентай жүретін көлік алды. Шын көлік пен картинг көлігінің арасындағы нәрсе. Жолын тауып, Кентвудқа жеткіздік, оны кейін өскенше айдап жүрді.

Кішкентай қызыл «Мерседес» айдап жүрген бүлдіршін сондай ерекше еді, ешкімге ұқсамайтын. Өміріңізде ондай сүйкімді жаратылысты таба алмас едіңіз. Сол сәт естен кетпестей әдемі болатын.

Бәріміз Джейми Линнді еркелететін едік. Қалаған затын алып береміз. Дәл бір Ариана Гранденің «7 rings» әніндегідей. (Балалық шағымда ақша жоқ еді. Бағалы қуыршағым Александра ханым қуыршақтары болған. Өзімде он шақты түрі болды. Көздері жоғары-төмен қарайды және олардың бәрінің аты бар. Арасында ойдан шығарылған кейіпкерлер-

мен қатар, Скарлетт О'Хара немесе Елизавета ханшайым сияқты тарихи тұлғалар да болды. «Little Women» қыздары да болды. Он бесінші қуыршағымды алғанда лотерея ұтып алғандай едім.)

Өмірімдегі ең бақытты шақтар. Джастинге ессіз ғашық болып қалдым. Кішкентай кездегі махаббат бөлек бола ма, білмеймін, бірақ Джастин екеуіміздің арамыздағы сезім ерекше болды. Маған ештеңе айтып, ештеңе істемесе де, мен оған деген жақындықты сезіп тұратынмын.

Оңтүстіктің аналары балаларын жинап алып, «тыңдандар, бүгін шіркеуге барамыз, бәріміз киімдеріміздің түсін бірдей қылуымыз керек» деп айтуды жақсы көретін. Джастин екеуіміз 2001 жылы «LL Cool J» тобымен бірге болған «American Music Awards» марапатына қатысқанда да дәл солай істедім. Джастиннің джинсы киетінін естіп, «біз бірдей болуымыз керек, астымыз бен үстіміз де джинсы болсын» деп айтқаным әлі күнге дейін сене алмаймын.

Басында, шынымды айтсам, ол ойымды әзіл деп санайды деп ойладым. Стилистім оныммен келіседі деп ойламаппын, Джастин де мұныма келіседі деп күтпеген едім. Дегенмен екеуі де тәуекелге барды.

Стилист Джастиннің джинсыдан тігілген киімін, джинсы күртешесі мен джинсы шалбарына сәйкес келетін шляпасын әкелді. Әлгілерді кигенде: «Уау!» – дедім, шынымен мен айтқандай киінгелі жатқан секілдіміз деп ойладым.

Джастин екеуіміз түрлі шараларға үнемі бірге баратын-

быз. Бізге «Teen Choice Awards» марапатында болған қатты ұнады. Киімдеріміздің түсін үйлестіріп киетінбіз. Дегенмен бірдей джинсы киім киеміз деген ойымыз сәтті болмады. Сол түні джинсы халатымның астынан киген корсет мені қатты қысып, талып қала жаздадым.

Оның аса әдемі болмағанын түсінемін, сонда да өзіндік бір сүйкімі бар еді. Джастиннің сыртқы келбеті үшін сыналғанын да естідім. Бір подкастта жүргізушілер оны сол киімі үшін кекетіп жатқанда Джастин: «Жас әрі ғашық болсаң, көп нәрсе істеуге дайын боласың», – деп жауап беретін, онысы дұрыс. Біз жастық жалынмен есерсоқтау болдық, киімдеріміз де – соның дәлелі.

Біз жүріп жүргенде Джастиннің мені алдағанын (көзіме шөп салғанын) біліп қойған кездерім болды. Оған сондай ғашық болғандығымнан шығар, үнемі кешірдім, сол кездегі жаңалықтар мен таблоидтар әлгі жайттарды бетіме қайта-қайта басумен болды. «NSYNC» 2000 жылы Лондонға барған кезде суретшілер оны көліктен «All Saints» тобының қыздарының бірімен бірге көріп қалады. Мен ол жағдайға байланысты ешқашан ештеңе деп айтпаған едім. Ол кезде екеуіміздің жүріп жүргенімізге бір жыл ғана болған.

Сосын тағы бір рет, Вегаста өнер көрсетіп жүргенде, онымен бірге қыдырып жүрген бишілерімнің бірі оның бір қызды көрсетіп, «иә, кеше түнде ол қызды әбден көріп алдым» деп айтқанын жеткізген. Оның кім туралы айтқанын қазір айтқым келмейді, өйткені ол өте танымал, қазір тұрмыста,

балалары бар. Оның өзін жаман сезінгенін қаламаймын.

Құрбым әлгіні естігенде таңғалып қалады. Джастин мұны тек шегіп алып, мақтанғысы келгендіктен айтты деп сенеді. Джастиннің түрлі топтармен, бишілермен болғандығы жайлы өсек көп болатын. Бәріне құлақ аспайтынмын, алайда оның өзге қыздармен жатып жүргені анық еді. Өзің бәрін біліп тұрсаң да, ештеңе айтпайтын кездер болады. Ол кез мен үшін дәл сондай кез болатын.

Сөйтіп, мен де одан өш аламын деп шештім. Көп адаммен емес, тек бір адаммен ғана болдым, ол – Уэйд Робсон. Бір күні кешке қыдыруға шықтық та, испан барына бардық. Ұзақ биледік. Екеуіміз сол түні сүйістік.

Тек сол кез ғана болмаса, жылдар бойы Джастинге адал болдым. Оның өзінде өз кінәмді мойныма алдым. Сол түн маған және Джастин екеуіміздің қарым-қатынасымыз үшін де біз ойлағаннан басқаша әсер етті, ол жайтқа қарамастан, бірге қалдық. Мәңгі бірге боламыз деп үміттендім.

Ақыры мен Джастиннен жүкті болып қалдым. Күтпеген жағдай еді, бірақ мен үшін бұл трагедия емес еді. Джастинді қатты жақсы көргендіктен, бір күні екеуіміздің отбасымыз болады деп ойлайтынмын. Дегенмен бұл мен күткеннен әлдеқайда ертерек болған еді. Оның үстіне болған іс болды, бояуы сіңді.

Джастин жүкті екеніме қуана қойған жоқ. Өмірімізде бала пайда болғанына дайын еместігін және тым жас екенімізді айтты.

Мен түсінгендей болдым. Егер ол әке болғысы келмесе, менде де таңдау қалмағандай күйде болдым. Өзі қаламаған іске итергім келмейді. Біздің қарым-қатынасымыз мен үшін тым маңызды болды. Сөйтіп...

Бұл ісім үшін адамдар мені жек көретініне сенімдімін. мен ол баланы дүниеге әкелуден бас тарттым.

Жасанды түсік жасату үш ұйықтасам, түсіме кірмейтін, бірақ жағдайды ескере отырып, солай жасадық...

Дұрыс шешім болды ма, білмеймін. Егер мен ғана шешім қабылдасам, ешқашан олай істемес едім. Дегенмен Джастин әке болғысы келмейтініне өте сенімді еді.

Сондай-ақ түсік жасату үшін дәрігерге не ауруханаға бармау керек деп шештік. Қазір ойласам, сол шешіміміз өте қате болған. Ол кезде жүктілік немесе түсік туралы ешкім білмеуі маңызды еді, сол үшін бәрін үйде жасауға тура келді.

Тіпті отбасыма да айтқан жоқпыз. Джастин екеуімізден өзге білген жалғыз адам – Фелиция. Маған көмектесуге әрқашан дайын болды. Маған: «Аздап ауыруы мүмкін, дегенмен жеңіл болады», – деп жұбатты.

Белгіленген күні тек Фелиция, мен және Джастин үшеуіміз ғана болған кезде кішкентай дәрілер іштім. Көп ұзамай ішім шыдатпай бүріп, ауыра бастады. Мен жуынатын бөлмеге кіріп, онда сағаттап еденде жатып, жылап, айқайладым. Олар маған жансыздандыратын дәрі беруі керек еді деп ойлады. Қандай да бір анестезия алғым келді. Дәрігерге барғым келді, қатты қорықтым. Сол жерде осында өліп қалатын шы-

ғармын деп ойлап жаттым.

Сол кезде қаншалықты қатты ауырғанын сөзбен айтып жеткізе алмаспын. Жерде дәретхананы құшақтаған күйі жаттым. Ұзақ уақыт бойы қозғала алмадым. Осы күнге дейін өмірімдегі ең азапты оқиғалардың бірі.

Соның өзінде де олар мені ауруханаға апармады. Джастин жуынатын бөлмеге кіріп, менімен бірге еденге жатты. Бір кезде музыка көмектесетін шығар деп ойлап, гитарасын алды да, менімен бірге жатты.

Мен бәрі біткенше еңіреп жылаумен болдым. Бұл бірнеше сағатқа созылып, қалай аяқталғаны есімде жоқ. Дегенмен жиырма жылдан кейін де оның азабы мен қорқынышы әлі есімде.

Осыдан кейін де біраз уақытқа есім ауысты. Джастинді әлі де қатты жақсы көріп жүрдім. Соншалық қатты жақсы көруім ессіздік еді, нәтижесі мен үшін жақсы болмады.

Соңы айырылысумен бітерін болжай білуім керек еді, дегенмен түк білмеппін.

Джастин өзінің «Justified» атты алғашқы жеке альбомын шығара бастағанда өзін дәрекі ұстай бастады. Менің ойымша, оның сол кездегі жетістіктерімен қатар келіп қалдым. Оған қоса оның жаңа альбомы шығып жатқан кезде оған махаббатпен ынтыға қарап тұрған мені көру біртүрлі болса керек. Ақырында Родни Джеркинстің «Overprotected» ремиксіне арналған бейнебаянға түсіп жатқан кезімде ол хат (смс) арқылы қарым-қатынасымызды тоқтатты. Түсірілімдер арасында трейлерде отырғанымда хатты көргеннен кейін қайта шығып, билеуіме тура келді.

Джастин мені қанша ренжітсе де, оған деген махаббаттым күшті еді. Сондықтан ол мені тастап кеткенде қатты күйзелдім. Қатты күйзелдім дегенім жеңіл айтылған болар, себебі мен бірнеше ай бойы дұрыс сөйлей де алмадым. Кез келген адам менен ол туралы сұраса, жылай беретінмін. Клиникалық шокта болдым ба, білмеймін, бірақ маған ол солай сезілді.

Мені білетіндердің бәрі маған шынымен бірдеңе болды деп ойлады. Кентвудтағы үйіме қайттым. Алайда ол жерде отбасыммен немесе достарыммен де сөйлесе алмадым. Үйден шықпадым. Күйзелгенім соншалық, күні бойы төсекте төбеге қарап жата беретінмін. Джастин мені көру үшін Луизианаға ұшып келді. Ол маған өзі жазып, жиектеген ұзын хат

әкелді. Төсегімнің астында ол хат әлі бар. Соңында ол (бұл туралы ойласам, жылағым келеді) «сенсіз дем ала алмаймын» депті. Бұл хаттағы соңғы сөздер болды. Хатты оқып отырып, расында, жақсы жазушы екеніне көзім жетті. Өйткені ол сезімдерімді дәл сипаттаған еді. Мен айырылысқаннан кейін өзімді тұншығып бара жатқандай, дем ала алмай қалғандай сезіндім. Дегенмен, қиыны, мен оны көріп, хатты оқығаннан кейін де әлгі күйден шықпадым. Ол маған хат жазды, ол мені көруге келді, бәрібір де онымен не өзге ешкіммен сөйлесе алмадым.

Сол кезде сахнаға шығу тым ауыр болса да, келісімшартымда әлі бірнеше тур қалған еді. Оларды аяқтау үшін қайта өнер көрсетуіме тура келді. Бар қалауым бәрін тастап, бүкіл уақытты өзіме арнау болды. Санта-Моника жағажайына шығып, тұзды ауамен тыныс алып, ойын-сауық дыбысын естіп, мұхитқа ұзақ қарағым келді. Оның орнына әр күнім тынымсыз жұмысқа толы болды. Кіру. Шығу. Дыбыс тексеру. Суретке түсу. Тіпті қай қалада жүргенімді білмейтін кездер болды.

«Dream Within a Dream» туры басталған кезде маған бәрі ұнаған, дегенмен сосын шаршататын іске айналды. Тәнім де, санам да шаршады. Бәрін өшіріп тастағым келді. Фелициямен бірге Венеция жағажайынан шағын дүкен ашып, шоу-бизнесті толығымен тастауды ойлай бастадым. Кейін өзіме сырттан қарасам, Джастинмен айырылысқаннан кейін өзіме айығуға жеткілікті уақыт бермегенімді түсіндім.

2002 жылы шілде айының, яғни турдың соңында Мексикада шоу көрсету үшін оңтүстікке аттандық. Бірақ ол жерге жетудің өзі азапқа айналды.

Автофургонмен жол жүріп, шекарадан өткенімізде кенет бізді үлкен мылтық ұстаған бір топ адам тоқтатты. Қорқып кеттім, олар бізді тұзаққа түсіргендей сезіндім. Еш нәрсені түсіне алмадым, бар білгенім – бізді әлгі ашулы еркектердің қоршап тұрғаны. Фургондағылардың бәрі қобалжып тұр. Қасымда қорғаушыларым болса да, немен бітерін білмедім. Біраз уақыт өткеннен кейін ғана қандай да бір бейбіт келіссөздер жүріп жатқандай болды, дәл фильмдегідей. Сол жолы шынында не болғаны – мен үшін әлі де жұмбақ, соңында сапарымызды жалғастыруға рұқсат етілді. Елу мың адамға өнер көрсеттік (келесі күні қатты дауыл салдарынан екінші турды өткізе алмадық).

Ол «Dream Within a Dream» турының соңғы күні болатын, сосын тур аяқталғаннан кейін демалғым келетінін айтқанымда, бәрі уайымдап кетті. Жетістікке жеткенде ісіңіз өзіңізге ұнамаса да, оны жалғастыру қажет болатын кездер бар. Көп ұзамай бірден үйге қайта алмайтынымды түсіндім. Луизианада «People» журналына сұхбат бердім, бірақ не үшін екенін түсіне алмадым. Жарнамалайтын турлар болған жоқ, бірақ командам «менде бәрі жақсы» екенін көрсетуім керек деп шешті.

Суретші мені сыртта, сосын иттермен, анаммен диванда суретке түсірді. Олар есірткі немесе темекі тартпайтынымды анықтау үшін әмиянымды көрсетуімді сұрады: одан бар-жоғы «Juicy Fruit» сағызын, ванильді иіссуды, жалбызды мұз кәмпитті және «Сент-Джон» сусынының (шайқурай сы-

ғындысы) кішкене бөтелкесін тапты. «Қызымда бәрі жақсы. Оның жүйкесі сау», – деп анам журналиске сеніммен айтты.

Сол кезеңде ең қиын жағдайлардың бірі: Джастиннің отбасы мен үшін жалғыз шынайы, сүйіспеншілікке толы отбасы болды. Мереке күндері тек соның отбасына баратын едім. Оның әжесі мен атасын жақсы танитынмын, қатты жақсы көретінмін. Олар мен үшін өз үйімдей болатын. Анам анда-санда бізге қонаққа келіп тұратын, бірақ мен үйге анама бармайтынмын. Анам әкеммен ажырасқаннан кейін өзін қалпына келтіруге тырысты, торығып, өзін-өзі емдеумен айналысқан ол диваннан әрең тұратын. Әкем болса жоғалып кетті. Ал кіші сіңліме келсек, барып тұрған жалмауыз болды десем, артық айтпас едім.

Әрқашан тынбай жұмыс істедім. Мен Фелициямен бірге жұмыс істеп жүргенде Кентвудта не болып жатқанына назар аудармаған едім. Алайда үйге келгенімде жағдайдың қалай өзгергенін көрдім. Анам Джейми Линнге қызмет етіп, теледидар қарап отырғанда оған шоколадты сүт коктейльдерін әкеліп беретін. Ол қыздың бәрінің басына шығып алғаны анық еді.

Ал мені ешкім елеп-ескеріп жатпады. Үйге кіргенімде, мені ешкім көрмегендей сезінгенім есімде.

Джейми Линн теледидардан көзін алмайтын. Бір кездері дүниедегі ең жақын адамым болған анам басқа ғаламшарда жүрді.

Ал бесіктен белі енді шыққан Джейми Линннің анама қа-

лай сөйлейтінін көргенде жағым ашылып қалды. Оның жиіркенішті сөздерін естігенде анама бұрылып:

«Мына кішкентай бәленің сенімен осылай сөйлесуіне қалай жол бересің?» – дедім. Айтпағым, ол нағыз бұзылған бала еді.

Джейми Линнің сондай болып өзгергеніне қынжылдым. Джейми Линн еркін өссін деп үй сатып алдым. Ол болса ештеңеге риза болмады. Ол кейінірек: «Бізге не үшін үй берді?» – дейтін. Кінәлау сияқты естілетін. Ол үй сыйлық еді. Біздің отбасымызға жаңа үй керек болғандықтан, оның маған қарағанда жақсы өмір сүргенін қалағандықтан сатып алған едім.

Луизианада сөйлесетін адамым жоқ сияқты сезіндім. Жігітіммен айырылысып, үйге қайтып, өзімнің енді ешқайдан орын таппайтынымды көріп, солай есейіп келе жатқанымды, әйелге айналғанымды түсіндім. Алайда сонда да, шынымды айтсам, бір уақыт кейін шегініп, санамда жасарып кеткендей болдым. «Бенджамин Баттонның жұмбақ оқиғасы» атты фильмді көріп пе едіңіз? Мен өзімді дәл солай сезіндім. Әйтеуір, сол жылы өз нәзіктігімді мойындау арқылы өзімді қайтадан бала сезіне бастадым.

Өзіме деген сенімімді қайта ояту үшін 2002 жылдың қыркүйегінде Донателла Версачемен кездесуге Миланға бардым. Ол сапар мені сергітіп, өмірдің қызығы әлі алда екенін есіме салды. Біз таңғажайып шараптан дәм татып, тамақ іштік. Донателла өте пысық әрі қонақжай болды. Сол кезден бастап жағдайым жақсара ма деп үміттенген едім.

Ол мені Италияға өзінің киім көрсету шоуларының біріне қатысуға шақырды. Донателла маған жарқыраған кемпірқосаққа ұқсайтын көйлек кигізді. Ән айтуым керек еді, бірақ іштей қаламадым. Сондықтан мен аздап суретке түскеннен кейін Донателла мені қинаған жоқ. Ол Джоан Джеттің «I Love Rock 'n' Roll» әнінің каверін қойғаннан кейін модельдерге сәлем айттым да, сонымен тамамдадық.

Шоудан кейін кешкі сауықтың кезегі келді. Донателла өзінің жомарт сауық кештерімен танымал болған. Сол жерде атақты адамдардың арасынан Ленни Кравицті көргенім есімде. Сол кеш Джастинмен айырылысқаннан кейін жалғыз өзім жұрт алдына алғаш шыққан кезім болды.

Кеш барысында бір жігітті байқап, ол сондай сүйкімді деп ойлағаным есімде. Бразилиялық сияқты болып көрінді: қара шашты, сымбатты, темекі шегетін, әдеттегі жаман бала. Мен білетін Лос-Анджелес актерлеріне мүлдем ұқсамайды, нағыз еркек, бір түндік қарым-қатынасқа жарайтын адамға

ұқсайтын. Ол таза секс еді.

Алғаш байқағанымда өзге екі қызбен сөйлесіп тұрды, алайда оның менімен сөйлескісі келгенін байқаған едім.

Ақырында біз сөйлесіп кеттік. Сосын онымен бірге қонақүйдегі бөлмемде шарап ішкім келеді деп шештім. Көлігіме қарай бет алдық, кетіп бара жатып ол көңілімді қайтартын әлдебір іс жасады, нақты не жасағаны есімде жоқ. Қандай іс болса да, көңілімнің қалғаны соншалық, жүргізушіге көлікті тоқтатыңыз дедім де, үндеместен, жігітті жол жиегіне түсіріп жібердім, ол сол жерде қала берді.

Қазір ана болған соң, ешқашан ондай іске бармас едім. Оның орнына «мен сені дәл осы уақытта осы жерде тастаймын...» дер едім. Жиырма жасымда бұл таза инстинкт еді. Бейтаныс адамды көлігіме отырғызып, қателік жасадым, сондықтан бірден қуып жібердім.

Ортаға оралғаннан кейін көп ұзамай Джастин «Justified» атты жеке альбомын шығаруға дайындалып жатты. «20/20»-да ол Барбара Уолтерске «Don't Go (Horrible Woman)» деп аталатын әнді орындады. Маған ол ән мен туралы сияқты көрінді: «Махаббатымыз күшті деп ойладым. Қателескен секілдімін. Бірақ, былай қарасам, маған тағы бір сұмдық әйел туралы ән жазуға негіз болдың».

Бір ай өтпестен маған ұқсайтын бір әйел оны алдаған соң, жаңбыр астында мұңайып жүргені туралы «Cry Me a River» әнінің бейнебаянын шығарды. Ақпарат құралдарында мені «Американың алтын баласының жүрегін жаралаған жезөк-

ше» деп сипаттады. Ал шындығында мен Луизианада күйзеліп жүрген едім, ал ол болса Голливудта қуана шапқылап жүрді.

Джастин өзінің жаңа альбомымен бүкіл баспасөзге мені бірнеше рет алдап, көзіме талай шөп салғанын айтуды ұмытып кетіпті.

Голливудта әйелдерге қарағанда ерлерге көбірек мүмкіндік беріледі. Еркектер өздерінің атағын шығарып, беделін көтеру үшін әйелдер жайлы жаман айтатынын білдім. Оны біле тұра, есеңгіреп қалдым.

Оған опасыздық жасағаным жайлы ақпарат альбомның атағын арттырып, опасыз әйелді әшкерелеуге айналды. Сол дәуірдегі хип-хоп әлемі «Fuck you, bitch!» тақырыбындағы сюжетті жақсы көретін. Әйелдердің сатқындығы үшін кек алу сол кездің сәніне айналды. Эминемнің «Ким» деген әйеліне арналған әні өте танымал болды. Бұл жердегі ең басты мәселе: арамызда ондай қарым-қатынас болған жоқ еді.

«Cry Me a River» өте танымал болды. Бәрі оны қатты аяды да, мені сөкті.

Сол кезде оқиғаны өз тарапымнан айтуға мүмкіндік жоқ деп ойладым. Жағдайды түсіндіре алмадым, өйткені Джастин әлемді өз сөзіне сендіргеннен кейін ешкім қолдамайтынын білдім.

Джастин мені кінәлауының маған қаншалықты әсер еткенін түсінген жоқ деп ойлаймын. Ол оны осы күнге дейін де түсінген жоқ.

«Cry Me a River» шыққаннан кейін қайда барсам да, мені мазақ ететін. Клубтарға барғанда мені жамандайтын. Бірде кіші сіңліммен, ағамның достарының бірімен лейкерс ойынына бардым, сонда бүкіл халық пен арена маған қарсы айғайлады.

Джастин бәріне екеуіміздің жыныстық қатынаста болғанымызды айтты, сөйтіп, мені алдамшы жезөкше ғана емес, сонымен бірге өтірікші және екіжүзді ретінде де бейнелеген. Көптеген жасөспірім жанкүйерлерім бар екенін ескере отырып, менеджерлерім мен баспасөз қызметкерлері мені ұзақ уақыт бойы мәңгілік пәк қыз ретінде көрсетуге тырысты. Джастин екеуіміз бірге тұрып жүрдік және мен он төрт жасымнан бері жыныстық қатынаспен айналысқанмын.

Мені жыныстық қатынасқа белсенді адам ретінде көрсеткеніне ашуландым дейсіз бе? Жоқ. Шынымды айтсам, Джастиннің солай деп айтқаны ұнады. Неліктен менеджерлерімнің мені жиырмадан ассам да, әлі пәк қыз ретінде көрсетуге тырысқанын білмеймін. Біреумен болып-болмағанымда кімнің шаруасы бар?

Опра (Опра Уинфри) маған өзінің шоуында сексуалдылығымда ешкімнің ісі болмауы керек екенін және пәктікке келгенде «егер ойыңызды өзгертсеңіз, сізге ол жайында бүкіл әлемге жариялаудың қажеті жоқ» деп айтқан еді.

Иә, жасөспірім кезімде бұл бейнеге сай болуға тырыстым, өйткені бәрі үшін сол нәрсе маңызды болған. Дегенмен, ойланып қарасаңыз, адамдардың денемді осылай сипаттауы,

мені нұсқап, «пәк қыздың түрін қарандар» деуі – барып тұрған топастық. Ол жағында ешкімнің шаруасы болмауы керек, өйткені мен ең алдымен музыкант және өнер көрсететін артист едім. Музыкамен сахнадағы шоуларым үшін көп жұмыс істедім.

Әйтсе де біраз журналист омырауым шынайы ма, жоқ па (шынайы екені рас) және қыздық перде бар ма, жоқ па – соны білгісі келетін.

Джастиннің біздің жыныстық қатынаста болғанымызды бәрінің алдында мойындауы сенді бұзып, енді ешкімнің алдында пәк еместігімді айтып әуре болмадым. Оның жатқанымыз туралы айтқаны мені ешқашан мазаламайтын, мен оны бұл әрекеті үшін сынаған адамдардан да қорғадым. Оның мен жайлы айтқанын «сондай дәрекі» дейтін жұрт. Бірақ маған ол, керісінше, ұнады. Ол мен жайлы айтып жатқанда «ол – енді әйел, пәк емес, ауыздарыңды жабыңдар» деп айтқандай естілетін.

Бала кезімде ұялу мен өзімді кінәлі сезіну көп болатын. Отбасым маған кінә тағып, жаман адам деп ойлайтын. Маған бұйырған қайғы мен жалғыздық кінәменен болған сияқты, өзімді бақытсыздық пен сәтсіздікке лайықпын деп сезінетінмін. Қарым-қатынасымыздың, шындығында, жұрт суреттегендей емес екенін білдім, бәрібір қиналып жатсам да, осыған лайық болсам керек деп ойладым. Әрине, жаман іс жасамадым дегенім емес. Карма дегенге сенемін, сондықтан жаман нәрселер болған кезде жай ғана карма заңы мені қуып

жетті деп түсінетінмін.

Мен тым қатты эмпат болдым. Мыңдаған миль қашықтықта болсам да, Небраскадағы адамдар не сезінетінін бейсаналы түрде сезе алатынмын. Кейде әйелдердің етеккірлері қатар келіп қалады. Эмоцияларым да дәл солай үнемі айналамдағылармен үндесетін сияқты. Ол үшін қандай хиппи сөзін қолданғыңыз келетінін білмеймін: ғарыштық сана, интуиция, психикалық байланыс. Білетінім, өзге адамдардың энергиясын 100 пайыз сезе аламын, оны қабылдамай тұра алмаймын.

Осы кезде өзіңізге: «О, Жаратқан, шынымен де, жаңа дәуір туралы айтайын деп жатыр ма?» – деп тұрған шығарсыз.

Тек енді бірер минут қана.

Өйткені соншалықты сезімтал, жас болдым. Әлі де түсік жасату мен ажырасудан кейін ес жимадым. Өз-өзіме келе алмадым. Джастин менімен бірге өткен уақыттағы мені оңбаған ретінде көрсетті. Соған сендім, содан бері өзімді қарғыс атқандай сезінемін.

Сонда да егер бұл рас болса, жаман кармам көп болса, жолымның ашылуы мен өзіме жақсылық әкелу ересек адам ретінде де, әйел ретінде де өзіме байланысты болар деп үміттене бастадым.

Бұдан былай шыдай алмадым, сондықтан Аризонаға құрбыммен қашып кеттім. Әлгі қыз Джастиннің ең жақын досымен кездесіп жүрген. Бәріміз бір уақытта айырылысқан едік,

сондықтан бәрінен алыстау үшін жол жүруді ұйғардық. Бір-бірімізді тауып, бәрін артта қалдырамыз деп шештік.

Оның басынан не өткергенін ескерсек, құрбымның да жүрегі жаралы еді. Сондықтан қайғы мен жалғыздықты бірге бөлістік, мен оның достығына риза болдым.

Көліктің төбесін ашып, шашымызды жел тербеп, шөл далада жылдам жүріп келе жатқанда аспан жұлдыздарға толы еді, музыкасыз, тек зымырап өтіп жатқан түнгі шуыл ғана бар.

Алдымызда созылып жатқан жолға қараған кезде мені бір қорқынышты сезім биледі. Ұзақ уақыт бойы жылдам қозғалғаным сонша, тынысым да жетпей қалғандай болды. Сол сәтте ішім терең сұлулыққа, ғажайып әрі жанға жайлы сұлулыққа толғандай болды. Бірдеңе айтайын ба деп құрбыма қарадым. Бірақ мен не айта алар едім? Өзге ғаламшарлықтарға сенесің бе деуім керек пе еді? Сондықтан үнсіз қалдым және сол жерде ұзақ уақыт өз сезімдеріммен қауыштым.

Сосын желмен бірге оның дауысын естідім.

«Сен мұны сездің бе? – деді ол маған қарап. – Не бұл?»

Не болса да, ол да оны сезді.

Мен оның қолын алып, қатты қыстым.

Атақты ақын Руми жараланған жерден адамның ішіне нұр құйылады деген екен. Мен бұған әрқашан сендім. Аризонадағы сол түні біз кешкен күйді ол бізге қажет болғандықтан сезіне алдық. Біз рухани ашық әрі жас едік. Сол кез бізге

көзімізбен жай көре алмайтын заттардың да барын ұқтырды, мейлі, оны Құдай деп атаңыз, жоғары күш деп атаңыз немесе тылсым құбылыс деп атаңыз. Бұл не болса да, біз оны бірге сезіне алатындай шынайы болды. Бұл күйді алғаш сезінгенде ыңғайсызданғандықтан, құрбыма айтқым келмеді. Ол мені есінен ауысқан деп ойлай ма деп қорықтым.

Біреу мені жынды деп ойлайтын шығар деп қорқып, сөйлеуден тосылған кездерім көп болды. Бірақ бұдан өз тәжірибем негізінде сабақ алдым. Өз сезімдеріңнен тіксінсең де, оларды айтуың қажет. Өз хикаяңды өзің айтуың қажет. Дауысыңды шығаруың керек.

Сол түнде адасып, айдалада Құдайдың барын сезген кезде алда әлі талай нәрсе күтіп тұрды. Алайда қараңғылықтың мені жұтып қоюына жол бермейтінімді білдім. Ең қараңғы түнде де жарық көзін табуға болады.

Біз ресми түрде айырылысқан соң бірнеше аптадан кейін Джастин алты-жеті қызбен жатты дегенді естідім. Әрине, ол Джастин Тимберлейк болған соң солай, оған қоса ол енді жалғыз еді. Ол барша қыздың арманына айналды. Мен оған ғашық болдым. Адамдардың оған неге ғашық екенін түсінетінмін.

Джастин басқа қыздармен жүрсе, мен де солай жасап көруім керек деп шештім. Жүрегім ауырып, гастрольдік сапарда болғандықтан, біраздан бері ешкіммен кездеспеген едім. Сол қыста бір әдемі жігітті байқап қалдым, ал клубтың промоутері, құрбым талғамым жақсы екенін айтып қалды.

«Бұл – өте керемет жігіт! – деді құрбым. – Оның аты – Колин Фаррелл, қазір фильм түсіріп жүр».

Мен көлігіме отырдым да, оның «S.W.A.T.» экшн фильмінің түсірілім алаңына бірден бардым. Өзіме көп алып қойдым, білемін.

Ешқандай күзет жоқ, бірден дыбыс жазылып жатқан түсірілім алаңына бардым. Режиссер мені көргенде: «Кел, орныма отыр!» – деді.

«Жарайды», – дедім мен. Сөйтіп, орындыққа отырып, фильмнің түсірілімін бақыладым. Колин келіп: «Маған мұнда не істеуім керек екені жайында айтарыңыз бар ма?» – деді. Ол режиссер болғанымды қалады.

Екеуіміз екі апта бойы қырылды. Екеуіміздің қарым-қатынасымыз арпалысқа толы болды деп қана сипаттай алатын шығармын.

Бірге өткізген қызықты уақытымызда ол мені Аль Пачино түскен «The Recruit» деп аталатын триллердің премьерасына апарды. Шақырғанына қатты қуандым. Үстіме пижама кидім. Мен ол кезде әлгі киімді кигенде қысқа жейде деп ойладым, қазір суреттерге қарасам, Колин Фарреллдің премьерасына кәдімгі пижама киіп барыппын.

Премьераға келгеніме қатты қуандым. Колиннің бүкіл отбасы сонда болды, олар маған өте жылы қарады.

Бұрынғыдай ер адамға тым жақын болып бара жатқанымды сезгенде өзімді ештеңе етпейді, жай ғана көңіл көтерудеміз деп сендіруші едім. Сол жолы әлі күйрек болдым, себебі іштей Джастинмен толық айырылыспаған едім. Сонда да бір сәтке Колин екеуіміздің арамызда бірдеңе болуы мүмкін деп ойладым.

Кісікиіктенуімнің салдарынан жеке өмірімдегі сәтсіздіктердің де болуы заңдылық секілді. Өзімді үнемі ыңғайсыз сезінетінмін.

Көпшіл болуға тырысып-ақ бақтым. Тіпті Натали Портманмен бірге (оны мен Нью-Йорк театрында кішкентай кезімнен танитынмын) Жаңа жыл кешін жүргіздік.

Бұл іске үлкен күш жұмсадым. Күндердің көбінде тіпті құрбыма телефон соғуға да шамам келмейтін. Сахнада не клубтарда, тіпті кештерде немесе кешкі астарда батыл бо-

лу, көпшіл болу туралы ойласам, бойымды үрей билейтін. Көпшілік арасында қуануым сиреп, мазасыздық сезімі үдей бастады. Әлеуметтік мазасыздық қалай әсер етеді десеңіз, көпшілік адамдар үшін қалыпты әңгіме сияқты көрінетін қарым-қатынас – сіз үшін азап. Жалпы, адамдар арасында болу, әсіресе сауық кештері мен жақсы киініп, жақсы көріну керек жерлерге бару себепсіз ұят сезімін тудырады. Өзімді біреудің айыптауынан, жөнсіз бір нәрсе айтып қояудан қорықтым. Оны сезген кезде жалғыз қалғым келеді. Оған қоса қорқыныш басады да, кешірім сұрап, әжетханаға барғандай болып, кейін кетіп қалғым келетін.

Тым көпшіл болу мен кісікиіктіктің арасында едім. Сырт көзге сенімді болып көрінетінім жайлы еститінмін. Бір уақытта мыңдаған адам үшін өнер көрсете алатын адамның сахна артында бірнеше адаммен бірге қалудан қашатынын елестету қиын, әрине.

Мазасыздықтың бұл түрі, шынымен, біртүрлі. Не істесем де, қай жерде жүрсем де, істемеген ісім үшін де жаңалықтарда жүрдім. Ол оқиғалар әдетте ең бір жайсыз кезімде түсірілген суреттермен қатар жүретін. Өзгелердің мен туралы не ойлайтынына мән беруім керек болды, бәрінің тұтастай назарында болу уайымшыл табиғатымды әлдебір төзгісіз нәрсеге айналдырды.

Мен туралы жаңалықтар жақсы болмаса да, жұлдыздарға қатысты баспасөз Джастин мен Кристина Агилера жайлы жағымды жаңалықтарға толы болды. Джастин Rolling

Stone журналының мұқабасында жартылай жалаңаш шықты. Кристина ескі Батыстан келген ханым сияқты киініп, «Blender» мұқабасында болды. Олар «Rolling Stone» журналының мұқабасында бірге болды, Джастин қара ішкөйлек киіп, оған сексуалды көзқараспен қарап тұрды, ал Кристина болса камераға қарап тұр, үстінде – шілтерлі қара көйлек. Бұрындары мен жайлы көбіне жағымсыз нәрселер айтып жүрсе де, журналда ол Джастин екеуіміздің қайта қосылуымыз керек екенін айтыпты.

Баспасөзде жақын танитын адамдардың осылайша сөйлейтінін көргенде жүрегім ауыратын. Қатыгез болуға тырыспаса да, жарама тұз сеуіп жатқандай. Неге бәріне адам екенімді ұмыту оңай болғанын ақыры түсіне алмадым, менің де жаным бар екенін, әлгі жаналықтар жанымда жара қалдыра алатынын олар білмеді ме?

Жоғалып кеткім келіп, Нью-Йоркта бірнеше ай бойы Шер тұрған төрт қабатты «NoHo» (North Hollywood) пәтерінде жалғыз тұруды жөн көрдім. Пәтердің төбесі биік, Эмпайр Стейт Билдинг көрініп тұратын террасалары, Кентвудтағы үйдің қонақ бөлмесіндегіден әлдеқайда әдемі жұмыс істейтін камині болды. Қаланы толық көру үшін, тұрақты пәтерге айналдырғанға ол жер арман еді. Дегенмен мүлдем ешқайда шықпадым. Бірде сыртқа шығып келгеннен кейін лифтіде бір адам күлкілі бірдеңе айтты, бұрылып қарасам, Робин Уильямс екен.

Тағы бір кезде пәтер кілтін жоғалтып алғанымды түсін-

дім. Бәлкім, жер бетіндегі ең үлкен жұлдыз болған шығармын, ал менің тіпті өз пәтерімнің кілті болмады. Не деген ақымақ едім десеңізші. Эмоционалдық және физикалық тұрғыдан тығырыққа тірелдім, кілтсіз ешқайда бара алмадым. Оған қоса ешкіммен сөйлескім де келмеді. Адамдармен не жайлы сөйлесетінімді білмедім. (Осы күндері үйімнің кілті әрқашан өзімде).

Жаттығу залына бармадым. Тамақ ішуге де шықпадым. Күзетшімен және Фелициямен ғана сөйлестім, ол әлі де көмекшім, құрбым болып келе жатыр. Жердің бетінен жоғалып кеткендей болдым. Тамақты үнемі үйге алдыратынмын. Біртүрлі көрінетін шығар, бірақ үйде болғаным риза болдым. Маған ол жерде жалғыз болып, өзіммен-өзім уақыт өткізген ұнады. Өзімді қауіпсіз сезіндім.

Кейде ғана сыртқа шығамын. Бір түні 129 долларлық «Bebe» көйлегі мен биік тақалы туфли кидім, ал немере әпкем мені төбелері аласа, қабырғалары қызыл жерасты клубына апарды. Шылымнан бірнеше рет тарттым, иә, бірінші рет анаша шектім. Кейін қалаға қарау үшін үйге дейін жаяу бардым, жол бойында бір такамды сындырып алдым. Пәтеріме жеткен соң террасаға шығып, жұлдыздарға бірнеше сағат бойы қарадым. Сол кезде Нью-Йоркпен тұтасып кеткендей болдым.

Сол таңғаларлық, сюрреалистік уақытта маған қонаққа келген аз адамдардың бірі Мадонна болды. Үйге кіргеннен бастап өзінің энергиясымен барлық жерді толтырып жіберді.

Бұл енді менің емес, Мадоннаның үйі деп ойлағаным есімде. Бойынан таңғажайып сұлулық пен өзіне деген сенімділік, күш-қуат төгіліп тұрды. Ол терезенің алдына барды да, сыртқа қарап: «Көрініс әдемі екен», – деді.

«Иә, әдемі», – дедім мен.

Мадоннаның өзіне деген сенімі маған өз жағдайыма жаңаша қарауға көмектесті. Ол өмірімде не болып жатқанын және басымнан не өтіп жатқанын интуитивті түрде түсінген сияқты. Сол кезде өзіме де бағыт-бағдар беретін адам қажет болды. Өз өміріме не істерімді нақты білмедім. Ол мені дұрыс жолға салуға тырысты.

Бір кезде ол мені Каббалаға бағыттау үшін қызыл жіппен рәсім жасады, маған дұға ететін Зохар кітаптарына толы сандық берді. Мойнымның бір тұсына иврит тілінде Құдайдың жетпіс екі есімінің бірін білдіретін сөзді тату қылып түсірдім. Кейбір каббалистер ол сөздің мағынасы емделу дегенді білдіреді деп санайды, мен дәл соны қалаған едім.

Мадонна көп жағынан маған жақсы әсер етті. Ол маған өзімнің ішкі дүниеме жеткілікті көңіл бөлуім керектігін айтты, мен солай жасауға тырыстым. Ол мен үлгі тұтатын күш иесі болды. Өнер әлемінде әйел болудың әртүрлі жолдары бар: өнер патшайымы ретінде атақты бола аласыз, кәсіпқой бола аласыз немесе жай ғана сүйкімді бола аласыз. Мен әрқашан ата-анамның, көрермендердің көңілінен шығуға, бәріне ұнауға тырысыппын.

Сол дәрменсіздіктің бір түрін мен анамнан үйренсем ке-

рек. Сіңлім мен әкемнің оған деген қарым-қатынасын, ал оның олардың бәрін жай ғана қабылдағанын көрдім. Мансап жолымның басында әлжуаз және енжар болдым. Тәлімгерім қайсар, өзі үшін тұра алатын адам болғанда өз қателіктерімді ертерек түсінер едім. Егер қазір сол шаққа орала алсам, өзіме-өзім әке-шеше болуға тырысар едім, өзіме-өзім серіктес, қорғаушы болар едім. Мадоннаның өзіне солай қарағанын білемін. Ол қоғам мен өнер саласының сексизмі мен қорлауына, өзінің сексуалдылығы үшін неше рет масқаралауға төтеп беріп, соның бәрін әрқашан жеңіп шыға алған.

Мадонна бірнеше жыл бұрын «Billboard»-тың «Жыл әйелі» сыйлығын алған кезде «Сорақы түрде әйел атаулыны жеккөрушілікке, сексизмге, келемеждеуге және қорлауға тап болғанын айтты... «Егер әйел болсаңыз, сізді ойын шартына бағынуға мәжбүрлейді. Ол не ойын? Сізге әдемі, сүйкімді және сексуалды болуға рұқсат бар. Дегенмен тым ақылды болуға болмайды. Жеке пікіріңіз болмағаны жөн».

Ол музыка индустриясының ғана емес, шын мәнінде, бүкіл әлемнің еркектердің ыңғайына қарайтыны жайлы дұрыс айтады. Әсіресе егер мен сияқты «сүйкімді» адам болсаңыз, сізді мүлдем құртып жіберуі мүмкін. Сол кездері мен тым жақсы, ыңғайлы болып кете жаздадым. Қайда барсам да, Фелиция аспазға, барменге, хатшыға алғыс хат жазып тұратын. Осы күнге дейін оңтүстіктің қызы ретінде қолмен жазылған алғыс хатқа сенемін.

Мадонна менің «жә, жетер, бәрің тыңдандар, былай бо-

луға тиіс» деудің орнына өзгелердің көңілінен қаншалықты шыққым келгенін, өзгелердің қалағанын жасағым келгенін көрді.

Біз «VMA»-да бірге өнер көрсететін болдық.

Ән мен биден жаттыққан кезде бір-бірімізді алыстан қолмен ымдап сүйетінбіз. Халық алдына шыққанға дейін екі минут бұрын сахнаның шетінде отырып, «VMA»-дағы ең үлкен өнер көрсеткен кезімді ойладым, ол кезде жарқыраған киімімді көрсету үшін костюмімді шешкен едім. «Биыл тағы да сондай сәтті қайталағым келеді. Ал қолмен ымдап сүю әдісін қолданғаным жөн бе?» – деп ойладым ішімнен.

Бұл сүйістің арты үлкен әңгімеге айналып кетті. Тіпті Опра да бұл туралы Мадоннадан сұраған. Ол сүйіс үлкен мәдени жаңалық ретінде қабылданды: «Бритни Мадоннаны сүйді!» Екеуімізге де жұрт назары ауды.

Біз «VMA» үшін репетиция жасап жатқанда маған ынтымақтастық туралы идея келді. «Culver City» студиясында команدامызбен күміс түсті металдан жасалған жиналмалы орындықтарда отырып, дауыс жазатын компанияның өзім жақсы көретін «Me Against the Music» атты жаңа әнімді аса жақтырмағаны жайлы сөйлестік. Ол кездегі соңғы шығарған әнім «I'm a Slave 4 U» болатын, лейблді басқарған Барри Уайсс сол секілді әндердің көбірек болуын қалады. Өзіме «Me Against the Music» қатты ұнайтын, сол ән шыққанын қалап: «Онда біз бұл ән туралы материал дайындасақ ше?» – деп ұсыныс айттым. Әнді тудырған оқиғаға байланысты ол

ән үлкен хит болғалы тұр еді. Бұл әнге адам тапсақ, оның айналасында әңгімені де құрастыра аламыз деп ойладым.

«Кімді көрсеткің келеді?» – деп сұрады менеджерім. «Оны! – Мен бөлменің арғы жағындағы Мадоннаны нұсқадым. – Оны осы әнді бірге орындауға шақырайық».

«Мәссаған, – деді менеджер. – Иә, бұл іске асар». Мадоннаның командасы арқылы сұраудың орнына ән жайлы одан тікелей өзім сұраймын деп келістік.

Сөйтіп, Мадоннаға бардым да: «Сізбен сөйлесейікші», – дедім. Оған әнді бірге орындау қызық болар еді дедім. Бір-бірімізге көмектесе аламыз, екеуімізге де пайдалы нәрсе деп ойлайтынымды айттым. Ол келісті.

«Me Against the Music» – әлі күнге дейін сүйікті әндерімнің бірі. Әнді Мадоннамен бірге жазу бақыты бұйырғаны үшін бұл әннің маңызын арттырды.

Екі-үш күнге созылатын бейнебаян түсірілімінің бірінші күні Мадоннаның ақ костюмінің тігісі сөгітіліп қалғанын, оны жөндеу үшін тігінші шақыру керектігін айтты. Түсірілім уақыты кейінге шегерілетін болды. Костюм жөнделгенше бірнеше сағат бойы трейлерде отыруыма тура келді.

Мен, шынымен, бірнеше сағат тек өзіме ғана уақыт бөліп, өзіммен-өзім отыруыма болатынын білмедім. Егер аяқкиімнің тақасын сындырып алсам, жөндеу үшін түсірілім тобына бес минут уақыт да жұмсауға тура келетін едім. Түсірілім алаңына тақасыз шықсам да, жалаңаяқ көрінсем де, режис-

сердің айтқанын орындауға тура келетін.

Түсірілім кезінде Мадоннаның өз талаптарынан бас тартпай, талапшыл бола алатындығына таңғалдым. Ол бар назарды өзіне аударды. Мадоннамен жұмыс істеу оның идеяларымен санасып, уақытына сай болу дегенді білдіреді. Оның қасында болу мен үшін маңызды сабақ болды, оны меңгеруіме де аз уақыт кеткен жоқ. Ол өзіне деген сыйластықты талап ете біледі және сол үшін өзгелер де оған билік береді. Қай жерге барса да, бүкіл назардың өзінде болуын қадағалап, талап ете біледі. Өзі үшін қалаған өмірді жасай білді. Мен де өзімнің болмысымдағы сүйкімді қыздың қасиеттерін сақтай отырып, солай іструдің жолын тапқым келді.

Жаңа «In the Zone» альбомым көңілімнен шықты. Мадоннамен бірге айтқан «Me Against the Music» әні альбомдағы алғашқы сингл болды. Келесі сингл «Toxic» болды, ол үшін мен «Грэмми» сыйлығын жеңіп алдым. «Toxic» – жаңашыл, сонымен қатар үлкен жетістікке ие болған ән. Әлі де сүйікті әндерімнің бірі.

Альбомды жарнамалау үшін бір түнде Нью-Йорк қаласына «MTV» каналының түсірілім тобымен бірге «In the Zone & Out All Night» деген арнайы бейнебаян түсіруге шығып кеттім. Бүкіл қаланы аралап, «Show», «Splash» және «Avalon» сияқты үш түнгі клубқа кіріп шықтық. Жаңа әніме билеп жатқан топ-топ адамдарды көру керемет сезім сыйлады. Сондай сәттерде өзімнің өнермен не үшін айналысып жүргенімді түсінетінмін, тыңдарман әнімді қалай қабыл алғанын байқап, музыкаға деген махаббатым қайта ашылатын.

Алайда бір күні біреу есігімді қақты. Есікті ашқаным сол еді, бөлмеге үш еркек кіріп келді, ешқайсысын да танымадым. Олардың жүзін бұрын-соңды көрген емеспін.

Ең соңынан кірген төртінші адам әкем еді.

Олар мені диванға отырғызды (бүгінге дейін жатын бөлмеде тұрған диван). Солай бірден сұрақтың астына ала бастады. Сұрақ қоя берді, қоя берді. Жауап бере алмадым: еш-

кіммен сөйлесуге дайын емес едім. Айтар сөзім болған жоқ.

Бір күннен кейін командамнан қоңырау шалып, Дайан Сойермен сөйлесуім керек деді... дәл сол диванда. Джастинмен болған жағдайдан кейін және басымнан өткен оқиғалардың кесірінен әлеммен байланыса алмайтындай болдым. Басыма қара бұлт төнді, жаным жараланды.

Жалғыз болу үшін пәтерімде жиі оңаша қалатынымын, әлде Дайан Сойермен сөйлесіп, бүкіл халықтың алдында жылауға мәжбүр болдым.

Таза қорлау. Олар маған алдын ала қандай сұрақтар қойылатынын айтпады, бірақ олар мені ұятқа қалдыратын сұрақтар қойды. Ол кезде ондай сұхбат беруге тым қамкөңіл, сезімтал едім. «Ол теледидарға шығып, жүрегін жаралағаныңды айтты. Оны қатты қинайтын бірдеңе істепсің. Сонша қиналатындай оған не істедің?» деген сынды сұрақтар қойылды.

Өзімнің жеке өмірімді әлеммен еш бөліскім келмеді. Айырылысқаным туралы БАҚ-қа есеп беруге міндетті емес едім. Ұлттық арнада сөйлеуге, артыма түсіп алып, ауыр сұрақтардың астына алған бейтаныс әйелдің алдында отырып жылауға мәжбүрлеулеріне жол бермеуім керек еді. Өзімді бүкіл әлем алдында тұзаққа түсіп, мені пайдаланғандай сезіндім.

Сол сұхбат мені түбегейлі өзгерткендей болды, ішімде әлдене кілт етті. Денемді қара бірдеңе басып жатқанын сездім. Жаман адамға айналып бара жатқанымды сезіндім.

Шынымды айтсам, өмірімдегі сол кезең өзім жайлы бүкіл әлеммен бөліспей, дамуыма көңіл бөлетін кезең болуға тиіс еді. Бұл өзімді жазып алудың жақсы жолы болар еді.

Алайда таңдауым болмады. Қандай сезімде болғаным ешкімді қызықтырмайтындай болып көрінді.

Мереке күндері Луизианадағы үйге қайттым да, кейбір достарымды шақырдым. Үйдің артындағы қонақүйде болдық, анам біздің тым қатты шулап жатқанымызға ренжіді. Кенет Луизианада қалуға міндетті емес екендігім, басқа жаққа кетіп қалуға менде ақша жеткілікті екендігі ойыма түсті. Жаңа жыл қарсаңында Лас-Вегасқа саяхатқа жолдама алдым, туырмадағы кейбір достарым да бізге қосылды.

«Palms Casino Resort» мейманханасында демалып, көп іштік. Мойындаймын, ақымақ болдық. Ол қалада тым қатты еркінсіп кеткенімді де мойындаймын. Талмай жұмыс істеп, кенет бірнеше күн бос бола қалсақ, ішімдік ішетінмін.

Пэрис Хилтон сауық құрып, шарап ішіп кетуге казиноға келді. Ес жиып үлгерместен, туфлиімізді шешіп, үстел үстінде билей бастадық. Ешкім де зардап шекпеді, Пэриспен керемет уақыт өткіздім, жай ғана көңіл көтердік. Кездескен сайын сөйтеміз.

Ешкімге дөрекі болған емеспін. Көбіңіз мені сынайтын шығарсыздар, қазір ондай ессіздікке бара алмайсың, себебі олай жасасаң, жұрт міндетті түрде камерасын шығарып, түсіре бастайды. Вегаста біз жай ғана көңіл көтердік. Бұқаралық ақпарат құралдарының бақылауында болғандықтан,

шу шығарғым келмеді, әрине. Бұл – өзімді еркін сезіну және көп еңбектеніп, қол жеткізген нәрседен ләззат алу.

Біраз шарап ішкеннен кейін ескі достарымның бірінің төсегінде ояндым, бұрыннан танитын бала кездегі досым еді. Сол жерде өткізген үшінші күні біз әбден мас болып іштік. Ол түні не болғаны есімде мүлде қалмады, бірақ еміс-еміс есімде қалғаны: екеуіміз қонақұйді аралап, «Mona Lisa Smile» және «The Texas Chainsaw Massacre» фильмдерін көріп, таңғы сағат үш жарымда «Little White Chapel» дейтін жерге бардық. Біз ол жерге барған кезде тағы бір жұп үйленіп жатқандықтан, күтуімізге тура келді. Иә, екеуіміз үйленеміз деп кезекке тұрдық.

Адамдар менен оны жақсы көрдің бе деп сұрайды. Шындығында, екеуіміз бір-бірімізге ғашық емес едік. Өте мас болып, өмірімнің сол бір кезеңінде қатты зерігіп жүрдім.

Келесі күні бүкіл отбасым Вегасқа ұшып келді. Олар келіп, маған қатты ызаланды. Мен жан-жағыма қарап, кеше түнде не болды деп ойладым. «Мен біреуді өлтірдім бе?» – деп сұрадым.

«Сен күйеуге тиіп алыпсың!» – деді олар, олар үшін бұл адам өлтіргеннен де жаман секілді еді.

«Біз жай ғана көңіл көтердік», – дедім мен.

Анам мен әкем бұл жайтты ауыр қабылдады.

«Мұның күшін жою керек», – деді олар. Ол жай ғана күнәсіз көңіл көтеруді үлкен мәселе қылып жіберді. Әркімнің көзқарасы әртүрлі, оны соншалық маңызды деп қабыл-

даған жоқпын. Вегастағы үйлену тойын адамдар әзіл ретінде жасайтын нәрсе деп ойладым. Содан кейін отбасым келіп, Үшінші дүниежүзілік соғыс басталғандай түсінді. Лас-Вегаста қалған күндердің бәрінде жылап шықтым.

Мен олардан кешірім сұрадым. «Кешіріңдерші, тұрмыс құрмауым керек еді» деумен болдым.

Қол қою керек барлық құжатқа қол қойдық. Некеміз елу бес сағатқа созылды. Олардың соншалық тез араласқаны таңғалдырды, тіпті істегеніме өкінуге мұршам болмады.

Ол жігітпен отбасын құрып, онымен мәңгі бірге болғым келген жоқ, ондай ниетім де болған жоқ. Әйтсе де ата-анамның бұл туралы сұрай бергені сонша, «мүмкін, күйеуге тигім келетін шығар» дей жаздадым.

Әрбір жас баланың өзінің ата-анасына қарсы шыққысы келетін сәттері болады, әсіресе оларды қатты бақылауда ұстаса. Қазір сол кездегі реакциямның орынды болғанын түсінемін. Олар өздеріне еш қатысы болмаса да, өміріме тым қатты араласып, тіпті жай нәрселерге дейін бақылауға тырысатын.

Негізі, үйдегілердің тойға қарсы болғаны сонша, байқаусызда керемет әрекет жасадым ба деп ойладым. Өйткені түсінгенім: олардың бақылауында болып, өзге біреумен тығыз байланысымның жоқтығы олар үшін өте маңызды болды.

«Сендерге не істеп қойдым?» – деп таңғалдым. Неге соншалық қауіпті болуы мүмкін? Осы уақытқа дейін оларға қаржылай қолдау көрсеткенімді айта кеткен жөн болар.

Менен бәрі енді не істейтінім жайлы сұрайтын. Жауабым бар еді. Сұхбат алушыларға қайта-қайта «мен үшін ең қажет нәрсе – өзіме уақыт бөлу» дейтінмін. Шын махаббатымды тауып, тұрақтауды армандай бастадым. Өміріме әлдене жетіспейтіндей көрінді.

Біз қайта турға шықтық. Автобустар, костюмдер мен ұзақ жаттығулар, қайталаулар.

Бұл өмірімдегі ең ауыр кезеңдердің бірі еді және турдағы атмосфера да ауыр болды: физикалық тұрғыдан қиын қойылымдар, көңілсіз тақырыптар және қараңғыланған жарық. Оған қоса сол турда ағам Брайанмен қарым-қатынасым өзгере бастады.

«Onyx Hotel Tour» бізге жақсы төледі, Брайан команданың құрамында болды, жалақысы өте жоғары болды. «Elizabeth Arden»-мен болған жағдайда маған қатты көмектесті. Дегенмен ол Лос-Анджелес пен Нью-Йоркта рақаттанып жүргенде мен ауыр гастрольде жүрсем де, оған ренжімеу қиын болды.

Сол жылдары бауырымды жоғалтып алдым. Осылайша, Джастин мен Брайаннан бір кезеңде айырылғандай болдым.

Тур өте көңілсіз болды. Молин қаласында (Иллинойс) шоудың соңына қарай тіземді қатты ауыртып алдым. Оған дейін бірінші альбомдағы «Sometimes» әнінің музыкалық бейнебаянына дайындық кезінде тіземді ауыртып алған едім. Бұл жолы одан да қатты ауыртып алдым: долдана жыладым. Бұл жарақатпен тек екі күнге демалыс ала алдым, бірақ іштей жеңіле бастадым. Өмірімде біраз жеңілдік пен қуаныш болғанын аңсадым.

Сол кезде мені Кевин Федерлайн қолдады. Бұл жайт есімде жақсы сақталып қалыпты. Біз Голливудтағы «Joseph's Café» деп аталатын клубта кездестік, сол жерде артқы жақтағы үстелде отыратынмын. Көрген сәттен бастап бірден арамызда бір байланыс пайда болды, өмірімде қиын болған барлық нәрседен құтыла алатынымды сездірді. Біз кездескен алғашқы түні сағаттап сөйлестік.

Ол мен үшін тұрақты, күшті, жайлы адам болды. Суға бірге барғанымыз есімде, ол мені құшақтап, қанша уақыт өтсе де, мен айтпайынша жібермейтін. Бұл тартымдылықтың бөлек түрі еді. Құмарлық емес. Бұл ынтықтық болды. Ол мені қалағанымша құшақтап ұстап тұратын. Өмірімде біреу мұндайды мен үшін жасады ма? Ондай жағдай болса да, қашан екенін есіме түсіре алмадым. Бұдан артық нәрсе болған ба еді?

Джастинмен болған оқиғадан кейін ұзақ уақыт бойы ешкіммен қарым-қатынаста болған жоқпын. Ол кездерде баспасөз де танысуым керек атақты еркектерді ұсынып жатты. Жұлдыздар, бас директорлар, модельдер. Өзімді біреу бір сағат бойы бассейнде құшақтап тұрғанын қалайтынымды кімге түсіндірер едім?

Көптеген әйел (және бұл маған да қатысты) өздері қалағандай күшті бола алады, мықты әйелдің рөлін ойнай алады. Өз жұмысымыз бітіп, ақша тауып, өзгелерге қамқорлық жасап болған соң біреудің қатты құшақтап, бәрі жақсы болатынын айтқанын қалаймыз. Бұл адамның табиғи импульсі

деп ойлаймын. Өзімізді бір уақытта қауіпсіз, тірі және сексуалды сезінгіміз келеді. Кевин маған соны сезіндіре алды. Сондықтан оған арқа сүйей бастадым.

Бастапқыда Кевинмен қарым-қатынасым ойнақы болды.

Кевин мені осы қалпымда ұнатты. Қоғамның үмітін ақтауға көп уақыт жұмсаған әйел ретінде маған өзіммен-өзім болуға рұқсат беретін ер адаммен бірге болу тағдырдың сыйындай.

Кевиннің «жаман жігіт» бейнесі қалыптасқан еді. Сонда да екеуіміз кездескен кезде оның баласы бар екенін және екінші баласына жүкті бұрынғы қызы бар екенін білмедім. Тұйық шеңберде өмір сүрдім, сырласатын, кеңес беретін жақын достарым болмады. Біраз уақыт бірге болған соң біреу маған: «Оның баласы туғанын білесің бе?» – деді, оған дейін мен де түк білмедім.

Сұрасам, ол рас екенін, балаларын айына бір рет көретінін айтты.

«Балаларың бар ма? – дедім мен. – Сенің балаларың бар ма? Бір емес, екі бала ма?»

Осылайша, мені алдағаны анық болды. Ештеңе білмеген едім.

2004 жылдың көктемінде келісімшарт бойынша жұмыс істеуге көңіл күйім болмаса да, жұмысқа қайта оралуыма тура келді. Кевин менімен бірге бара алса, бұл тым орынсыз бола қоймас деп ойлады, ол келісті. Бұл турда бірге өте көңілді уақыт өткіздік, маған бұрынғыдан да қиын болып

көрінетін жұмыстан көңілімді аударуға көмектесті. Шоулардан кейін қонақүйдегі бөлмеме жалғыз барудың қажеті жоқ еді. Үйге ұшып бара жатып, екеуіміз ұзақ әңгіме айттық, мен одан маған үйленуін өтіндім. Ол жоқ деді де, артынша маған өзі ұсыныс жасады.

Біз бірге гастрольдік күнделіктер түсірдік. Алғашқы концепция Мадоннаның «Truth or Dare» (Шындық па, әрекет пе?) деректі фильмі секілді болғанын қаладық, бірақ ол үйдегі қолдан түсірген фильмдер жинағына айналды. Кейінірек «Бритни мен Кевин» атты еркін түсірілген реалити-шоу ретінде шығарылды.

«Onyx Hotel Tour» туры мен үшін шынымен қиын болды. Джастин мені көпшілік алдында ұятқа қалдырды, сондықтан өз абыройымды қайтару үшін маған да әрекетке бару керек еді. Дегенмен бұл одан да жаман болды. Мен турды сол сәтте жек көрдім. Құдайдан «Құдай, қолымды сындыр, аяғымды сындыр, бір жерімді болсын сындыршы» деп тілейтінмін. Содан кейін 2004 жылдың 8 маусымында, шоуың бітуіне әлі екі ай қалғанда, «Outrageous» әнімнің бейнебаянын түсіріп жатқанда қайтадан құлап, тіземді ауыртып алдым, ота жасауға тура келді. Турдың қалған күндері өнер көрсетпейтін болдым. Жасөспірім кезімде тізем ауырғанда физиотерапиядан қанша зардап шеккенім жайлы ойладым. Ондайды бастан өткізу маған қиынға соқты. Аяқтарым шыдатпай ауырса да, оларды көтеріп түсіруге тура келді. Сондықтан дәрігерлер маған «Викодин» ұсынғанда, ішуді жөн

көрдім. Бұрын басымнан өткен ауыртпалықты қайта сезгім келмеді.

Сөйтіп, Манхэттендегі пәтеріме бардым да, үлкен төсегіме жата кеттім. Дос-жаран, отбасым, жұмыстағы адамдар мені іздеп, сөйлескісі келсе: «Мені жайыма қалдырындар, ештеңе істегім де, ешкімді көргім келмейді», – дедім. Әсіресе біраз уақытқа гастрольге қайта шыққым келмеді.

Оның себебі сонша еңбектенгеннен кейін жеке өміріме өзім жауап беріп, шешім қабылдауға ендігіде құқығым бар деп сендім. Олар мені Джастинмен айырылысқаннан кейін бірден жұмысқа қайта оралуға алдап мәжбүрлегендей сезіндім, өйткені бар білетінім ән айту еді. Опух туры қателік болды. Дегенмен іштей жұмыс болған соң істеу керек деп ойладым.

Сондықтан үзілісті пайдаланып, гастрольді қайта жалғастырмас бұрын Джастинді іштей жіберуге уақыт бөлуім керек екенін түсіндім. Музыка индустриясы тым қатты әрі кешірімсіз. Күнде жаңа қалаға барасыз. Ешқандай тұрақтылық жоқ. Жол жүріп, іштей тыныштық табу мүмкін емес. 2000 жылы Гавайиде «Britney Spears: Live and More!» әніне арнайы бейнебаян түсіргенде теледидарға шығу шынымен оңай екенін түсіндім. Теледидар жұмыстың жеңіл бөлігі болды, ал гастрольге, турға шығу – керісінше, азап.

Сол кездері сіңлім де «Nickelodeon»-мен үлкен келісімшарт жасасты. Сіңлім үшін шын қуандым. Оның өз сөздерін жаттап, киімдерін киіп жатқанын көргенде, балалар теледи-

дарының жайлы әлеміне ұқсайтын жұмыс қалайтынымды ойладым. «Микки Маус» клубы туралы ойлау және ол кезде бәрі оңай болып көрінгенін есіме түсіру ұнайтын.

Кевин маған өзім қалаған тұрақтылық пен еркіндікті береді деп ойладым.

Кевин екеуіміздің бірге болғанымыз көп адамның көңілінен шыға қоймады. Бұл жайт маған ұнаса да, ұнамаса да, сол кездегі әлемдегі ең үлкен жұлдыздардың бірі едім. Ал ол болса өзінің жеке өмірін көпшіліктің алдына шығара бермейтін адамдардың қатарынан еді. Бәрінен біздің қарым-қатынасымызды қорғауыма тура келді.

Кевин екеуіміз сол жылдың күзінде үйлендік. Қыркүйек айында неке қию рәсімін «тосынсый» ретінде өткіздік, бірақ заңгерлерге неке келісімшартын жасауға көбірек уақыт керек болды, сондықтан заңды неке екі апта бойы ресімделмеді.

Біздің тойымызды People журналы түсірді. Баусыз көйлек кидім, ал қыз жолдастар күрең түсті көйлек киді. Салтанатты рәсімнен кейін клубқа барып, түні бойы билейтін болғандықтан, «MRS. FEDERLINE» деп жазылған қызғылт түсті спорттық костюм кидім, өзгелері де әдемі спорттық костюм киді. Тұрмысқа шығып, отбасын құруды жоспарлағандықтан, өзіме жақпайтын істерге жоқ деп айтуды үйрене бастадым.

Олардың бірі – Онух туры. Солайша, менеджерлеріммен арамизды үздім. Өз веб-сайтымда жанкүйерлерге арналған

хатымда өзім үшін өмір сүріп, демалу үшін біраз уақытқа үзіліс алатынымды айттым. «Мен «ЖОҚ!» деп айтуды үйрендім» деп шын жүректен жаздым. «Өзімнің еркіндігімді тапқаннан кейін адамдар менімен қалай әрекет ету керектігін білмейтін сияқты... Соңғы екі жылда басымды тауға да, тасқа да соқтым. Солай болды да, өмірім түрлі шытырманға толы болды. Жастайынан жұлдыз болудың шын мәнінде қандай сынақ екенін енді түсіндім. Он бес жастан бері бар білгенім тоқтамай жұмыс істеу еді... Дегенмен уақытпен бірге адамдар да өзгеретінін естеріңізде сақтаңыздар», – деп жаздым.

Мен өмірім жайлы шешімді өзім қабылдайтыным жайлы жариялағаннан кейін өзімді шынымен еркін сезіндім.

Енді бәрі басқаша болады деп ойладым жігерлене.

Артынан солай болды да.

Жүктілік жайлы айтар екі жайт бар: Мен жыныстық қатынас пен тамақ ішуді жақсы көретінмін. Осы екеуі қос жүктілігімде де керемет болды.

Осылардан басқа маған рақат сыйлайтын көп нәрсе болды деп айта алмаймын. Жүктілік кезеңінде мінезім өзгерді. Сол екі жыл бойы менімен байланысу қиын болатын. Менің де ешкімнің қасында мүлдем болғым келмеді. Ол кезде айналама зәрлі болдым. Маған ешкімнің, тіпті анамның да жақындағанын қаламадым. Мен нағыз аю ана болдым. Американың еркетайы әрі әлемдегі ең ашуланшақ әйел.

Джейми Линнді де әсіре қорғаштаумен болдым. Ол маған өзінің телебағдарламасында бірге істейтін әріптесі жайында шағымданғаннан кейін, ол актрисамен сөйлесу үшін түсірілім алаңына келдім. Сырттан қарағанда: «Сен сіңлім туралы өсек таратып жүрсің бе?» – деп жасөспірім қызға айқайлап жатқан әйелге ұқсаған шығармын (ол кейін кінәсіз болып шықты, сол үшін ол қыздан кешірім сұраймын).

Жүкті болған кезімде менен бәрі аулақ жүргенін қаладым: «Ары тұрыңыз! Мұнда бала бар!»

Әйелді жүктілікке ешкім әзірлей алмайды деген рас. Бұл – бір ғажап құбылыс. Сенің ішінде тірі жан пайда болады. Жас кезіңізде «мына адам жүкті екен, мына кісінің баласы бар екен» дейсіз. Дегенмен өз басыңыздан өткергенде,

ол мүлдем оңай емес. Бұл – ерекше рухани тәжірибе және керемет күшті байланыс.

Анам үнемі босанудың қаншалықты азап екенін айтатын. Ол мені босанған кезде бірнеше сағат бойы қалай қиналғанын ешқашан ұмытпаған. Айтайын дегенім, жүктілікті әркім әртүрлі кешеді. Кейбір әйелдерде ол оңай өтеді. Мен табиғи жолмен босанудан қорықтым. Дәрігер маған баланы кесір тілігі арқылы алуды ұсынғанда, иығымнан жүк түскендей болды.

Шон Престон 2005 жылдың 14 қыркүйегінде дүниеге келді. Оның сондай сүйкімді де мейірімді бала екенін бірден аңғаруға болатын.

Содан үш айдан кейін тағы бала көтеріп қалдым. Жас арасы бір-біріне сондай жақын екі балам болғанына қатты қуандым. Сонда да жүктілік тәніме ауыр тиді, сол кезең мұң мен жалғыздыққа толы болды. Әлемде барша адам маған қарсы болғандай сезіндім.

Мен үшін басты қауіптердің бірі папараццилердің агрессиясы болды.

Егер көпшілік назарынан тыс болсам, суретшілер жайыма қалдырады деп ойладым. Дегенмен қайда барсам да, үйде отырсам да, дүкенге барсам да, суретшілер мені тауып алатын. Күндіз-түні олар сыртқа шығуымды күтіп отырады.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ешқайсысы өзіме қатты қарайтынымды білмеген секілді. Жабайы болуым мүмкін еді, бірақ әрқашан адамдарға ұнауға тырысатынымын. Ең

қиын кездерде де адамдардың не ойлайтыны маңызды еді. Оңтүстікте өскеннен кейін біз жақта тәрбиеге аса мән беретін. Әлі күнге дейін жасына қарамастан, еркектерге «мырза», әйелдерге «ханым» деймін. Жай адамгершілік тұрғысынан қарағанда да, жақтырмау, жиіркеніш сияқты қатынасқа тап болу ауыр еді.

Өз сәбилеріммен жасаған әр ісімнің бәрі жаңалыққа шығатын болды. Балам Шон Престонды тіземе алып, папарацциден құтылу үшін көлікпен кетіп бара жатқанымда, олар мені ана ретінде жарамсыз деп шығарғысы келді. Баламмен бірге «Malibu Country Mart» орталығында жүргенде папараццилер мені қыспаққа алып, баламды қолыма алып, жылап тұрған күйімді суретке түсірумен болды.

Нью-Йоркта Джейден Джеймске жүкті болып, Шон Престонды қолыма алып, ғимараттан шығып, көлікке отырғалы жатқанымда суретшілер айналама қаптап кетті. Көліктің арғы жағынан отыруыма тура келді. Сөйтіп, мыңдаған камераның жарқылы мен «Бритни! Бритни!» деп айғайлаған адамдардың арасынан өтуіме тура келді.

Суреттер емес, бейнежазбаны көрсеңіз, бір қолымда су, екінші қолымда баламды көтеріп бара жатып, өкшем қайырылып, құлап қала жаздағанымды көресіз, бірақ құлаған жоқпын. Шалынып қалып, суымды да, баланы да құлатқан жоқпын. Оған қоса балам мүлде жылаған жоқ.

«Осы үшін маған мылтық керек», – дедім камераға (кейін оным қате де болған шығар). Дегенмен өзімді ұстауым қиын

болатын. Журналдар «Бритни Спирс семіріп кетіпті» деген жаңалықтарды шығарудан жалықпайтын. «Қараңыздар, боянбай шығыпты!» Бұл бір күнә сияқты. Салмақ қосу арқылы оларға сатқындық жасадым ба? Қай кезде өмір бойы он жетідегі қыздай болып қалуға уәде беріп едім?

Шон Престон кішкентай болғанда Кевин де музыкасына ден қоя бастады. Өз атын шығарғысы келді, оның бұл ниетін қолдадым. Көп ән жазатын және оған ән жазу ұнайтын. Кейде жұмыс істейтін студиясына соғып кететінмін, ол жер маған клуб сияқты көрінетін. Студия есігінен шығып жатқан шөптің иісін кірмей тұрып сездім. Қасындағы басқа жігіттермен бірге наша шегіп жатты, оларға кедергі болғандай болдым. Олардың отырысына шақырылмаған қонақ едім.

Нашаның түтініне шыдай алмадым. Тіпті шөптің иісі жүрегімді айнытты. Ал мен балалы болдым және екіншісіне жүкті едім, күні бойы қыдыруға шамам келмеді. Сондықтан көбіне үйде болдым. Әрине, өмірім соншалық қиын болған жоқ. Армандаған әдемі үйім болды. Біз таңғажайып аспазды жалдадық, оны жиі шақыру өте қымбат болды. Бірде аспаз пісірген тағамды жеп отырып, мен: «О, Жаратқан, бұл өмірімде жеген ең дәмді тамақ шығар, бізбен бірге тұрсаңыз қайтеді? Мен сізді өте қатты жақсы көремін!» – дедім. Шынымды айттым, оны қатты жақсы көрдім. Үйдегі кез келген қосымша көмек үшін өте риза болдым.

Кевин екеуіміздің арамыз алыстай бастағаны ерлі-зайыптылардың арасында болатын заңдылық деп ойладым. Сіз кезекпен бір-біріңізге аздап өзімшіл болуға мүмкіндік бересіз. Оның атақ-даңқтың дәмін алғаш татқан кезі. Мен оған рұқ-

сат беруім керек болды.

Өзімді-өзім шабыттандырып жүрдім: Ол – күйеуім. Мен үшін бөтен адам емес, сол үшін оны сыйлап, өзгелерге қарағанда тереңірек түсінуге тырысуым керек. Ол – балаларымның әкесі. Оның мінез-құлқы өзгеріп кетті, бірақ оның қайта өзгеруі мүмкін деп сендім. Адамдар ол өзінің екі баласы бар бірінші әйелін тастап кеткені секілді, менімен де кішкентай балаларым бар кезде ажырасып кетеді деді, ондайға жол бергім келмеді! Оның бірінші отбасындағы жағдай біздің отбасымызда қайталанбайды дедім.

Ренішімнің бәрін ойымнан шығарып тастауға тырыстым. Оның мені тастап жатқаны жайлы мүлдем хабарсыз болғым келді. Оны көру үшін Нью-Йоркқа ұшып бардым. Оның байланысқа шықпағаны сонша, онымен бірге отбасы болып, бірге біраз уақыт өткізуіміз керек деп ойладым. Күйеуімді көргім келіп, жақсы қонақүйге орналастым.

Дегенмен оның мені көргісі келмеді, ол үшін әлемде жоқ адам секілді болып көріндім.

Жылдар бойы командамда болған оның менеджері де мені көргісі келмеді. Ол қазір Кевиннің командасында, олар менімен байланысқысы келмеген секілді болды.

«Қарғыс атқыр, шынымен, солай ма?» – дедім мен.

Кевин екеуіміздің арамызда не болып жатқанын сұрау үшін онымен көрісу жайын ғана ойладым. Айтқым келгені: «Сен осы жаққа кетіп бара жатқанда мені құшақтап сүйген едің. Не болып кетті? Саған не болды?»

Бір кикілжің барын сездім, ол өзгере бастады, әсіресе атағы артып, жаңалықтарға шыға бастағаннан кейін өзін басқаша ұстайтын болды. Бірде ол үйге кешігіп келіп, бір кеште болғанын айтты. «Ол жерде Джастин Тимберлейк, Линдси Лохан да болды!» – деді ол.

«Сенің баратын кешің мені қызықтырады деп ойлайсың ба? – деп ойладым. – Ондай кештердің қаншасына барғанымды білесің бе? Ол адамдардың кейбірін сенімен танысқанға дейін білемін. Джастинмен бірге болған жылдарымда қаншама нәрсе бастан өткенін білесің бе? Жоқ, ешбірін де білмейсің». Мен мұның ешқайсысын да оған айтқан жоқ едім, бірақ мұны да, басқа да көп нәрсе айтқым келді.

Кевиннің атақ-даңқ пен биліктен басы айналып кетті. Өз өмірімде атақ пен ақшаның адамдарды қалай құртқанын қайта-қайта көрдім. Кевинге де не болып жатқанын өз көзіммен көрдім. Түсінгенім, адамдардың көпшілігі, әсіресе ер адамдар мұншалық атақ пен даңққа ие болғанда әдетте арты қиын болады. Олар атақ-даңққа тым құмар, оларға бұл аса жаға қоймайды.

Кейбір жұлдыздар атақ пен даңқты көтере алады. Болашағын бағамдай алады. Олар қошеметке бөленуді ұнатады, әсіре қатты емес. Олар кімнің пікірін тыңдап, кімнің пікірін елемей керектігін біледі. Марапаттар мен кубоктар ұту керемет, алғашында атақты болған кездегі бастапқы екі жыл – айтып жеткізе алмайтын толғандыратын кезең. Кейбір адамдар атақ-мансабын жақсы қалыптастыра алады.

Тек мен емес. Алғашқы екі-үш жылымда жаман болмадым. Бірақ нағыз мен кім едім? Мектепте баскетболшы болдым, доп ойнадым. Жақсы көретінім ісім сол болатын.

Атаққа келгенде... Бұл өмір шынайы емес, достарым. Өзіңнен талап етілетін нәрсені орындайсың, өйткені тіршілік үшін, отбасыңды қаражатпен қамтамасыз ету үшін қажеттінің бәрін жасайсың. Дегенмен жұлдызды өмірде маған шынайылық жетіспеді. Балаларымды дүниеге әкелгенімнің себебі де сол деп ойлаймын.

Иә, марапаттар мен атақ-даңққа бөлену маған қатты ұнады. Бірақ мен үшін бұл жерде мәңгілік ештеңе жоқ. Маған ұнайтын нәрсе – дайындықта тер төгу немесе жай ғана доп ойнау. Маған жұмыстың өзі, жаттығу көбірек жағатын, өйткені ол істе мен үшін шынайылық көбірек болатын.

Атақ-даңқты көтере білетін адамдарға қызғанышпен қараймын, өйткені мен танымалдықтан қашамын. Мысалы, Дженнифер Лопес мені әу бастан-ақ атақты бола білетін, адамдардың оған деген қызығушылығын арттыра алатын, қай жерде шекара қою керектігін білетін адам ретінде таңғалдыратын. Ол әрқашан өзін жақсы ұстайды. Өз абыройын ешқашан жоғалтқан емес.

Ал Кевинге келсек, оның қолынан бұл нәрсе келмейтін. Мойындаймын, менің де атаққа әлсіздігім бар. Тез қобалжитын адаммын. Мүмкін, мені адамдар қатты ренжіткендіктен болар, жасым ұлғайған сайын жұрт назарынан қашатын болдым.

Сол бір Нью-Йоркқа барған кезде Кевин екеуіміздің қатынасымыз аяқталғанын білуім керек еді, дегенмен әлі де некемізді сақтап қалуға болатынына сенгенмін. Кейін Кевин Лас-Вегастағы басқа студияға көшті. Сөйтіп, онымен сөйлесемін деген үмітпен сонда бардым.

Оған барған кезімде шашын тақырлап алып тастапты. Өз альбомының мұқабасын түсіруге дайындалып жатқан, күнітүні студияда болды. Өзін шынымен рэпермін деп ойлады.

Сөйтіп, Кевиннің жағдайына жаным ашып, Джейден Джеймске әлі жүкті күйімде, Шон Престонды алып, Вегасқа келдім. Ол өзінің атын шығаруға тырысты және бәрі одан күмәнданғандай болды. Мен оның қандай жағдайда болғанын білдім. Өзінді жұрт алдына шығару, шынымен, қорқынышты. Әлемнің бәрі саған қарсы болса да, өз-өзіңе сенуің қажет. Бірақ оның жоғалып кетпей, менімен бірге көбірек уақыт өткізгенін дұрыс көрдім. Кішкентай отбасымыз жүрегімдей болды. Құрсағымда оның сәбилерін ұзақ көтергеннен бе, үлкен құрбандыққа бардым. Мансаптан бас тарттым. Өмірімізді жақсарту үшін бәрін жасадым.

Шон Престонды қонақүйде күтушімен қалдырып, түсірілім алаңына бардым. Оның тағы да мені көргісі келмейтінін айтты. Содан кейін ақталуға тырысып, ешқашан олай жасамайтынын айтты. Есімде қалғаны: бұрын үйімде жұмыс істеген күзетшілер сол жерде есік алдында тұрып, мені кіргізбеді. Түсірілімдегілердің бәрі менен қашқақтап тұрғандай. Терезеден қарасам, көңіл көтеріп жатқан бір топ

адамды көрдім. Түсірілім алаңы түнгі клубқа айналғандай. Кевин мен өзге актерлер шөп шегіп, бақытты көрінді.

Өзімді бөтен сезініп кеттім. Іштегілердің ешбірі мені көрмей тұрғанда біраз уақыт оларды бақыладым. Содан кейін күзетшіге: «Жарайды, тамаша екен», – дедім де, бұрылып, қонақүйге қайттым.

Қатты күйзеліп, қонақүйде отырғанымда, есік қағылды.

Есікке барсам, ол ағамның ескі достарының бірі Джейсон Травик екен. Ол не болғанын естіпті.

«Қалың қалай?» – деп сұрады. Шынымен, жауап күткендей көрінді.

Менен соңғы рет халімді кім, қашан сұрап еді деп ойла-
нып қалдым.

Шон Престон тура бір жасқа толғанда, 2006 жылы 12 қыркүйекте Джейден Джеймс дүниеге келді. Ол туғаннан-ақ көңілді бала болды.

Екі ұлды да дүниеге әкелгеннен кейін өзімді сондай жеңіл сезіндім, жеңіл болғаны соншалық, құс секілді қалықтап ұшып кететіндей едім.

Маған өз тәнім кереметтей сезілді. Қайта он үш жаста болу деген осы болар деп ойладым. Енді қарным жоқ.

Достарымның бірі келіп: «Уау, арықтап кетіпсің!

«– деді.

«Мен екі жыл қатарынан екіқабат болдым», – деймін.

Босанғаннан кейін өзімді мүлде жаңа адамдай сезіндім. Бұл жайттың мәнін түсіне алмадым.

Бір жағынан, маған киімдерім қайта сыятын болды. Не кисем де, маған бәрі жарасып тұрды. Киім қарап, сәнді киіну мен үшін тосынсыйдай болды. Мәссаған, бұл менің денем бе деп ойладым.

Екінші жағынан, сәбилерім ішімде болғанда олар қауіпсіздікте деп сезінетінмін. Енді олар ішімде емес, қауіпсіз ұстай алмайтындықтан, аздап күйзеліске түстім. Маған папараццилер мен таблоидтар әлемінде қауқарсыз болып көрінді. Ішіме қайта кіргізе алсам ғой, солай ғана бұл әлем

оларға қауіп төндіре алмайды. «Неге Бритни Джейденмен болғанда камерадан қашады?» деп жазды бір журнал.

Кевин екеуіміздің Джейден туғаннан кейін балаларды жұрттан жасырып үйренгеніміз сонша, адамдар оның суреті неге жарияланбады деп таңғалды. Менің ойымша, егер біреу бұл жайлы ойласа, қандай да бір болжамға келер еді. Бұл жайлы ешкім ойланған жоқ. Олардың алдына толып кеткен денеммен шығып, өзімді суретке тартқызуым міндет секілді.

Балаларым туғанда далаға шықпас бұрын мені қанша кісі күтіп тұрғанын бақылауыма тура келетін. Барған сайын олар көбейіп жатқандай. Көліктердің бәрі күдік тудырып, сәбилерімді суретке түсіру үшін көп ер адам жиналып жатқанын көріп, қаным басыма шабатын. Жаңа туған сәбилерімнің суреті үшін оларға баспалары қыруар ақша төлейтіндіктен, қолынан келгенінің бәрін жасауға дайын.

Ал ұлдарым болса өте кішкентай еді. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – міндетім. Жарқыраған жарық пен айкай-шу оларды шошыта ма деп қорықтым. Кевин екеуімізге балалардың бетін олар тұншығып қалмайтындай етіп жабудың жолдарын қарастыру қажет болды. Көрпесіз-ақ әрең тыныс алатын едім.

Сол жылы баспасөзге шығуға еш қызықпадым, бірақ Мэтт Лауэрмен «Dateline»-ға бір сұхбат бердім. Адамдар мен туралы сұрақтар қойып жатқанын және олардың ішінде «Бритни нашар ана ма?» деген де сұрақтар барын айтты. Кім сұрап жатқанын ешқашан айтқан емес. Шамасы, бәрі сұрап жат-

са керек. Ол папараццилердің мені жайыма қалдыруы үшін не істеуім қажет екені жайлы сұрады. Олардың мені жайыма қалдыруы үшін біраз нәрсеге дайын едім.

Қуанышымызға орай, үйім қауіпсіз баспанадай болды. Біздің қарым-қатынасымыз қиын болды, бірақ Кевин екеуіміз Лос-Анджелесте Мэл Гибсонның үйінің дәл қасында керемет үй салдық. «Grease» фильміндегі Сэнди де жақын жерде тұратын. Мен оны көріп: «Сәлем, Оливия Ньютон-Джон! Қалың қалай, Оливия Ньютон-Джон?» – дейтінмін.

Біз үшін бұл армандағы үй болды. Үйде бассейнге бірден түсетін сырғанақ болды. Балалар қамал сала алатын ойыншықтарға толы құм алаңы болды. Баспалдақтары мен кішкене кіреберіс кеңістігі бар шағын ойын үйі болды. Үйді де түрлі заттармен толықтыра бердік.

Ағаш едендер ұнамады, сондықтан бүкіл жерге мәрмәр жасаттым, әрине, ақ мәрмәр болуы керек еді.

Интерьер дизайнері бұған мүлдем қарсы болды. Ол: «Мәрмәр едендер өте тайғақ және құлап қалсаңыз, қатты болады», – деді.

«Маған мәрмәр тас керек! Маған мәрмәр керек!» – деп талап еттім.

Бұл менің үйім, өз ұям болды. Өте әдемі еді. Дегенмен біртүрлі бола бастағанымды сол кезде білген сияқтымын.

Бірінен кейін бірі туған екі балам болды. Гормондарым маған түрлі әсер етіп жатты. Адам төзгісіз қатыгез және бұй-

рық бергіш болдым. Балалы болу өте маңызды іс болды. Үй-імізді мінсіз етуге тырысқаным сонша, артық кеттім. Қазір өткеніме көз салып, Құдай-ау, соншалық нашар болдым ба деп ойлаймын. Құрылысшылардан сол үшін кешірім сұраймын. Әсіре алаңшыл болып кеткен секілдімін.

Суретші шақыртып, балалар бөлмесіне қабырға суреттеріне айдағы кішкентай балалардың қиял-ғажайып суреттерін салғыздым. Сол үйге жанымды салдым. Балалы болу және оларды өзім жасай алатын ең жайлы ортада өсіру арманым еді. Мен үшін олар сондай тамаша, әдемі және дәл мен қалағандай болды. Балаларыма бүкіл әлемді – бүкіл Күн жүйесін сыйлағым келді.

Анама Джейденді алғашқы екі айда ұстауға рұқсат бермеген кезімде өзімді тым үрейшілмін деп күдіктене бастадым. Одан кейін де оны бес минутқа ғана ұстауға рұқсат беретінмін. Себебі қайтадан қолыма алуым керек. Қатты кеттім, білемін. Бәрін қазір түсіндім. Соншалық катал болмауым керек еді.

Балаларым дүниеге келгеннен кейінгі алғашқы күйім Джастинмен айырылысқаннан кейінгі жағдайға ұқсас болды деп ойлаймын. Мұның бәрі Бенджамин Баттон туралы фильмге ұқсады. Кері құлдырадым. Шынымды айтсам, жаңа босанған ана ретінде бір бөлігім сәбиге айналғандай. Бір бөлігім ақ мәрмәр жайлы айқайлаған өте талапшыл, ересек әйел болса, екінші бір бөлігім бала секілді болатын.

Балалар, бір жағынан, адамды емдейді. Олар өзгелерді

жөнсіз сынаудан арылтады. Бәрі де бір кездері сәби болғанын түсінесіз, сондай нәзік, дәрменсіз. Басқаша айтқанда, мен үшін балалы болу психологиялық тұрғыдан өте ауыр болды. Джейми Линн дүниеге келгенде де дәл солай болған. Мен оны қатты жақсы көріп, жанашыр болғаным сонша, өзім соған ұқсай бастаған едім. Ол үш жаста болғанда менің де бір бөлігім үш жасар қызға айналды.

Кей ата-аналарда, әсіресе бала кезінде психологиялық жаурақат алса, осылай болатынын естігенмін. Балаларыңыз сіз қандай да бір қиын кезеңді бастан өткізген жасқа жеткенде, әлгі жайттарды эмоционалды түрде қайта сезінесіз.

Өкінішке қарай, ол кезде психикалық саулық туралы қазіргідей көп айтылмайтын. Мұнымды оқыған, қиналып жүрген кез келген жас анаға айтарым: ертерек көмекке жүгініп, сезімін ақ мәрмәр еденге бағыттаудан гөрі емге бағыттайды деп үміттенемін. Өйткені босанғандағы торығудың менде сол кезде бүкіл белгісі болғанын білемін: қайғы, мазасыздық, шаршау. Сәбилер дүниеге келгеннен кейін сәбидің қауіпсіздігіне алаңдау басталды. БАҚ назарын бізге одан бетер аударды. Микроскоптың астында жүргендей өмір сүру былай тұрсын, жас босанған ана болудың өзі өте қиын.

Кевин үнемі аулақта болғандықтан, Америкадағы папараццилерден өзге ешкім қасымда болмады, халімді сұрамады.

Джейден үйге келгеннен кейінгі алғашқы бірнеше ай меңзең болып жүрдім. Ит асырап алдым. Фелиция біресе келді, біресе қайта кетті.

Джейденге жүкті кезімде шашымды қара түске боядым. Оларды қайтадан ақсары етемін деп, күлгін түсті етіп қойдым. Сұлулық салонына барып, шашымды толығымен шыннайы қоңыр реңкке боятуыма тура келді. Шашымды дұрыс түске келтіру үшін талай уақыт қажет болды. Өмірімде де ештеңе оңай бола қоймады. Жұмсартып айтқанда, өмірімде біршама хаос болды: Джастинмен айырылысу және қиынға түскен Опух турына бару, ешкім жақсы жұп шығады деп ойламаған адаммен үйлену, содан кейін күйреу үстіндегі отбасында жақсы ана болуға тырысу.

Дегенмен студияда өзімді әрқашан бақытты және шығармашыл сезінетінмін. «Blackout» альбомына дауыс жазу кезінде өзімді барынша еркін сезініп, керемет продюсерлермен жұмыс істедім. «Danja» лақап атымен шығатын Нейт Хиллс есімді ән жазушым поптан гөрі би мен «EDM»-ге көбірек әуес болды, ол мені жаңа дыбыстармен таныстырды, нәтижесінде дауысымды әртүрлі тәсілдермен жаңартуды үйрендім.

Маған ол жерде ешкімнің тым көп ойланбайтындығы, ұнайтын және ұнамайтын нәрсені ашық айта алатыным ұна-

ды. Өзім де не қалайтынымды нақты білдім және маған ұсынылған нәрселерді қатты ұнаттым. Студияға келіп, жаңа керемет әуендерді тыңдап, оларға дауыс жазу қызық болды. Сол кездегі беделіме қарамастан, ә дегеннен жұмысқа қуана кірісіп кеттім. Студия сыртында не болып жатқаны ғана мені қатты қынжылтты.

Папараццилер әр секунд сайын кіруге тырысатын зомбилер әскері сияқты болды. Олар қабырғалардан тың тыңдап, терезеден суретке түсіруге тырысты. Ғимаратқа кіріп-шығу әскери операция секілді болды. Сыртқа шығу қорқынышты.

«A&R» өкілім Тереза Лабарбера Уайтс өзі де ана болғандықтан, маған көмектесу үшін қолынан келгенін жасады. Студияларымыздың бәріне нәресте әткеншегін қойдыртты, бұл ісіне тәнті болдым.

Альбом ұранды әндерге толы болды. Жылдар бойы ұяң болып, анам мен әкемді қуантуға тырысқаннан кейін «Fuck you» дейтін кезім келгендей болды. Бұрынғыдай жұмыс істеді доғардым. Көшедегі бейнежазбаларды өзім түсіре бастадым. Құрбыммен бірге барға баратынымын, сосын құрбым жай ғана өзімен бірге камера әкелетін. Осылайша, біз «Gimme More» бейнебаянын түсірдік.

Ол бейнебаянымды мақтан тұтамын деп айтпаймын. «Gimme More» – өмірімде түсірген ең нашар бейнебаяным. Оны мүлдем ұнатпаймын, тым арзанқол. Оны түсіруге небәрі үш мың доллар жұмсаған сияқтымыз. Дегенмен нашар болса да, өз міндетін атқарды. Бәрін өз қолыма алып,

әндерді өзім шығара бастаған сайын, соғұрлым қызық адамдар менімен жұмыс істегісі келетінін айтып, байқай бастады. Кездейсоқ, ұзын құлақ арқылы жақсы адамдарды таба бастадым.

«Blackout» өзім жазған ең оңай және өз көңілімнен шыққан альбомдардың бірі болды. Альбом өте тез жазылды. Студияға кіріп, онда отыз минуттай болатынымын да, кететінмін. Бәрі тез жасалуы қажет еді. Егер бір орында тым ұзақ тұрсам, сырттағы папараццилер елес қуып бара жатқан Пак-Мэн сияқты көбейіп, қоршап алатын еді. Жан сақтау механизмім студияларға барынша тезірек кіріп-шығуды талап етті.

Мен «Hot as Ice» әнін жазарда, студияға кіргенде бөлмеде менімен бірге алты алып жігіт отырды. Бұл өмірімдегі ең рухани дауыс жазу сәттерімнің бірі болды, дардай алты жігіт тып-тыныш әнімді тыңдап отырды. Дауысым бұрын-соңды ондай жоғары шықпаған еді. Әнді екі рет орындап, кетіп қалдым. Маған қатты тырысудың да қажеті жоқ еді.

«Blackout» альбомын жазу маған ұнағанымен, өмір мені сан түрлі тараптан сынаумен болды. Өмірімнің әр сәті қым-қуыт жайттарға толы болды. Ол кезде өзіме деген сыйластығымды арттырып, өзімді одан да артық бағалауды үйренуім қажет еді. Дегенмен бұл кезең сырт көзге өте қиын болса да, әртістік жағынан бәрі керемет болды. Сол кезең маған шығармашылық жағынан оң әсер етті.

Мен «Blackout» альбомын жазғанда бойыма күш құйы-

лғандай болды. Ең жақсы студияларда жұмыс істеуге мүмкіндік алдым. Атақты кезең болатын.

Өкінішке қарай, отбасылық өмірімдегі қолайсыз жағдайлар өмірімнің басқа да жақтарына әсер етті. Отбасымда жайсыз жағдайлардың болғанына өкінемін, бірақ ештеңеге қарамастан, сол альбомымды мақтан тұтамын. Көптеген әншілер сол альбомнан шабыт алғанын айтты, оған қоса жанкүйерлердің ең сүйікті альбомы екенін жиі естимін.

Осы уақытта Кевин баспасөзге жиі шығып жүрді, онысына қарағанда, құдды бір әлемдік «Grand Slam» турнирінде жеңімпаз болғандай еді. Мен оның қандай адамға айналғанын түсіне алмадым. Содан кейін оған «Nationwide» үшін «Super Bowl» жарнамасын жасауға ұсыныс түсті. Жарнамада оның өзін келеке еткені – жұлдыз болуды армандайтын фаст-фуд қызметкерінің рөлін сомдағаны да маңызды емес еді. Бұл ұсынысты қабылдағаннан кейін мен оны мүлдем көрмедім. Тіпті менімен сөйлесетін дәрежеге түсе алмайтындай көрінді. Жұртқа әке болу ол үшін қатты маңызды екенін, өміріндегі ең жақсы жайт екенін айтты. Оның сөздерінің расөтірігін біле алмайсыз, өйткені, өкінішке қарай, үнемі үйде болмайтын.

Кевинге күйеуге шыққанда оны шын жүрегіммен сүйдім. Үйлену тойымыздағы суреттерден көзіме қарасаңыз, қандай күйде болғанымды көрер едіңіз: оған ғашық болдым, өмірімнің жана кезеңін бастауға дайын едім. Ол адамнан бала көтергім келді. Жайлы үйде тұрғым келді. Онымен бірге қартайғым келді.

Адвокатым егер мен ажырасуға арыз жазбасам, Кевин бірінші жазатынын айтты. Бұдан түйгенім, Кевин ажырасуға арыз бергісі келген, бірақ ол өзін кінәлі сезінген. Өтініш берген мен болсам, ол көпшіліктің алдында жақсы болып көрінетінін білді. Адвокатым маған Кевиннің не болса да ажырасуға арыз беретінін айтты. Мені масқараламас үшін бірінші болып арыз бергенім дұрыс екеніне көндірді.

Ұятқа қалғым келмеді, сондықтан 2006 жылдың қараша айының басында Джейден шамамен екі айлық болғанда ажырасуға құжат тапсырдым. Кевин екеуіміз де ұлдарға толық қамқорлық жасауды сұрадық.

Бір түсінбегенім Кевиннің содан кейін менен оның заңды істерге кеткен шығындарын төлеуді талап еткені еді. Заңды түрде ажырасуды мен бастағандықтан, жас отбасымды бұзғаным үшін баспасөзде жауап беруіме тура келді.

Бұл жайтқа бұқаралық ақпарат құралдарының назары қатты болды. Кевиннің ажырасқанымызды жариялағанға

дейін бір апта бұрын шыққан альбомы үшін бұл жақсы болған шығар, бірақ жұрт алдында жаманатты болдым. Кейбір адамдар қолдау көрсетуге тырысты, бірақ баспасөзде олар мұны Кевинді жамандау арқылы білдірді, бұл іс жүзінде пайдаға аспады.

Сол айдың соңында мен «American Music Awards»-қа шықтым. Сахнаға шығуды күтіп тұрғанымда, Джимми Киммел Кевин туралы монолог әзіл айтты, ол оны «әлемдегі бірінші рет хит болмаған ғажайып» деп атады.

Ол екі баламның әкесі еді. Жұрттың оған жәбір көрсеткені мені алаңдатты. Бүкіл аудитория күліп жатты. Бұлай болатынын білмедім, маған мүлдем күтпеген жерден әсер етті. Сахнаға шығып, марапатты Мэри Джей Блайджға бердім. Кейін сахна сыртына барып, мән-жайды білмегенімді, бұл істің маған ұнамайтынын түсіндіруге тырыстым. Сондай-ақ балаларға қамқорлық үшін талас барысында бұрынғы күйеуімді осылай мазақ қылу маған қандай да бір пайда әкеледі деп ойламадым.

Ажырасқанымыз туралы хабарға менен басқаның бәрі қуанғандай болды, тойлатқым келмеді.

Өткенге көз салсам, Джастин де, Кевин де өте ақылды болған деп ойлаймын. Олар не істеп жатқанын білді, ал мен сол құрыққа түстім.

Өнер жолының қиын тұсы да осында. Мен ешқашан ойынды қалай дұрыс ойнау керектігін білмедім. Өзімді кез келген тұста қалай көрсету керектігін білмедім.

Киіну стилім нашар болды, иә, киіну үлгім қазір де нашар, мойындаймын, Өзіммен жұмыс істеп келемін. Өзімнің кемшіліктерімді мойындап, сайып келгенде, өзімнің жақсы адам екенімді білемін. Өнер әлемінің ойынын ойнай білу үшін жеткілікті дәрежеде ақылды, содыр, саналы болу керек екенін бұрын білмесем де, қазір білемін. Шын мәнінде, кінәсіз, көп нәрседен хабарсыз болдым. Екі кішкентай ұлы бар жалғызбасты ана болдым, қаптаған суретшілердің алдына шықпас бұрын шашымды жөндеуге де уақытым болмады.

Жастықпен көп қателестім. Мынаны айтайын: айла-шарғы жасайтын адам емес едім. Жай ғана ақымақ болдым.

Алайда Джастин мен Кевин мені сондай қылып көрсеткісі келді. Мен адамдарға сенетінмін. Джастинмен айырылысып, кейіннен күйеуіммен ажырасқаннан кейін адамдарға сенбейтін болдым.

Маған қамқорлық қажет кезде мейірімін төккен адамдардың бірі – Пэрис Хилтон. Америкада көпшілік жын-ойнақтың қызы деп ойлағанымен, оның түр-сымбатын мойындаймын: оның қызыл кілемде өзін ұстауы, жұрттың бәрі оны жамандап жатса да, сәнін жоғалтпауы ғажап.

Ол балалы болғанымды, ажырасып, қиналып жүргенімді көріп, мені шын аяды. Үйіме келіп, маған көп көмектесті. Джейсон Травикпен бірге Вегаста өткізген түннен басқа, маған жылдар бойы ешкім мұндай жанашыр болмаған сияқты. Жақсы араласа бастадық. Ол маған ұзақ уақыттан бері бірінші рет көңіл көтеруді қайта үйретті.

Пэриспен бірге көп қыдыратынмын. Дегенмен, шынын айту керек, біздің кештеріміз ешқашан баспасөз айтқандай жабайы болған емес. Мүлдем сыртқа шықпайтын кездерім болды. Ақырында балаларымды сенімді бала қараушыларға тастағаннан кейін ғана бірнеше сағатқа сыртқа шығып, өзге жастармен бірге көңіл көтеретінмін. Дегенмен жұрт әлемдегі ең нашар ана екенімді ғана айтумен болды. Таблоидтар де айыптауларға толы: «Жезөкше!» «Есірткі қабылдайды!»

Ішімдікпен қиындық болған емес. Мен ішкенді ұната-тынмын, тек ешқашан есімді жоғалтқан емеспін. Мен таңдаған есірткі дәріні білгіңіз келе ме? Ішімдіктен бөлек, ішкен жалғыз нәрсем не екенін білесіз бе? Ол – «Adderall», зей-

ін тапшылығы және жоғары белсенділік синдромы (ЗТЖБС) үшін балаларға берілетін амфетамин. Иә, маған ол дәрінің жаққан тұсы болса, бұл дәріні ішкенде тым болмаса бірнеше сағатқа торығудан арылатынмын. Бұл мен үшін антидепрессант ретінде жаққан жалғыз нәрсе болды. Өзімнің жағдайымды көтеру үшін осы сынды бір дәрі қажет болды.

Есірткіге ешқашан қызықпадым. Музыка әлемінде есірткінің түр-түрін қабылдайтын көптеген адамдарды көрдім, бірақ ондай заттар маған арналмаған еді. Мен туған жерде адамдар сыраны көп ішетін. Осы күнге дейін қымбат шарап ішкенді ұнатпаймын, себебі ол тамағымды күйдіреді. Сосын Нью-Йоркта өкшемді сындырып алған кезден бастап наша шегуді ешқашан ұнатқан емеспін. Егер наша шегіп отырған адамның қасында түтіннен масайып қалсам, өзімді өте баяу, топас сезетінмін. Өзімді олай сезінгенді жек көремін.

Жұрттың бәрі шу қылып айтып жүрген мен, Пэрис және Линдси Лохан үшеуіміз бірге өткізген атышулы түнде не істегенімізді білесіз бе? Бар болғаны мас болдық. Бар болғаны сол!

Жағажайдағы үйде тұрдық, ал анам балаларға қарап қалды. Сондықтан мен Пэриспен бірге қалаға шықтым. Біз шарап ішіп, көңіл көтердік. Достармен бірге болып, сәл босаңсыдық. Сол түні тым қатты кетті дейтін ешқандай жайт болған емес.

Соңында көңілді кеш өткізгеніме қуанып, әлі де аздап мас күйімде жағажайдағы үйге келдім.

Үйде мені анам күтіп отырған. Мен кірген бетте ол маған айқайлады да, біз қатты ұрсысып қалдық. Мас болып қалғаным үшін ашуланды.

Мұнысы орынды еді. Шынымен, қатты мас болдым. Дегенмен бұл ісім отбасымыздағы бұлжымас заңды бұзу емес еді, өйткені отбасымызда ішімдікке деген көзқарас ондай қатал емес еді. Сол түні балаларды анама қалдырдым да, еш алаңдамастан көңіл көтеруге кеткен едім.

Анамның алдындағы ұят мені жегідей жеді. Сол жерде басым айналып тұрып қалдым да, ішімнен «жарайды, енді маған көңіл көтеруге болмайтын секілді» деп ойладым.

Жақсы болу үшін көп еңбектенсем де, анам әрқашан әлдене үшін өзімді жаман немесе кінәлі сезіндіруге тырысатын. Отбасымның әдеті – маған бірдеңе бүлдіргендей қарау. Сол түнгі ұрыс анаммен қарым-қатынасымды өзгерткен ұрыс еді. Бұрынғы күйіме орала алмадым. Біз тырыссақ та, нәтиже бермеді.

Дүниеде қанша жанкүйерім болса да, ата-анам мені ешқашан бағалай алған емес. Балаң ажырасып, жалғызсырап, адасып жүргенде оған қалай ғана бұлай қарай аласың?

Қиын уақытта адамға жан ашымау дұрыс емес. Жауап қайтарып, оларға қарсы бір сөз айта бастағанымда, Құдай куә, оларды көрсеніз, таңғалар едіңіз, бұл қылығымды жақтыра қоймады. Сонда да олар маған өздерінің эмоционалдық билігін жүргізе алды.

Ана болу жайлы жұрттың айтқанының бәрі рас екенін өз басыма келгенде түсіндім. Балаларым өмірімнің мәнін кіргізді. Кішкентай балапандарға деген махаббатымның соншалық кіршіксіз болғанына таңғалдым.

Дегенмен жұрт назарында болып, айналадан сондай қысым көре тұра, ана болу мен күткеннен әлдеқайда қиын болды.

Достарымнан алыстап, біртүрлі бола бастадым. Балалы болған кезде тек жақсы ана болудың қамын ойлау керек екенін білемін, бірақ мен үшін күнде баламен отыру және аналық міндетімді бәрінен биік қою қиын болды. Өмірімнің қалай өтіп жатқанын түсіне алмадым. Ес білгелі көргенім жұрт алдында болу еді. Қайда барарымды, не істерімді білмедім. Луизианадағы үйге барып, биік қабырғалы қоршауы бар үй алып, жасырынуым керек пе еді?

Ол кезде білмей, қазір түсінгенім: өмірім қарапайым адамның өмірі деуге мүлдем келмейтін.

Басты жаңалық беттерінен көрінбей, жай ғана сыртқа шығу, екі баласы бар ана ретінде қарапайым қателіктер жасау немесе айналамдағы адамдарға сенудің өзі маған қиынға түсті. Менде еркіндік те, қауіпсіздік те болмады. Оған қоса босанғаннан кейінгі ауыр торығудан қиналып жүрдім. Мойындауым керек, егер жағдайым түзелмесе, олай өмір сүре

алмайтын едім.

Жұрттың бәрі өз істерімен айналысып жатты, ал менің әр ісім сынға алынды. Джастин мен Кевин қалағанынша жыныстық қатынасқа түсіп, қалағанынша шөп шексе де, оларға ешкім ештеңе демес еді. Клубтан түнде үйге келгенімде, анам маған соқтығатын да тұратын. Ақырында кез келген нәрсені істеуге қорқатын болдым. Отбасым қол-аяғымды байлап, тұсап қойғандай болды.

Отбасымнан бір түнге болса да құтқарып, олармен аразда тұра алатын адамдарға тартыла бастадым. Үнемі отбасымның жіті бақылауында жүргендей сезінгендіктен, бірер сәтке болсын көңілімді аударған адамдарды тапқым келді. Ондай адамдардың барлығы кейін керемет жандар болып шықты деп айта алмаймын. Әйтсе де сол кезде маған қандай да бір көмек көрсетуді қалайтын және мені ата-анамнан арашалай алатын адамға мұқтаж едім.

Балаларды толықтай өзінің қарамағына алу үшін Кевин мені өзін дұрыс ұстай алмайды деп, барлығын сендіруге тырысты. Ол балаларым мүлде болмауы керек деп айта бастады.

Ол мұны айтқанда «әрине, бұл әзіл болар, таблоидтар үшін ғана» деп ойлағаным есімде. Ерлі-зайыпты атақты адамдардың жанжалы жайлы оқығанда олардың арасында шынымен не болып жатқанын ешқашан білмейсіз. Әдетте баланы өзіне алу үшін екі тараптың бірі бұқаралық ақпарат құралдарына әдейі түрлі сыбыстар таратып, түрлі бол-

маған оқиғаларды айтады. Ол балаларды алып кеткеннен кейін маған тезірек қайтаруын күттім. Балаларды маған қайтармай, апталап көруге мүмкіндік бермеді.

2007 жылдың қаңтарында әпкем Сандра аналық без ісігімен ұзақ және қатты ауырғаннан кейін қайтыс болды. Ол екінші анам сияқты еді. Жерлеу кезінде Сандра апайдың қабірінің жанында бұрын-соңды жыламағандай қатты жыладым.

Бұдан кейін жұмыс істеу мен үшін мүмкін еместей көрінді. Сол кезде маған танымал бір режиссер өзінің жұмыс істеп жатқан жобасы жайлы айтпақ болып қоңырау шалды. «Менде сен сомдайтын бір рөл бар, – деді ол. – Бұл, шынымен, оңай рөл емес».

Мен бас тарттым, өйткені бұл мен үшін эмоционалдық тұрғыдан пайдалы емес деп ойладым. Дегенмен әлгі рөл туралы біле тұра, санамда сол жерге барып, оның қандай болатынын елестетіп көрдім.

Ұзақ уақыт бойы ішімде бір қараңғы бұлт барын сезіндім. Сырттай қарағанда, адамдар қалай көргісі келсе, солай көрінуге, олар қалағандай әрекет етуге тырыстым: әрқашан сүйкімді, әдемі болдым. Дегенмен бұл кезде жаным жүдегені соншалық, ештеңе де қаламадым. Болмашыға жараланып қалатын болдым.

Ақпан айында ұлдарды апталап көрмеген соң, қайғыдан қан жұтып, оларды көруге рұқсат беруін сұрадым. Кевин мені кіргізбеді. Оған жалындым. Джейден Джеймс бес айлық, ал Шон Престон он жеті айлық еді. Олардың анасының қайда екенін білмей, анасының неге олармен бірге болғысы келмейтінін ойлап жатқанын елестеттім. Оларды көру үшін есікті бұзып кіргім келді. Не істерімді білмедім.

Папарацци мұның бәрін бақылап отырды. Қандай қорлыққа түскенімді айтып жеткізе алмаймын. Тығырыққа тірелдім. Әдеттегідей суретке түсіріп алатын, ерсі бірдеңе жасауымды күтіп тұрған адамдар қалмай жүрді.

Сөйтіп, сол түні оларға жаңалық болардай іс жасадым.

Шаштаразға кіріп, қайшыны алып, бүкіл шашымды тақырлап алып тастадым.

Бәрі мұны күлкілі деп ойлады. *Қараңдаршы, қандай ессіз әйел!* Тіпті ата-анам да менен ұялғандай болып жүрді. Дегенмен қайғыдан қиналғаным сонша, есімнен айырыла бастағанымды ешкім түсінбеді. Балаларымды менен тартып алды.

Шашымды алып тастағаннан кейін бәрі менен қорқа бастады, тіпті өз анам да. Менімен енді ешкім сөйлескісі келмеді, өйткені тым ұсқынсыз едім.

Шашым адамдар үшін сүйкімді кіргізетін басты заттардың бірі еді, оны білетінмін. Көптеген жігіттердің ұзын ша-

шты тартымды деп ойлайтынын да білгенмін.

Шашымды тақырлап алу арқылы әлемге «Fuck you» деп айтқым келді. «Сендер өздерің үшін әдемі болғанымды қалайсыңдар ма? Fuck you. Сендер жақсы қыз болғанымды қалайсыңдар ма? Fuck you. Сендер жұрт армандайтын қыз болғанымды қалайсыңдар ма? Fuck you» деп айтқым келді. Жылдар бойы жақсы қыз болып келдім. Телебағдарламалардың жүргізушілері омырауымды аңдып тұрғанда, америкалық ата-аналар мені олардың балаларын тым ашық киім киіп бұзып жүргендей жазғырғанда, басшылар қолымды сипап, миллиондаған күйтабағым сатылса да, мансабымды төмендеткісі келгенде, тіпті отбасым да мені зұлым адам ретінде көргенде сыпайы түрде күлімсірейтінмін. Мұның бәрінен шаршадым.

Сайып келгенде, маған бәрібір болды. Бар болғаны өз ұлдарымды көргім келді. Олармен бірге өткізбеген сағаттар, күндер, апталар жайлы ойлау жанымға батты. Өмірімдегі ең ерекше сәттерім балаларыммен бірге ұйықтау болатын. Құдайға өзімді ең жақын сезінген сәтім – сәбилеріммен бірге көз шырымын алу, олардың шашынан иіскеу, кішкентай қолдарынан ұстау.

Қатты ашуландым. Көптеген әйел бұл жағдайымды түсінер. Бірде құрбым: «Егер біреу баламды алып қойса, шаш қиюдан да бетер нәрселерді істер едім. Бүкіл қаланы өртеп жіберер едім», – деген еді.

Апталап балаларымды көрмей, өз-өзімді басқарудан қалдым. Тіпті өзіме қалай қарау керектігін де білмедім. Ажырасуға байланысты жақсы көретін үйімнен де көшуге мәжбүр болдым. Беверли-Хиллздегі кездейсоқ ағылшын стиліндегі коттеджде тұрдым. Папараццилер сол кезде судағы қанды сезген акулалар сияқты мені одан бетер аңдып кетті.

Алғаш шашымды алғанымда өзімді діни ғұрып жасағандай сезіндім. Мен таза *болмыс* деңгейінде өмір сүрдім.

Сыртқа шыққанда киетін жеті түрлі парик сатып алдым, бәрі қысқа болды. Дегенмен ұлдарымды көре алмасам, ешкімді де көргім келмеді.

Шашымды алып тастаған соң бірнеше күннен кейін немере сіңлім Алли мені Кевиндікіне апарды. Ең болмаса бұл жолы папарацци болмайды деп ойлады. Тек біреу суретшілердің біріне мен жайлы айтып қойып, ол өзгелеріне қоңырау шалған сияқты.

Жанармай құю бекетіне тоқтағанымызда, олардың бірекеуі біздің қасымызға келді. Жүрегім ауырып, Аллидің қайтып келуін жолаушылар орнында күтіп отырғанымда камерамен жарқылдатып суретке түсіріп жатты. Олардың бірі: «Қалың қалай? Жағдайың жақсы ма? Мен саған уайымдап жүрмін», – деді.

Кевиндікіне бардық. Кевиннің үйіне барып, ол бізді тағы

да кіргізбей қойған кезде екі папарацци бізді андып, суретке түсіріп алды. Тағы да өз балаларымды көре алмай қайттым.

Біз ол жерден кеткеннен кейін Алли ары қарай не істеу керектігін ойлану үшін жол шетіне тоқтады. Видеографтардың бірі қайтадан тереземе жақындады. «Бритни, қазір саған бірнеше сұрақ қоямын», – деді олардың бірі жауыз жүзбен қарап. Сұрақ қоюыма бола ма деп сұрамады. Маған не істейтінін айтып жатты. «Сосын мен сені жайыңа қалдырамын».

Алли жігіттерден кетуін өтіне бастады: «Өтінемін, жігіттер. Бұлай істемендер, жігіттер. Өтінемін, өтінемін...»

Өзі сондай сыпайы болды, олардан жанымызды сақтауды өтінгендей жалбарынды, мінезі сондай жұмсақ еді.

Олар тоқтамады. Айғай салдым.

Оларға реакция білдіргенім ұнады. Бір жігіт қалағанына қол жеткізбейінше кетпей қойды. Ол мысқылдап күліп, менен бір сұрақты қайталап сұрай берді...

Маған қайта-қайта жаман сұрақ қойып, мені ашуландыруға тырысты. Оның дауысы сондай жиіркенішті шықты, дауысында адамшылық мүлдем болмады.

Сол кезең бүкіл өмірімдегі ең жаман сәттердің бірі болды. Анау болса маған жабысты да қалды. Ол маған тірі адамдай қарай алмағаны ма? Сәл шегіне алмады ма? Олай істемеді. Артымнан қалмай қойды. Менен қайта-қайта балаларымды көре алмағандықтан, өзімді қалай сезінетінімді сұрады. Өзі күліп тұрды.

Ақырында шыдай алмадым.

Қолым жеткен жалғыз зат – жасыл қолшатырды алдым да, көліктен секіріп түстім. Оны ұрғым келмеді, өйткені қандай жағдайда да олай жасамаймын. Өзін емес, оның көлігін соқтым.

Әрине, оным аянышты көрінді. Адам қолшатырмен көлікке не істей алады? Бұл шарасыз адамның әрекеті еді.

Өз әрекетімнен ұялғаным сонша, фотоагенттікке фильмде рөлге түсуге үміткер екенімді, өзімді көңілсіз сезінгендігімді айтып, кешірім сұрадым.

Кейінірек папарацци мен туралы деректі фильмге берген сұхбатында: «Бұл түн ол үшін жақсы болмады... Бірақ бұл біз үшін жақсы түн болды, өйткені біз көп ақша әкелетін сурет түсірдік», – деді.

Қазіргі күйеуім Хесам маған әдемі қыздардың өз шаштарын тақырлап алып тастауы жаңа ғұрыпқа айналғанын айтады. «Бұл – сондай ағым, – дейді ол, – жұрт дұрыс деп санайтын сұлулық идеяларымен келіспеу». Ол мені осылай жігерлендіруге тырысады, өйткені әлі де шашымды тақырлап алып тастағаным үшін жаным ауыратынын сезеді.

Өзімді шыңыраудың шетінде өмір сүріп жүргендей сезіндім.

Шашымды қырып тастағаннан кейін Лос-Анджелестегі Брайанның пәтеріне бардым. Оның қасында Миссисипидегі бұрынғы екі құрбысы бар, анам да сонда болды. Анама түрім ұсқынсыз болып көрінгені сонша, маған бұрылып та қарамаған сияқты. Бұл әлемде азап шегіп, өміріңіздің ең қиын кезеңінде болсаңыз да, адамдар тек сыртқы келбетіңізге ғана мән береді.

Сол қыста егер оңалтуға барсам, балаларымды өз қамқорлығыма қайтаруға мүмкіндік пайда болатынын айтты. Сонымен, нашақорлықтан емес, одан гөрі ашу мен қайғы-қасіреттен жапа шегіп жүргенімді біле тұра, оңалтуға бардым. Ал қайтып келгенде әкемді көрдім. Ол маған қарсы отырды да (арамызда үш үстел болды): «Сен бізді қарабет қылып, масқараладың», – деді.

Неге Үлкен Робты көмекке шақырмадым деп ойлаймын қазір. Ұятым қысып, өзімді мазақ сезініп жүрген кезде өз әкем масқараладың деп айтты. «Жығылғанға жұдырық» деген осы шығар. Ол мені бұралқы иттей көретін. Қолдау көрсетер ешкім болмады. Оңалтудың жақсы әсер еткен бір жағы: өзіме дұрыс қарай бастадым. Ең ауыр сәттердің өзінен бір жарық сәуле табуға бекіндім.

Оналтудан шыққанда маған көмектескен бір керемет адвокат арқылы елу де елу шарты бойынша балаларымды көріп тұру мүмкіндігіне ие болдым. Тек Кевинмен шайқас жүріп жатқандықтан, сол жанжалдың өзі мені тірідей жеп жатты.

«Blackout» – бүкіл өнер жолымдағы ең мақтан тұтатын альбом, 2007 жылы Хэллоуин мерекесінің қарсаңында шықты. Оны жарнамалау үшін «VMA»-да «Gimme More» әнін орындауым керек болды. Барып ән айтқым келмеді, дегенмен командам маған жұртқа жақсы екенінді көрсетуің үшін сыртқа шығуың керек деп қысым жасады.

Өзімді әлі жақсы сезінбегенмін.

Сол түні «VMA» сахнасының сыртында ештеңе де жөнді болмады. Костюмім мен жасанды шашым да дұрыс болмады. Концерттің алдында түні бойы ұйықтамадым, басым айналды. Арасына жыл толмай екінші баламды босанғанымға әлі бір жыл да болған жоқ еді, дегенмен жұрттың бәрі денем жіптіктей болып, бұлшық етім шығып тұрмағаны үшін ренжіген сыңай танытты. Сол кездегі күйіммен сахнаға шығуыма тура келгеніне сене алмадым.

Сахна сыртында Джастинді көріп қалдым. Көрмегелі біраз болған еді. Оның әлемінде бәрі керемет жүріп жатты. Қай жақтан қарасаң да, өз өміріне көңілі толатын, бойында менмендік те бар.

Үрейлене бастадым. Жеткілікті түрде дайындалмадым. Өзімнің сыртқы келбетімді жек көрдім. Бәрі нашар өтетінін білдім.

Сахнаға шығып, сол уақытта қолымнан келгеннің бәрін жасадым, иә, бұрынғыдай жақсы өнер көрсетпедім. Ән айтып жатқанда залдағы бейнежазбадан өзімді көріп тұрдым, өзімді бір қисық айнадан көргендей болдым.

Қойылымды ақтап, бәрі керемет деп айтпаймын, әртістер үшін нашар кештер болып тұрады. Ондай кештердің әдетте соншалықты салдары да болмайды.

Джастин сахнаға көрермендер арасынан шықты. Ол залдағы қыздарға қылымси жақындады және олардың бірі Джастин ән айтып жатқанда еңкейе қарап, омырауын тосты. Содан кейін сахнада Нелли Фуртадомен және Тимбалэндпен бірге ән айтты, соншалық көңілді, еркін, жеңіл.

Сол күні кешке әзілкеш Сара Сильверман сахнаға мен жайлы әзілдеп, мазақ қылуға шықты. Жиырма бес жасымда өмірде жетуге болатын барлық жетістікке жеткенімді айтты. Екі баламды «сіз көрген ең керемет қателіктер» деп атады. Мұны кейін естідім. Ол кезде сахна сыртында қатты жылап отырғанмын.

Одан кейінгі күндері газеттер денем мен өнерімді күлкі ететін жаңалықтар шығарып жатты. Доктор Фил мұны пойыз апаты деп атады.

«Blackout» үшін жасаған жалғыз баспасөз кездесуім 2007 жылдың қазан айында альбом шыққан кезде Райан Сикрестпен тікелей эфирдегі радиосұхбат болды. Сұхбат альбомымдағы әндер жайында болуы қажет еді. Райан Сикрест маған мынадай сұрақтар қойды: «Сізді ана ретінде сынайтындарға

қалай жауап бересіз?» «Балаларыңыз үшін қолыңыздан келгеннің бәрін істеп жатырмын деп ойлайсыз ба?» және «Оларды қаншалықты жиі көресіз?»

Адамдардың бәрі тек қандай жаман ана екенім жайлы сөйлескісі келетіндей сезілді. Олар күн сайын қаптаған папарацциден қашып жүріп, екі баламды алдыма алып, сондай мықты альбом жазғаным жайлы неге сөйлескісі келмейді?

Менеджмент тобым жұмыстан шықты. Оққағарым Глория Оллредпен бірге балаларыма қамқорлық ісі бойынша куәгер ретінде кетті. Есірткі пайдаланып жүргенімді айтты.

Сот тағайындаған бала тәрбиесі жөніндегі маман балаларымды жақсы көретінімді және олармен тығыз байланыста екенімізді айтты. Сондай-ақ үйімде қатыгездік жасалып жатыр деп айтуға болатындай ештеңе жоқ екенін айтты.

Тек бұл жаңалыққа шықпады.

2008 жылдың қаңтар айының басында мен ұлдарды өзіме алған едім. Уақыт аяқталғаннан кейін оларды алып кетуге бұрын менде жұмыс істеген, кейін Кевинде жұмыс істейтін күзетші келді.

Алдымен ол Престонды көлікке отырғызды. Джейденді алуға келгенде кенет ұлдарымды енді ешқашан көрмеуім мүмкін деген ой мазалады. Балаларды қамқорлыққа алу бойынша сот ісінің қалай жүріп жатқанын ескере отырып, балаларды қайтарып берсем, оларды қайта көре алмаспын деп қорықтым.

Джейденмен бірге жуынатын бөлмеге жүгіріп кіріп, есікті құлыптап алдым, оны жібере алмадым. Баламды ешкімге бере алмадым. Үйде бізбен бірге болған бір құрбым ванна бөлмесінің есігіне келіп, күзетшінің күте алатынын айтты. Джейденді құшақтап тұрып, қатты жыладым. Сонда да маған ешкім артық уақыт бермеді. Не болып жатқанын түсініп үлгергенімше, қара киім киген «SWAT» (арнайы қаруланған жасақ) тобы құдды мен біреуге зиян келтіргендей жуынатын бөлменің есігін бұзып кірді. Өз балаларымның менімен тағы бірнеше сағат бірге болғанын қаладым, оларды мәңгілікке жоғалтып алмайтыныма сенімді болғым келді. Құрбыма қарап: «Сен олар күте тұрады деп едің ғой?» – дедім.

Джейденді қолымнан алғаннан кейін олар мені қоларбаға байлап, ауруханаға апарды.

Аурухана мені жетпіс екі сағаттық мерзім аяқталғаннан кейін бір-ақ босатты. Бұдан кейін іс насырға шапты. Пәпараццилер де содан кейін мені аңдуын үдете түсті. Сотта балаларға кім қамқоршы болатыны туралы жаңа тыңдалым өтті де, балаларымнан айырылып қаламын ба деп үрейленгеніме байланысты маған енді олармен өткізетін уақытымды одан да бетер азайтатынын айтты.

Өзімді арқа сүйер ешкімім жоқ сияқты сезіндім. Тіпті отбасым осы күйіме мән бермейтін сияқты. Мереке күндерінің қарсаңында он алты жастағы сіңлімнің жүкті болып қалғанын эксклюзив жаңалықтардан естідім. Үйдегілер ол жаңалықты менен жасырып қалыпты. Дәл сол кезде Джейми Линн ата-анамыздың үстінен өзіне кеңшілік беруге арыз бермекші болған уақыт болатын. Ол сыртқы әлеммен ата-анасынан тығып сақтаған телефондары арқылы сөйлесуге мәжбүр болған.

Түсінгенім, егер біреудің жағдайы нашар болса, (шынымен жай-күйім жақсы емес еді) дәл сол кезде ол адамға барып, қасында болу керек. Кевин менен менің әлемімді тартып алды. Тынысымды тарылтты. Ал отбасым болса қасымнан табылмады.

Өмірімнің ең қиын кезеңін басымнан өткеріп жатқаныма іштей қуанып жүрген болар деп те күдіктене бастадым. Бірақ олай болуы мүмкін емес қой? Әрине, мұным паранойя

Ғой.

Солай емес пе?!

Лос-Анджелес жыл бойы жылы, шуақты болып тұрады. Қалада көлікпен кетіп бара жатып, кейде қай мезгіл екенін ұмытып қаласың. Қайда қарасаңыз да, адамдар күннен қорғайтын көзәйнек тағып, салқын сусын ішіп, ашық көк аспан астында жымыып бара жатады. Тек 2008 жылдың қаңтары мен үшін шуақты Калифорнияның өзінде суық болып сезілді. Өзімді жалғыз сезіндім, себебі ауруханаға түсіп қалдым.

Мұны мойындамауым керек те шығар, жын ұрғандай болып жүрдім. «Adderall»-ды көп іштім.

Кевинмен болған оқиғаға қатты ашуландым. Мен екеуіміз үшін көп тырыстым. Барымды салдым, ал ол болса теріс бұрылды.

Бір суретші жігітпен кездесе бастадым. Оған шын қызықтым. Папарацци болып істейтін, басқа адамдардың онын жаман ойы бар деп ойлағанын да түсінетінмін. Алайда сол кезде оның жігіттік әрекеті мен өзгелер тым агрессив болған кезде маған көмектескенін көрдім.

Ол кезде маған бірдеңе ұнамаса, бірден айтатынымын, ойымды міндетті түрде жеткізетінмін. (Егер 2023-тің шілдесіндегідей Вегаста біреу бетімнен шапалақпен ұрса, міндетті түрде жауап қайтарар едім, есемді жібермес едім.)

Қорқынышымнан арыла бастадым.

Бізді үнемі папаращилер қуып жүретін. Қуғыншылар шынымен ессіз болатын: кейде озбырлық танытса, кейде жай әншейін жүретін. Көптеген папаращии суреттерінде «о, ада-сып кетті, қазір есінен айырылған адам секілді» деп көр-сетіп, сол арқылы ақша табу үшін жаман етіп көрсетуге ты-рысты. Кейде жақсы болып көрінгенімді де қалады.

Бір күні суретші жігіт екеуіміз папаращиден қашып бара жаттық. Ешқашан ұмытпайтын сәттердің бірі болатын. Жар-тас шетіне жақын жерде қатты жылдамдықпен келе жаттық, неге екенін білмеймін, кенет көлікті 360 градусқа шыр ай-налдырғым келді. Шынымды айтсам, 360-ты жасай алаты-нымды да білмедім, бұл қолымнан мүлдем келмейтін еді, сондықтан бұл Құдайдың арқасы деп ойлаймын. Дегенмен істедім, машинаның артқы дөңгелегі жартастың ең шетіне келіп тоқтады, егер дөңгелектері тағы үш рет айналса, жар-дан құлап кетер едік.

Бір-бірімізге қарадық. «Қазір өліп кетуіміз мүмкін еді», – дедім мен. Өзімді сондай тірі сезіндім.

Ата-ана ретінде біз әрқашан балаларымызға абайлап жүр, мұны жасама, олай істеме дейміз. Қауіпсіздік өміріміздегі маңызды нәрсе болса да, менің ойымша, сергіп, өзімізді ер-кін сезініп, қорықпай, бүкіл қызықты сезіну үшін өзімізді босатуымыз керек.

Мен ол кезде суретшінің үйленгенін білмедім, сөйтіп, оның ойнасы болып шықтым. Мұны екеуіміз айырылысқан-нан кейін ғана білдім. Мен онымен бірге жүру қызық екен-

дігі жайлы ғана ойлайтынмын, бірге өткізген уақытымыз өте маңызды болды. Ол менен он жас үлкен болатын.

Қайда барсам да (біраз уақыт бойы жиі қыдырып жүрдім), папараццилер сонда болды. Дегенмен шектен шыққаным туралы әңгімеге қарамастан, жаңалықта жазылғандай адам емес едім. Шынында, мені қайғы басты, көңілсіз болдым, балаларымды сағындым.

Суретші жігіт торығумен күресуіме көмектесті. Маған махаббат керек болды, маған қажетті көңіл бөле алды. Жай ғана құмарлық үшін қарым-қатынас болды. Отбасым ол жігітті ұнатпады, отбасымның маған да ұнамайтын нәрселері аз болған жоқ.

Суретші жігіт маған еркіндік сыйлады. Ол мені жақсы көре білді. Иә, шартсыз жақсы көрді. Шешем секілді айғайламайтын. «Жүр, істе, қолыңнан келеді, өзің қалағаныңды жаса!» – дейтін. Махаббаты үшін тым биік талаптар қоятын әкемдей емес еді.

Сөйтіп, суретші жігіттің қолдауымен мен өз қалауымды 100 пайызға орындадым. Соншалық ессіз болудың да әсері болды, жұрт қалауынан барынша алыстадым.

Сөйлегенде есі ауысқан адамдай сөйлейтінмін. Қайда барсам да, дауысым қатты шығатын, тіпті мейрамханаларда да. Адамдар менімен бірге тамақ ішуге шыққанда үстелге жата кететінмін. Бұл жолымды тосқан адамдарға «Fuck you» дегудің бір жолы болды.

Айтайын дегенім: мен жаман адам болдым.

Жаман дегеннен гөрі тым ашулы болған шығармын.

Қашып кеткім келді. Балаларым қасымда болмады, оған қоса БАҚ пен папарацциден қашып жүруім керек болды. Мен Лос-Анджелестен кеткім келді, сондықтан суретші екеуіміз Мексикаға сапарға шықтық.

Ол сапар мен үшін қауіпсіз жерге қашып кетумен бірдей болды. Жүрген жердің бәрінде есігімнің сыртында миллион адам тұратын. Алайда Лос-Анджелестен аз уақыт болса да кеткенде өзімді бәрінен жырақ сезіндім. Саяхат маған көмектесті, біраз уақытқа дейін өзімді жақсы сезіндім. Көбірек солай жасауым керек еді.

Суретшімен қарым-қатынасым бұрынғыдан да маңызды болып бара жатқандай көрінді. Отбасым маған жақындауға тырысып жатқанын сездім, бұл жайт мені аландатты. Бір күні анам маған телефон соғып: «Бритни, бірдеңе болып жатқанын сезіп жүрміз. Полицейлер сенің соңыңнан ергенін естідік. Жағажайдағы үйге барайық», – деді. «Полиция іздеп жүр ме? Не үшін?» – дедім мен. Мен заңға қайшы еш нәрсе жасамаған едім.

Мұны анық білдім. Ессіз, жабайы болған сәттерім болды. «Adderall»-ды ішіп алып, ессіз әрекетке бардым. Алайда ешқандай да қылмыс жасаған жоқпын. Шындығында, алдыңғы екі күн бойы қыздармен бірге болғанымды ол білетін. Анам екеуіміз немере сіңлім Аллимен және тағы екі құрбыммен бірге үйге қондық. «Жай үйге кел! Біз сенімен сөйлесейік деп едік», – деді ол.

Сөйтіп, олармен бірге үйге қонуға бардым. Суретші жігіт мені сол жерден күтіп алды.

Анамның әрекеттері күдікті болды.

Суретші ол жерге жеткенде: «Бірдеңе болды, солай ма?» – деді.

«Иә, – дедім мен. – Бірдеңе болған сыңайлы». Кенет үйдің үстінен тікұшақтар пайда болды.

«Бұл мен үшін бе? – деп сұрадым анамнан. – Ойнап тұрсың ба?» Бұл әзіл емес еді.

Кенет үйімде жиырма шақты полиция қызметкерінен тұратын «SWAT» (арнайы жасақ) тобы пайда болды.

«Не істеп қойдым? – деп айқайлай бердім. – Мен ештеңе істеген жоқпын!»

Жабайы әрекет жасағанымды білемін, тек маған банк тонаушысы сияқты қарайтындай ештеңе жасамаған едім. Бүкіл өмірімді астан-кестен ететіндей ештеңе істеген жоқ едім.

Кейінірек сол айда соңғы рет тексеру үшін ауруханаға алып кеткен кезден бастап отбасымда бірдеңе өзгергенін түсіндім. Әкем Луиза (Лу) Тейлор дейтін кісімен өте жақын достық қарым-қатынас орнатқан, оны қатты құрметтейтін. Кейіннен сол әйел мансабым мен өмірімді тартып алу үшін ұйымдастырылған қамқорлықты (адамның басқа адамның қарамағына өтуі) іске асырған басты адамдардың бірі болды. Лу енді ғана «Tri Star Sports & Entertainment Group» деп аталатын жаңа компанияны ашқаннан кейін мені өз еркім-

нен айырып, басқа адамның қамқорлығына өтуіме байланысты шешімдерге тікелей қатысты болды. Ол кезде оның шын клиенттері аз еді. Негізінен, атым мен еңбегімді пайдаланып, өз компаниясын құрды.

Қамқорлық, яғни адамды қарамағына алу әдетте ақыл-ес қабілеті жоқ адамдарға, өздеріне қарай алмайтын адамдарға арналған. Алайда ақыл-есім де, денсаулығым да жақсы болды. Мансабымдағы ең жақсы альбомымды жаздым. Көптеген адамдарға жоғары табыс көзі болдым, әсіресе әкеме көп ақша тауып беріп жүрдім, өзіне менен де көп жалақы алып жүргенін естідім. Өзіне 6 миллион доллардан астам ақша төлеп, ал жақын адамдарға ондаған миллион доллар төлеген.

Басты мәселесі мынада: екі айға созылатын қамқорлыққа алу мерзімі болуы мүмкін, содан кейін адам дұрыс жолға түскеннен кейін оған өз өмірін қайтадан басқаруға мүмкіндік беріледі, тек әкем мұнымен шектеліп қалғысы келмеді. Ол одан әлдеқайда көп нәрсені қалады.

Әкем екі түрлі қамқорлықты іске асыра алды: «адамның жеке басына қамқорлық» және «мүлікке қамқорлық». Адамның жеке басына қамқоршы қарамағындағы адамның өмірін толықтай бақылауына алуға құқылы болды, мысалы, қайда тұратынын, не жейтінін, көлік жүргізе ала ма және күнде не істейтініне дейін. Соттан әкемнен басқа кез келген біреуді (көшеден кездескен кез келген адам жарар еді) тағайындауды өтінгеніме қарамастан, әкем қамқоршым болып тағайындалды. Көлікте отырып, өз-өзімен сөйлесетін

адам қамқоршым болды. Олар сотқа ақыл-есім дұрыс емес деп айтып, тіпті маған өз адвокатымды таңдауға да рұқсат бергізбеді.

Мүлкіме қамқоршы адам (мүлкім ондаған миллион доллар тұратын) мені «қажетсіз ықпалдан немесе алаяқтықтан» қорғау үшін деп тағайындалды. Мұны әкем Эндрю Уоллет есімді заңгермен бірге істеді, ол мені өз ақшамнан алы-статқаны үшін жылына 426 000 доллар алып отырды. Ауы-стыруыма рұқсат етілмейтін, сот тағайындаған адвокатқа жылына 500 000 доллардан астам ақша төлеуге мәжбүр бол-дым.

Әкем мен Лудың Робин Гринхилл есімді қызметкері өмірімді басқарып, жасаған әр қадамымды бақылап отырғандай болды. Мен бар болғаны бойы жүз алпыс сантиметр, бәрін де «мырза» және «ханым» деп атайтын поп-әнші едім ғой. Олар болса мені қылмыскер, жауыз адамдай көрді.

Жылдар бойы маған әкем қажет болған кезде оны іздедім, бірақ ол қасымнан табылмады. Алайда маған қамқорлық жа-сап, ақша алуға келгенде ол бірден пайда бола қалды! Ол әрқашан ақшаны ойлайтын.

Анам да одан жақсы болды деп айта алмаймын. Құрбыла-рыммен екі түн үйде болғанда еш сыр білдірмей, бәрін жа-сырып қалды. Олардың мені ұстауға дайындалып жатқанын біліп отырған. Менің ойымша, мұның бәрі жоспарланған, әкемнің, анамның және Лу Тейлордың да бұл іске қаты-сы бар. «Tri Star» тіпті қосалқы қамқоршым болуды жос-

парлаған. Кейінірек мені қамқорлыққа алған кезде әкемнің банкротқа ұшырап, Луға кем дегенде 40 000 доллар қарыз болғанын (ол үшін ол аз ақша емес еді) білдім. Бұл жайтты жаңа адвокатым Мэтью Розенгарт кейінірек сотта «мүдделер қақтығысы» деп атады.

Еркімнен тыс ауруханаға жеткізілгеннен кейін көп ұзамай қамқорлық құжаттарына қол қойылғаны жайлы білдім.

Өмірім құрдымға кетіп жатқанда, анам өзінің мемуар кітабын жазып жатты. Ол өзінің әдемі қызының шашын қырып тастағанын көріп, таңғалғаны жайлы жазды. «Дүниедегі ең бақытты кішкентай қыз» болғанымды айтты.

Қателік жасаған кезде анам оған алаңдай қоймаған секілді. Әрбір қателігімді теледидардан бөлісіп, өз кітабын жарнамалай бастады.

Ол мұны атағымды саудалап, ешқайсымыз жетісіп тұрма-сақ та, мені, ағам мен сіңлімді қалай тәрбиелегені жайлы жазды. Джейми Линн де жастай бала көтеріп қалды. Брайан өмірден өз орнын табуға қиналып, әлі де әкеміздің қабағына қараумен болды. Ал мен болсам қатты күйзеліске түстім.

Кітап шыққан кезде оны жарнамалау үшін әр таңғы шоуға барды. Теледидарды қосқан сайын экранда жарқылдаған таз басымды көрумен болдым. Анам Мередит Виейраға «Today» шоуында қалайша осындай күйге түскенім жайлы уайымдап, ойлағаны жайлы айтып жүрді. Тағы бір шоудың барысында көрермендер сіңлімнің он алты жасында жүкті болып қалғанын естіген кезде бәрі қол шапалақтады. Әкеммен бірге болғандықтан ба, мұның бәрінен атаққұмарлық қатты сезілді. Иә, қандай керемет: үйленіп, он жеті жасында сәби сүйген. Олар әлі күнге бірге! Тамаша! Өзі әлі жас бала бола тұра, босанғаны ешкімге қызық емес!

Өмірімдегі ең қиын кезеңдерді өткеріп жаттым, ал анам болса көрермендерге: «Иә, міне, бұл... Бритни», – дейтін.

Сөйтіп, әрбір телешоу тақыр басымның суреттерін экранға шығарып жатты.

Кітап та оның атағын шығарды, бәрі менің есебімнен жасалды. Кітап шығару үшін бұдан жақсы кез таба алмас еді.

Ауыр босанғаннан кейінгі торығу, күйеуімнің тастап кетуі, екі баламнан алыста болу, сүйікті әпкем Сандраның өлімі және папараццилердің тұрақты қысымы кезінде өзім де бала секілді ойлай бастағанымды мойындауға дайынмын.

Дегенмен сол уақыт аралығында жасаған ең жаман істеріме қарап, олардың бәрі анамның кітап жазып, оны жарнама-лаған кездегі қатыгездігімен салыстыруға келмейді деп ойлаймын.

Таңертеңгі ток-шоуларда ауруханаларда болған кезімді және балаларымды бірнеше апта бойы көре алмағаннан есім ауыса бастағаны жайлы айтып, өз кітабын сатты. Басыма төнген қайғыны пайдаланып, ақша тауып жүрді.

Анамның кітабын оқып, көптеген адамның түйгені мынау еді: «Оу, Бритни сондай жаман қыз болған екен». Оның кітабы тіпті мені де өзімнің жаман екеніме сендірді! Оған қоса мұны онсыз да ұяттан өртенердей болып жүрген кезімде жасады.

Басымнан өткенді болашақта балаларым да өткеруі мүмкін екендігі жайлы ойласам, жылағым келеді. Егер ұлдарымның бірі сондай қиын жайтты бастан кешіріп жатса, мені ол

туралы кітап жазады деп ойлайсыз ба?

Оған көмектесу үшін, жағдайын жеңілдету үшін қолымнан келгеннің бәрін жасар едім.

Шашымды қысқа етіп қиып, сәнді костюм киіп, таңертеңгі шоуға Мерedit Виейраның қасында отырып, баламның бақытсыздығы жайлы айтып ақша табуды өлсем де істемес едім.

Кейде «Instagram»-да қатты кетіп жатамын. Адамдар ата-анама неге сонша ашуланатынымды білмейді. Алайда, менің ойымша, егер олар менің орнымда болса, түсінер еді.

Қамқорлық маған өзі мүлде ештеңе істей алмайды, өзін-өзі тамақтандыра алмайды, өз ақшасын жұмсай алмайды, ана бола алмайды, ештеңе істей алмайды деп тағайындалды. Олай болса, неге олар мені бірнеше аптадан кейін «How I Met Your Mother» сериалының эпизодына түсуге мәжбүр етті де, содан кейін әлемдік турға жіберді?

Қамқорлық басталғаннан кейін анам мен ағамның қызы шаштарын қысқа етіп қиып, кешкі асқа шарап ішуге шыққан, папарацци сол жерде оларды суретке түсіріп алған. Мұның бәрі алдын ала дайындалғандай сезілді. Әкем жігітімді маған жақындатпады, ал мен көлік жүргізе алмадым. Анам мен әкем әйелдік болмысымды жойды. Бұл олар үшін барлық жағынан пайдалы болды.

Калифорния штатының барлық жеткен жетістігім мен жасаған істерімнен кейін әкем сынды адамға – маскүнем, банкрот болған, бизнесте сәтсіздікке ұшыраған, бала кезімде мені шошытқан адамның мені бақылауына жол бергеніне сене алмадым.

Жылдар бойы әкемнің маған берген кеңесі мен оларға қалай қарсыласқаным жайлы ойладым, ендігәрі қарсы тұра аламын ба деген сұрақ мазалады. Әкем қамқорлықты «мені қайта оралту» жолындағы үлкен қадам ретінде көрсетті. Бірнеше ай бұрын өнер жолымдағы ең жақсы альбо-

мымды шығардым. Әкемнің сөздерінен мынаны естігендей болдым: «Жағдайы жақсарды! Біз үшін жұмыс істеп жатыр! Бұл – отбасымызға зор жақсылық».

Бұл мен үшін де жақсы ма еді? Әлде әкем үшін ғана ма? Қалай қызық деп таңғалумен болдым. Сонда мен қайтадан ештеңе болмағандай жұмыс істей беруім керек екенмін! Олардың ойынша, өз жігітімді таңдауға денім сау емес екен де, ал біртүрлі таңертеңгі шоулар мен ситкомдарға қатысуға, әлемнің басқа шетіндегі мындаған адам үшін апта сайын өнер көрсетуге денсаулығым жарайды екен!

Сол кезден бастап әкем үшін тек тоқтаусыз ақша табудың құралы екенімді түсіне бастадым.

Өз үйімде әкем кішкентай оқу бөлмем мен бар үстелшесін өз кеңсесіне айналдырып алды. Ол жерде қаптаған түбіртегі бар ыдыс тұратын.

Түбіртектерімді бір ыдысқа сақтадым. Әр апта сайын салықтық шегерімдерді бақылау үшін шығындарымды ескіше есептеп шығатын едім. Қандай ессіз кезенді бастан өткеріп жатсам да, түпкі болмысым сақталған еді. Түбіртектер жиналған тостаған істерімді басқаруға әлі де қабілетті екендігімнің дәлелі болатын.

Героин қабылдап, төбелескен, қонақұйдің терезесінен теледидар лақтырған музыканттарды да білетінмін. Бірдеңе ұрлап, біреуге зиян келтіру немесе ауыр есірткі қолдану былай тұрсын, өзімнің салықтық шегерімдерімді қадағалап отыратын жағдайда едім.

Алайда олай жасауды да тоқтаттым. Әкем түбіртектерімнің табақшасын ысырып тастап, барға өз заттарын қойды. «Бұдан былай біліп жүр, – деді ол. – Сен үшін мен шешім қабылдаймын. Сен мына орындыққа отырасың да, айтқанымды тыңдайсың».

Оған қараған сайын қорқынышым арта берді.

«Енді мен Бритни Спирспін», – деді ол.

Үйден өте сирек шығатынымын, оның өзінде, мысалы, агентім әрі досым Кейдтің үйіне кешкі асқа барған кезде қауіпсіздік қызметі мен келгенге дейін үйді тексеріп, онда алкоголь немесе кез келген есірткі, тіпті «Тайленол» жоқ екеніне көз жеткізетін. Мен барған кештерде кеткенше ешкімге ішімдік ішуге рұқсат етілмеді. Әдетте қонақтар бұған жақсы қарайтын, бірақ мен кеткен сәттен нағыз кеш басталатынын сезіп жүрдім.

Біреу менімен кездескісі келгенде, әкеме бағынатын қауіпсіздік қызметі оның өткен өмірін тексеріп, оған құпиялылық туралы келісімге қол қойғызып, тіпті қан тапсыруға мәжбүрлейтін. (Оған қоса әкем мен жүрген фотограф жігітін енді ешқашан қайта көре алмайтынымды айтты.)

Басқа жігіттермен кездеспес бұрын Робин жігіттерге медициналық және жыныстық тарихымды айтып беретін. Анықтап айтып кетейін, бұл бірінші кездесуге дейін орындалатын әрекеттер еді. Ұйымдастырылғанның бәрі мені қорлау үшін жасалғандай болды, бұл жүйенің ессіздігі соншалық, мені өзіме жақтасатын адамды табудан, көңілді кеш өткізуден немесе жаңа достар табудан, одан қалды ғашық болудан мүлдем тыйып тастады. Әкемді Джун секілді адам тәрбиелегенін және ол мені қалай өсіргенін білгендіктен, басынан бастап оның маған қарауы мен үшін қорлық болатынын білдім.

Әкемнің өмірімді тұтастай өз қолына алуы туралы ой мені үрейлендірді. Бірақ бәрін өз қолына алу деген не? Бұл – музыкама, мансабым мен ақыл-ойыма төнген ең қорқынышты нәрсе.

Тез арада сот мен үшін тағайындаған біртүрлі зангерге қоңырау шалып, одан көмек сұрадым. Адам айтса, сенгісіз, бірақ ол жалғыз жүгінер адамым болды. Ол маған жаңа адам жалдай алмайтынымды айтты, себебі адвокатым соттың мақұлдауынан өтуі керек. Кейінірек бұл бұйрықтың өтірік екенін білдім. Он үш жыл бойы өзімнің адвокатымды өзім таңдай алатынымды білмедім. Сот тағайындаған адвокат маған не болып жатқанын түсінуге, көмектесуге немесе құқықтарым үшін күресуге еш құлшыныс танытпады.

Анам – Луизиана губернаторының досы, онымен телефон арқылы сөйлестірсе, маған өз адвокатымды таңдай ала алатынымды айтар еді. Алайда ол бұл ақпаратты менен құпия ұстады; оның орнына әкеммен күресу үшін өзіне адвокат жалдап алды.

Кей кездерде әкеме қарсы шығатынымын, әсіресе ол телефонымды тартып алған кездерде. Жеке телефонымды құпия жолмен алып кіріп, қашып кетуге тырысатынымын. Алайда мені әрқашан ұстап алатын. Сіздерге айтар ең мұнды, бүкпесіз шындығым: бастан өткерген барлық нәрседен кейін күресерге шамам да қалмады. Мені қоларбаға байлап жатқызып қойғаннан кейін олар денемді қалаған уақытында бақылай алатынын білдім. Олар мені өлтіруге дейін баруы мүмкін деп

ойладым. Мені өлтіргісі келетіні жайлы нақты ойлана бастадым.

Сондықтан әкем «сен үшін шешім қабылдаймын» деген кезде мен үшін мұның бәрі тым ауыр болды. Ал мен еш шығар жол көрмедім. Сондықтан болар, рухымның түсіп баратқанын сездім де, автопилот режимінде өмір сүре бастадым. Егер олардың айтқанына көнсем, қаншалықты жақсы екенімді көріп, мені жіберетініне сендім.

Сөйтіп, айтқандарына қарсы шықпадым.

Кевинмен тұрмыс құрып, балаларымды дүниеге әкелгеннен кейін Фелиция әлі де біраз уақыт қасымда болды. Мен оны әрқашан жақсы көретінмін, тек гастрольдерді тоқтатып, аз жұмыс істей бастағаннан кейін байланысымызды үздік. Фелицияның «Circus» турына қайта оралуы туралы әңгіме болды, бірақ ол қайтадан көмекшім ретінде жұмыс істемеді. Кейінірек әкемнің оған енді онымен жұмыс істегім келмейтінін айтқанын білдім. Бірақ олай ешқашан айтқан емеспін. Егер оның бірдеңе жасағысы келетінін білсем, ешқашан жоқ деп айтпас едім. Әкем маған айтпай, алшақтатып жібергенін білмедім.

Кейбір жақын достарымды да ешқашан қайта көрмей кеттім, олармен әлі күнге дейін араласпаймын. Бұл бұрынғыдан да қатты психологиялық тұрғыдан тұйықталуыма себеп болды.

Ата-анам маған көмектесу үшін бұрынғы кездегі ескі достарымды қонаққа шақыратын.

Мен оларға: «Жоқ, рақмет, қажет емес», – дедім.

Айтайын дегенім, мен оларды жақсы көремін, бірақ олардың балалары бар әрі өмірі мүлдем бөлек арнаға түсіп кеткен. Мені көруге келуі достықтан гөрі жанашырлық сияқты болды. Көмектескісі келгені жақсы, тек сұрап алған достықтан қандай пайда болмақ? Маған өз достарымды таңдауға мүмкіндік берілмеді.

Өмірімнің ең ауыр кезеңін еске түсіру және сол кезде қарсы болсам, не болар еді деп ойлау мен үшін қиын. Қалай болса да, ол кездер жайлы ойлағанды ұнатпаймын. Шынымды айтсам, өзіме олай жасауға рұқсат бере алмаймын да. Басымнан өткергенім тым көп.

Қамқоршылық басталғанда түнгі клубтарға барып жүргенім рас еді. Денем физикалық тұрғыдан мұны көтере алмады. Сабама түсетін уақыт келген еді. Алайда мен ұдайы көңіл көтеріп жүріп, бірден монах әйелге айналып кеттім. Қамқорлық кезінде ештеңе істемедім.

Суретші жігітпен бірге көлік айдап, өмірдің рақатын көріп жүрдім де, содан кейін кенет жалғыз қалып, ештеңе істемей, тіпті өзімнің ұялы телефоныма қол жеткізуге рұқсат сұрауым қажет болып қалды. Екі кезеңнің айырмашылығы күн мен түндей болды.

Бұрынғы өмірімде еркіндік болды: өзім шешім қабылдап, өзім жоспар құрып, қалаған кезімде оянып, күнімді қалай өткізгім келетінін шешу еркіндігі болды. Тіпті өмірімде қиын күндер болса да, өзімнің қиын күндерім болды. Күре-

суді тоқтатқаннан кейін жаңа өмірімде әр таң сайын оянып, өзіме бір сұрақ қоятынмын: «Біз не істеп жатырмыз?» Содан кейін маған не айтса, соны жасайтынмын.

Түнде жалғыз қалған кездері шабыт іздеп, әуезді немесе көңіл көтеретін музыка тындап, фильм көріп, кітаптар оқып, басыма түскен жағдайды ұмыту үшін кез келген істі орындауға тырысатынмын. Кішкентай кезімдегідей қашып кететіндей басқа әлем іздейтінмін.

Өміріме қатысты әр шешімді әкем мен Робин қарайды. Олар қайда, кіммен баратынымды шешті. Робиннің басшылығымен күзетшілер маған алдын ала дайындалған дәрі-дәрмек пакетін беріп, оларды ішкенімді бақылап отыратын. Олар телефоныма ата-ана бақылауын қойды. Бәрі мұқият тексеріліп, бақыланды. Бәрі де.

Ерте ұйықтаймын. Содан кейін таңертең олардың айтқанын жасаймын. Сосын тағы да. Сосын тағы да. Бұл «Groundhog Day» фильмі сияқты болды.

Мен солай он үш жыл бойы өмір сүрдім.

Егер сіз менен бұлай өмір сүруге неге келіскенімді сұрасаңыз, оның бір өте маңызды себебі бар. Мұның бәрін балаларым үшін жасадым.

Ережені ұстанып, ұлдарыммен қайта қауыша алдым.

Оларды қолыма қайтадан алу керемет бір сезімге бөледі. Бізді қайта қосып, бірінші түнде олар жанымда ұйықтап қалғанда бірнеше айдан бері алғаш рет өзімді толық сезіндім. Тек олардың ұйықтап жатқанына қарап, өзімді сондай

бақытты сезіндім.

Оларды мүмкіндігінше көбірек көру үшін, Кевиннің көңілін табу үшін қолдан келгеннің бәрін жасадым. Салық, сондай-ақ алимент төледім, сонымен қатар ай сайын мыңдаған доллар ақша төледім, содан кейін ғана балалар менімен бірге «Circus» турына бара алды. Қысқа уақыт ішінде мен «Good Morning America» бағдарламасына шықтым, Лос-Анджелесте шырша жағу рәсімін өткіздім, Ellen бағдарламасына түстім, Еуропа мен Аустралияны гастрольмен араладым. Алайда сонда да егер өзім үшін шешім қабылдай алмайтындай ауру болсам, неге олар мені аптасына миллион уақыт белдеуінде турмен жүріп, күлімсіреп, қол бұлғап, ән айтып, билеп жүргенім дұрыс деп ойлады деген сұрақ мазалады.

Мұның бір маңызды себебін айтайын.

«Circus» туры 130 миллион доллардан астам табыс тапты.

Лу Тейлордың компаниясы «Tri Star» оның 5 пайызын алды. Маған қамқорлық тағайындалғаннан кейін, 2019 жылы үзіліс жасап, ақша әкелмеген кезде де әкем оларға қосымша ең төменгі «белгіленген қаламақы» төлегенін білдім, солай олар жүздеген мың доллар қосымша алып отырған.

Әкем де одан пайыз алып отырған, оған қоса қамқорлық кезінде айына шамамен 16 000 доллардан алған, мұндай ақшаны ол өзі ешқашан таба алмас еді. Қамқорлықтан көп пайда көріп, мультимиллионерге айналды.

Еркіндігіме балаларыммен бірге ұйықтау мүмкіндігін ай-

ырбастадым, бұл мен қабылдауға дайын айырбас болды. Мен үшін бұл өмірде балаларымнан артық ештеңе жоқ, оларды шексіз жақсы көремін. Олар үшін өз өмірімді қияр едім.

Сөйтіп, өмірім болмаса да, өз еркіндігімді қидым.

Адам үмітін қалай үзбейді? Ұлдарымның қамы үшін қамқорлыққа көнуге бел будым, олай жасаудың өзі өте қиын болды. Ішімде бір жарықтың бар екенін, тек оның күн сайын сөніп бара жатқанын сездім. Уақыт өте келе ішімдегі от өшіп бара жатты. Көзімдегі ұшқын кетті. Жанкүйерлерім де мұны байқағанын білемін, тек олар болған оқиғаның толық мән-жайын түсінбеді, өйткені қатаң бақылауда болдым.

«Blackout» альбомын жазып жатқан кезде қалай өзгеріп бара жатқанымды көріп, өзімді қатты аядым. Сондай бұзық және сондай жабайы қыз ретінде сипатталып жатқаныммен, бүкіл ең жақсы жұмысым сол уақытта жазылды. Жалпы алғанда, бұл қиын уақыт болды. Балаларымды көруге тырысқан сайын үнемі жанжал болатын.

Қазір өткенге көз тастап, егер сол кезде ақылға салсам, еш қиындыққа қарамастан, үйдегі өмірім мен балаларыма ғана көңіл бөлер едім деп ойлаймын.

Кевиннің сол кезде айтатын сөздері: «Егер менімен осы демалыс күндері кездескің келсе, екі сағаттық жиналысым бар, одан кейін анау-мынау жұмыстарды істеймін. Содан кейін ғана балаларды сәл көбірек көруге рұқсат беруім мүмкін», – дейтін. Қалағанымды алу үшін үнемі ібіліспен келісім жасасқандай болдым.

Бүлікшіл болдым, иә, адамдардың бүлікшіл кезеңдер-

ден өтуіне өз себебі бар екенін түсінемін. Ондай кезеңнен өтіп жатқан адамдарға есін жинауына мүмкіндік беру керек. Өзімді тастап жіберуім дұрыс болды деп айтпаймын, тек біреудің рухын соншалықты таптап, оны сондай төмендету, ол өзін-өзі сезінбейтіндей дәрежеге жеткізу дұрыс емес. Біз адам болғандықтан, өмірді сынап көруіміз керек. Өзіңіздің кім екеніңізді, қалай өмір сүргіңіз келетінін білу үшін өз шекараларыңызды сынап көруіңіз керек.

Өзге адамдар, яғни еркектер бұл мүмкіндікке туғанынан ие болады. Еркек рокерлер марапаттау шоуларына кешігіп келеді, олардың бұл әрекеттерінен олар керемет көрінеді деп ойладық. Еркек поп-жұлдыздар көптеген әйелдермен жатып жүрді және оларды сол үшін керемет көрдік. Кевин мені екі нәрестемен жалғыз қалдырып, өзі шөп шегіп, «Purozão» (португал тілінде «үлкен көт» деген мағынаны білдіреді) рэп әнін жазуға кетіп қалатын. Содан кейін ол балаларымды менен тартып алды, «Details» журналы оны «Жыл әкесі» деп атады. Мені бірнеше ай бойы аңдып, азаптаған папарацци одан қашуға тырысып, оның аяғын көлігіммен басып кеткенім үшін 230 000 долларға сотқа берді. Біз келісімге келіп, оған көп ақша беруім керек болды.

Джастин көзіме шөп салып, өзін дым болмағандай ұстаған кезде де жұртқа бұл сүйкімді болып көрінді. Ал мен бар болғаны жарқыраған киім кигенде Дайан Сойер мені ұлттық арнада жылатып, «MTV» костюмдерімді сынаған адамдарды тыңдауға мәжбүр етті де, губернатордың

өйелі мені атып тастағысы келетінін айтты.

Мен өскенше көп адам маған тесіліп қарайтын. Денем туралы не ойлайтыны жайлы адамдар маған жасөспірім кезімнен бастап айтып келеді. Басымды қырып, өзімді көрсету қарсылық білдіруім еді. Дегенмен қамқорлық кезінде мен үшін ол күндердің өзі де аяқталғанын түсіндім. Шашымды өсіріп, қайтадан қалпыма келуім керек болды. Ерте ұйықтап, маған берілген дәрілерді ішуім керек болды.

Денемді баспасөздің сынға алуы жаман деп ойлағаныммен, ол жайлы өз әкемнен есту маған одан да ауыр тиді. Ол маған қайта-қайта семіз екенімді және толықтығыма бірдеңе істеуім керек екенін айтатын. Сондықтан күн сайын спорт киімдерімді киіп, жаттығу залына баратынмын. Анда-санда шығармашылықпен айналысатынмын, дегенмен ондайға енді жүрегім тартпайтын болды. Ән айту мен биге деген құштарлығым жайлы айту ендігіде өзіме күлкілі көрінді.

Өзінді ешқашан ата-ананның көңілінен шыға алмайтындай сезіну – бала үшін жан күйзелтер жағдай. Ол қолымнан ештеңе келмейтінін миыма құйып тастады.

Кішкене кезімде де, көп нәрсеге қол жеткізгеннен кейін де ол маған солай істеуін жалғастыра берді.

Әкеме сен мені тұлға ретінде күйреттің деп айтқым келді. Енді мені өзіңе жұмыс істеуге мәжбүр еттің, оны жасаймын, бірақ қарғыс атса да, ол іске жанымды салмаймын дегім келді.

Роботқа айналдым. Жай робот емес, біртүрлі бала-ро-

бот. Олардың мені бала секілді бақылауда ұстауы ауыр салдарға алып келді, өзімді-өзім сезінуден қалып, өз болмысымды құрайтын нәрселерден айырыла бастадым. Әкем мен анам айтқан әр нәрсеге қарсы шығатын болдым. Әйелдік намысым олардың бұйрықтарын мойынсынып қабылдауға мүмкіндік бермеді. Қамқорлықта болу әйелдік болмысымды жойды, мені балаға айналдырды. Мен сахнада жүргенде адамнан гөрі бір жасанды жаратылысқа айналдым. Жаным мен қанымдағы музыканы сезетінмін, олар оны менен ұрлап алды.

Егер олар маған өз бетімше өмір сүруге мүмкіндік берсе, өз жүрегіме адал болып, бәрін дұрыс жолмен жасап шығар едім.

Он үш жылым өзімді көлеңке сияқты сезінумен өтті. Қазір әкем мен оның серіктестерінің денем мен ақшамды ұзақ уақыт бойы бақылауда ұстағаны жайлы ойласам, құсқым келеді.

Көптеген еркек әншілер барлық ақшасын құмар ойындарға жұмсағанын, қаншасының есірткіге тәуелді болғанын немесе психикасында ауытқу болғанын ойлаңызшы. Ешкім олардың тәні мен ақшасын олардан тартып алуға тырыспады. Мен отбасымның маған жасағанына лайық емес едім.

Айтайын дегенім, өзіне-өзі қарай алмайды деп жүрген кезде көп нәрсені атқарып үлгердім.

2008 жылы жиырмадан астам марапатқа ие болдым, оның ішінде «Cosmopolitan»-ның «Жылдың үздік әйелі» сыйлы-

ғы болды. «Gimme More» әнім үшін мазаққа айналғанымнан бір жыл өткен соң «VMA»-да үш Moonman марапатын жеңіп алдым. «Pіесе of Me» бейнебаяным номинацияланған барлық санатта жеңіске жетті, оның ішінде «Жылдың үздік бейнебаяны» атанды. Құдайға ұлдарымның және жанкүйерлерімнің қасымда болғаны үшін алғыс айттым.

Кейде сол марапаттарды отбасымның бақылауында болатындай әрекетке қабілетсіз деп жүрген кезде жасаған альбомым үшін алғанымды ойласам, күлкім келеді. Дегенмен бұл туралы ұзақ ойланғанда мүлдем күлкілі емес.

Жайсыз күйіме қарамастан, ұлдарыммен өткізетін уақыт, өзімнің күнделікті істерім қуаныш пен жұбаныш болды. Мен дос та таптым. Джейсон Травикпен кездесіп жүрдім. Менен он жас үлкен, өз өмірін ретке келтірген адам болды. Маған оның әртіс емес, агент болғаны ұнады. Сондықтан өнер саласының қандай болатынын білді және күйімді түсіне алды. Сөйтіп, біз үш жыл жүріп жүрдік.

Біз бірге сыртқа шыққанда өте сақ болатын. Кейде ештеңе байқамайтынымды білетінмін. (Мен енді ондай бейқам емеспін. Енді мен ОББ агенті секілдімін.) Ол үнемі бәрін қадағалап, болып жатқан жағдайларды жіті бақылап отыратын. Папараццилердің қасында көп болғандықтан, не үшін олай жасалатынын түсіндім. Сондықтан оның костюм киіп, үлкен агенттікте жұмыс істеп, сосын менімен бірге көлікке отырғанын көргенде ол кім екенімді тым жақсы білетіндей сезіндім. Басқаруға тым көп көңіл бөлді. Суретшілердің мені көшеде қоршап алғанына үйреніп қалған едім, ендігәрі оларды байқамайтын болдым, бұл да аса жақсы емес шығар.

Қарым-қатынасымыз керемет болды. Оған деген махаббат-тым үлкен екенін және оның да махаббатын сезетінмін.

Мен әлі де Кевинмен және балаларыммен болған бүкіл жағдайдан кейін және қамқорлық шектеулерімен өмір сүруден психологиялық тұрғыдан сау емес едім. Калифорния-

ның Таузанд-Окс қаласында үйім болды. Балаларым ол кезде кішкентай еді және әкем өміріме әлі де жауапты болды.

«Femme Fatale» турынан кейінгі демалыста болсам да, әкем әрбір ісімді, оның ішінде не жейтініме дейін қадағалап отырды. Бір түсіне алмағаным, анам бұл туралы ешқашан ештеңе айтқан емес, ата-анам ажырасқаннан кейін сегіз жыл өткен соң, 2010 жылы қайта қосылды. Оған қоса мен Калифорния штатының соты тарапынан маған жасалған опасыздықты кешіре алмадым. Анама бұл жайттар ұнаған секілді, өйткені қамқорлықтың арқасында әкемнің енді нақты жұмысы болды. Олар әр түн сайын диванда отырып алып, «Criminal Minds» сериалын көретін. Кім бұлай істейді?

Әкем десерт жеуге рұқсат бермей қойған кезде мұны тек ол ғана емес, бүкіл отбасым мен мемлекетім айтып тұрғандай сезіндім, әкем айтқандықтан, маған заңды түрде десерт жеуге болмайтындай еді.

Ақырында өз-өзімнен сұрай бастадым: «Токта, осы мен қайдамын?» Барлық нәрсенің мәні жойыла бастады.

Өмірімде бір бағыт-бағдарға деген қажеттіліктен жұмысқа қайта оралу туралы шешім қабылдадым. Өзімді еңбекпен алдауға тырыстым. Көбірек телешоуларға қатыса бастадым, олардың бірінде 2012 жылы «The X Factor» шоуында қазылар алқасының мүшесі ретінде болдым.

Менің ойымша, көптеген адам теледидарда өздерін кәсіби түрде ұстайды, мысалы, Кристина Агилера мен Гвен Сте-

фани. Камера оларға бағытталған кезде олар жайнап кетеді, бұл – көп адамның қолынан келе бермейтін керемет қабілет. Мен де жасырақ кезімде солай істей алатынымын, сонда да қорыққан кезде, керісінше, қартая түсетін сияқтымын. Сөйтіп, эфирге шығуым керек екенін білгенде қатты қобалжитын болдым, күні бойы өйтіп жүруді ұнатпайтынмын. Мүмкін, енді ондайға жарамайтын шығармын.

Қазір камераның алдына шығудан қорқатынымды білемін және бұл – қалыпты нәрсе. Ойымды өзгертіп, камераға шығаруға тырысатын адамдарға енді жоқ деп айта аламын. Онсыз да қаламаған нәрселерге мәжбүрленіп, көп қорлық көрдім. Бұл енді менің ісім емес. Егер көңілді телешоуға аз уақытқа шақырса, жарайды, бұл – бөлек нәрсе. Алайда теледидарда сегіз сағат бойы адамдарды сынап отыруға келісе алмадым. Жоқ, рақмет. Маған мүлдем ұнамады.

Сол кезде Джейсонмен некелестім. Ол мені көп қиындықтан алып шықты. Бірақ 2012 жылы қосалқы қамқоршым болғаннан кейін көп ұзамай оған деген сезімім өзгере бастады. Ол кезде байқамаппын, қазір оның өмірімді басқаратын ұйыммен байланысты болғаны қарым-қатынасымыздан романтиканың жоғалуына әсер еткенін түсінемін. Бір кезде менде оған деген жаман сезімім жоқ екенін, бірақ енді сүймейтінімді түсіндім. Онымен бірге бір бөлмеде жатпайтын болдым. Тек балаларымды құшақтап жатқым келді. Олармен тығыз байланысымды сездім. Оның бетін қайтардым. Анам маған: «Сен тым қатыгездің», – деді.

«Кешір, қолымнан келмейді. Мен оны енді бұрынғыдай сүймеймін», – дедім.

Ол мені тастап кетті. Тек маған бәрібір еді, себебі оны бұдан былай сүймейтін едім. Ұзақ хат жазды да, содан кейін жоғалып кетті. Қарым-қатынасымыз аяқталғаннан кейін қосымша қамқоршым қызметінен де кетті. Маған бұл жеке бас дағдарысы сияқты көрінді. Шашына түрлі түсті жолақтар салып, Санта-Моника пирсіне барып, күн сайын татуы бар жігіттермен велосипед тепті.

Оны түсінуге де болады. Қазір мен қырыққа келіп, өзім де тұлға ретінде дағдарысты бастан кешіріп жатырмын. Менің ойымша, бізге жай өз жолымызбен жүретін уақыт келгендей болды.

Қамқоршылардың қарамағында болғанда турда ішуге қатаң тыйым салынды. Бірде мен Кристина Агилерамен бірге өнер көрсететін бишілермен бірге біраз қалдым. Бишілермен бірге Лос-Анджелесте Кристинамен кездестім. Өте шаршаңқы болып көрінді. Бишілермен бірге әдемі бассейнде жүзіп, джакузиге түстік. Олармен шарап ішіп, бүлік жасап, көңіл көтерген де жақсы болар еді. Дегенмен маған олай жасауға рұқсат берілмеді, себебі өмірім Інжіл шіркеуінің лагері секілді болды.

Бір жағынан, олар мені қайтадан жасөспірімге айналдырды, екінші жағынан, жай қыз болдым. Дегенмен кейде өзімді тұтқынға түскен, үнемі ашуланып жүретін ересек әйелдей сезіндім. Еркіндігімнен айырғандықтан, маған түсінуге

қиын заттардың бірі: мен кішкентай қыз, жасөспірім немесе ересек әйел болмыстарымның арасында шарқ ұрып, адасумен болдым. Өйткені ересек адам сияқты болуға ешқандай мүмкіндік болмады, олар маған ересек адам ретінде қарамайтын еді. Сондықтан кішкентай қыз сияқты әрекет ететін едім, содан кейін ересек өзім қайта оралған кезде әлемім маған ересек болуға мүмкіндік бермеді.

Бойымдағы әйел ұзақ уақыт бойы басылып келді. Олар мені сахнада өздері айтқандай жабайы болуды қалады да, қалған уақытта робот секілді тілалғыш болғанымды қалады. Өмірдің жасырын қуанышынан – бізді адам ететін сезімдерден айырылып қалғандай болдым. Олар сол өзгешелікті құртып, бәрін мүмкіндігінше жаттанды етіп сақтағысы келді. Бұл әртіс ретіндегі шығармашылығымға балта шапқандай болды.

Студияға оралғанда, мен Уильям Адамспен (will.i.am) бірге «Work Bitch» деген жақсы ән жаздым. Мақтан тұтатын көп ән жазбадым, мүмкін, оған қызықпағанымнан да шығар. Еңсем түсті. Әкем ән жазу үшін ең жаман және ең ұсқынсыз студияларды таңдайтындай көрінді. Кейбір адамдар бұл нәрселерді байқамағанымды ойлап, қатты қуанды деп ойладым. Тығырыққа тірелгендей сезіндім, олар мені алдап соққандай болды. Қорқынышымды өз пайдасына асырып жүргендей болды, істің бәрін драмаға айналдырды, бұл өз кезегінде мені бақытсыз етті, сондықтан олар әрқашан жеңіске жететін. Бар білгенім, маған жұмыс істеу керек еді, бәрін дұрыс

жасап, өзім мақтан тұтатын альбом шығарғым келді. Дегенмен өзімнің күшті әйел екенімді ұмытып қалғандай болдым.

«The X Factor» шоуынан кейін менеджерім маған Лас-Вегаста резиденцияда өнер көрсету туралы ұсыныс айтты. Мен неге олай істемеске деп ойладым.

Музыка жазуға деген қызығушылығым болмады. Бұрынғыдай құштарлық болмады. Жандыратын от қалмады. Бәрінен қатты шаршадым.

Жүйкем сыр берді. Ата-анам мансабымды өз қолдарына алды. Бұл кезде не істеуім керек еді, жай ғана үйге қайту ма? Сондықтан бәріне келістім.

Жұрт Вегасқа не үшін барса, мен де сол үшін бардым: ұту үшін.

Маған Лас-Вегастың құрғақ ыстығы ұнайтын. Бәрінің сәттілік пен арманға сенетіні ұнайтын. Пәрис Хилтон екеуіміз аяқкиімімізді шешіп, казино аралап жүгіріп жүргенде де бұл жер маған ұнайтын. Дегенмен ол кездер өткен өмірімде қалғандай болды.

Резиденция 2013 жылы Рождестводан кейін басталды. Балаларым жеті, сегіз жаста болған. Басында ол жерде тамаша концерт болды.

Вегаста сахнаға шығу алғашында қызық болды. Резиденциям Лас-Вегас Стрип желекжолы үшін маңызды екенін ұқтырды. Маған шоуым жастарды Син-Ситиге (Күнә қаласы) қайтарып, жастар үшін Лас-Вегастағы ойын-сауықты жаңа деңгейге көтергенін айтты.

Жанкүйерлер үлкен күш берді. Шоу жасауда керемет болдым. Маған жүргізілген бақылауға қарамастан, өзіме деген сенімділігім артып, бәрі жақсара бастады. Чарли Эберсол есімді телепродюсермен кездесе бастадым. Оны тұрмыс құруға жарайтын адам сияқты көрдім: өзіне жақсы қарайтын еді. Оның отбасы да ұйымшыл болды. Мен оны сүйдім.

Чарли күн сайын жаттығуға баратын, жаттығуға дейін түрлі дәрумендер мен қоспалар да ішуді ұмытпайтын. Ол менімен дұрыс тамақтану туралы білімімен бөлісті және маған да түрлі пайдалы қоспаларды бере бастады.

Бұл әкеме ұнамады. Не жейтінімді, тіпті ваннаға қашан баратынымды білетін. Сондықтан мен күш беретін дәрумендер қабылдай бастағанда, ол сахнада көбірек күшім пайда болғанын және бұрынғыдан да жақсы күйде екенімді көрді. Чарлидің өмір сүру салтының мен үшін де пайдаға асқаны анық көрінді. Сонда да әкем әлгі дәрілерден тәуелділік пайда болады деп күдіктенген секілді. Сондықтан дәрумендерден тыйып тастады да, оңалтуға жіберді.

Ол менің қайда және қашан баратынымды шешті. Оңалтуға барып, балаларымды бір ай бойы көрмедім. Жалғыз жұбаныш бар болғаны бір ай болады деген ой болды.

Оңалтудан өту үшін таңдаған жері Малибу болды. Сол айда күніне сағаттап сыртта бокспен және басқа да жаттығулармен айналысуға тура келді, өйткені ол жерде спорт залы болған жоқ.

Мекемедегі адамдардың көбі таза нашақор адамдар болатын. Мен онда жалғыз болудан қорықтым. Қалай болғанда да, өзіммен бірге күзетшімді алып жүруге рұқсат берілді, онымен күн сайын түскі ас ішетін едім.

Маған әкемнің өзін қамқор да жанашыр әке ретінде көрсетіп, мені героин қабылдайтын нашақорлардың арасына жібергенін қабылдау қиын болды. Ештеңені бұқпай, шынымды айтсам, ол өте жаман адам еді.

Оңалтудан шыққан соң дым болмағандай Вегаста қайтадан шоуға шыға бастадым. Мұның бәрінің бір себебі: әкем маған ол жаққа қайтып оралуым керек екенін айтты, ал екін-

ші себебі: әлі де тым ұяң болдым, оның көңілінен шығуды қаладым. Дұрыс істеуге және жақсы қыз болуға соншалықты ұмтылдым.

Мен не істесем де, әкем қарап тұратын. Көлік жүргізе алмадым. Трейлеріме келгендердің бәрі бас тарту туралы келісімшартқа қол қоюы керек еді.

Оған қоса қанша диета ұстап, спортпен айналыссам да, әкем маған семізсің дейтін. Мені қатаң диетаға отырғызды. Үй қызметшісінен (оның болуы да оғаш еді) жөнді тамақ жасап беруін жалынып сұрайтынмын. «Мырза, маған жасырын түрде гамбургер немесе балмұздақ әкеле аласыз ба?» – дейтінмін.

Ол болса: «Спирс ханым, кешіріңіз, әкеңіздің қатаң бұйрығы бар», – деп жауап беретін.

Сөйтіп, екі жыл бойы тауық еті мен көкөніс консервілерінен басқа ештеңе жемедім.

Қалағаныңызды жей алмайтындай екі жыл деген – тым ұзақ уақыт, әсіресе барлығына күн көретін ақшаны сіздің денеңіз, жұмысыңыз және жаныңыз тауып беріп жатқан кезде өте қиын. Екі жыл бойы қуырылған картоп сұрап, «жоқ» деген жауап есту. Мен үшін ол – барып тұрған қорлық. Қатаң диетаны өз еркінмен ұстанудың өзі оңай емес. Дегенмен біреу сізді өзіңіз қалаған тамақтан айырса, бұл жағдайды одан бетер нашарлатады. Денем енді менікі емес сияқты болды. Жаттығу залына барғанда жаттықтырушым маған не істеу керектігін айтқан сайын ішім мұздап сала беретін.

Мені қорқыныш басатын. Шынымды айтсам, таза бейшара болдым.

Маған еш нәрсе де көмектесе алмады. Диета әкем қалаған нәтижеге әкелмей, керісінше әсер етті. Салмақ қостым. Мен жарытып тамақ ішпесем де, әкем мені соншалықты ұсқынсыз және нашар сезіндірді. Мүмкін, бұл ойдың күшіне байланысты шығар: өзіңізді қандаймын деп ойласаңыз, сондай боласыз. Мұның бәрінен шаршағаным сонша, беріле салдым. Анам да әкемнің маған құрып қойған жоспарын құптаған сияқты.

Көптеген адамдардың денемді сөз етуі үнемі таңғалдыратын. Бұл жас кезімде басталған. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы бейтаныс адамдар болсын, отбасымдағы адамдар болсын – барлық адам денемді қоғам меншігі сияқты қабылдайтын. Тәнім олар үшін бақылап, жаншып, сынап және қару ретінде пайдалануға болатын құрал секілді еді. Денем екі баланы дүниеге алып келуге және сахнада әр хореографиялық қимылды тамаша орындауға жеткілікті түрде епті болды. Енді, міне, адамдар денемді пайдаланып, байып кету үшін мен жеген әрбір калорияны есепке алып отыратын болды.

Әкемнің маған осы ережелердің барлығын белгілегені, ал өзінің «Джек» вискиі қосылған кола ішіп рақаттанып жүргені менен басқа ешкімге ерсі көрінбеді. Достарым спасалондарға барып, тырнақ жасататын және сәнді шампан ішетін. Ал маған ешқашан спа-салондарға кіруге рұқсат

етілмеді. Отбасым Флоридадағы әдемі жағажайлы қала – Дестинде тұратын.

Олар мен алып берген естен тандырадай әдемі үйде тұрып, күнде кешке дәмді тамақ жейтін, ал мен болсам үнемі қарным ашып, жұмыста болдым.

Осы уақытта сіңлім отбасымызға сыйлаған әр сыйлығыма мұрнын шүйіріп, менсінбей қарайтын.

Бір күні Луизианадағы анама қоңырау шалып: «Демалыс күндері не істейсіз?» – деп сұрадым.

«Біз қыздармен бірге ертең Дестинге барамыз», – деді ол. Джейми Линн маған ол жаққа ешқашан бармағаны жайлы жиі айтатын, сөйтсем, анам Джейми Линннің екі қызымен демалыс сайын сонда баратын болыпты. Джейми Линн отбасы үшін алған заттарымды ұнатпайтын.

Отбасыма үй мен көлік әпергенді ұнататынымын. Дегенмен бір кезде олар оның бәрін де өзімен-өзі бола қалатын нәрсе секілді қабылдай бастады. Отбасым оның бәрі өнерімнің арқасында екенін түсінбеді. Олардың жылдар бойғы қарым-қатынасының кесірінен шығармашылық шабытым зардап шеге бастады.

Аптасына 2000 доллардай ғана ақша берілді. Аяқкиім алғым келсе, Вегаста 248 шоу жасап, 900 000-нан астам билет сатқанымға қарамастан, маған аяқкиім алуға берілмейтін еді. Әрбір шоу жүздеген мың доллар табыс алып келетін.

Бірде өнердегі достарыммен, бишілеріммен және өзгелеріммен кешкі асқа барған кезде бәрі үшін төлегім келді. Чек

мың доллар болатын, адам көп болғандықтан, оларға өзімнің сыйластығымды және оларды қаншалықты бағалайтынымды көрсеткім келді. Әйтсе де картамы қабылданбай, ұсақ шығынға арналған шотымда ақша жетпей қалды.

Вегаста болған кезімде маған жұбаныш пен үміт сыйлаған іс айына бір рет студияда балаларға би үйрету болды, маған ол жер ұнайтын. Қырық баладан тұратын топқа би үйреттім. Содан кейін Лос-Анджелеске қайтқаннан кейін де үйімнен аса алыс емес жерде екі айда бір рет сабақ бердім.

Бұл өмірімдегі ең қызықты шаралардың бірі болды. Ешқандай жаман ойы жоқ балалармен бір бөлмеде болу бақыт сыйлайтын. Қамқорлықта болғанда не істесем де, бәрі оны сынай жөнелетін. Мен оқытқан бес пен он екі жас аралығындағы балалардың қуанышы мен бір-біріне деген шыннайылығы жұқпалы болды. Олардың қылықтары мен күшқуаты сондай ұнайтын. Олар үйренгісі келеді. Балалардың жанында болудың 100 пайыз емдік қасиеті бар деп есептеймін.

Бір күні биде бұрылған кезде байқаусызда кішкентай қыздың басын қолыммен соғып алдым.

«Балақай! Кешіріші!» – дедім мен.

Өзімді кінәлі сезінгенім сонша, оның алдында тізерлеп отыра кеттім. Саусағымнан өзімнің ең сүйікті сақиналарымның бірін суырып алдым да, кешірім сұрап, оған бердім.

«Мисс Бритни, бәрі жақсы! – деді ол. – Тіпті ауырған да жоқ». Мен оны ауыртып алғаным алаңдайтынымды және қажет нәрсенің бәрін жасауға дайын екенімді көрсеткім кел-

ді.

Би студиясының залында тізерлей, әлгі қызға қарап отырып: «Тоқтай тұр, мемлекет мені қамқорлыққа алу үшін тағайындаған адамдар менің мына кішкентай қызға уайымдап тұрғаным секілді мен үшін неге уайымдамайды?» – деп ойладым.

Мен қамқорлықтан шығудың амалын жасауға кірістім. 2014 жылы сотқа жүгініп, әкемнің маскүнемдігі мен тұрақсыз мінез-құлқын айтып, оны наркологиялық тексеруден өткізуді өтіндім. Әрі-беріден соң ол менің ақшам мен өмірімді басқаратын адам болды. Дегенмен бұл ісімді ешкім қарастырмады. Соттың тыңдағысы да келмеді.

Одан кейін өз адвокатымды алу үшін астыртын әрекетке баруға тура келді. 2016 жылы ток-шоуда қамқорлық туралы жұрттың алдына шығып та айттым, белгісіз себептермен сұхбаттың бұл бөлігі эфирге шықпады. Неткен кездейсоқтық десеңізші.

Бұл тұзаққа түскендей сезім романтикалық өмірімнің күйреуіне ықпал етті. Болмашы ұрыстан кейін Чарли екеуіміздің өз намысымызға салғанымыз сонша, біз бір-бірімізбен сөйлесуді доғардық. Бұл нағыз ақымақтың ісі болды. Онымен сөйлесуге өзімді көндіре алмадым, ол болса менімен сөйлесуге тым намысшыл болды.

Дәл сол кезде мен екі керемет ән жазушы Джули Майклспен және Джастин Трантермен жұмыс істей бастадым. Бәріміз бірге отырып, ән жазатын едік. Олармен бірге менде жү-

мысқа деген құштарлық болды. Қамқорлықтың он үш жылында жанымды салып істеген бір нәрсе осы болды. Өзіме деген сенім сыйлайтын әндерге бар күшімді салдым. Бір істі жақсы істей алатыныңызды сезінетін, бір істі жасай бастағанда бұл қолымнан келеді деп ойлайтын кездеріңіз бола ма? Сол альбомды жазу маған өзіме деген сенімімді қайта оятты.

Альбом жазылып біткен соң оны ұлдарыма тыңдаттым.

Олардан: «Альбомға қандай ат қою керек?» – деп сұрадым. Менің балаларым музыкаға өте сауатты.

«Бұл альбомды жай ғана «Glory» (Даңқ) деп атаңыз», – деді Шон Престон.

Солай істедім. Балалардың бұл альбомды мақтан тұтатынын көру мен үшін өте маңызды болды, мен де онымен мақтанатыныма көзім жетті! Бұл мен көптен бері сезінбеген сезім еді.

Сосын «Make Me» бейнебаянын шығардым, оны таныту үшін 2007 жылдан бері алғаш рет 2016 жылғы «VMA»-ға бардым.

Мен Хесам Асгариді «Slumber Party» бейнебаянымды түсіру барысында алғаш рет көргенде өз өмірімде болғанын қалайтынымды бірден білдім.

Бірден ғашық болдым. Алғашында екеуіміздің арамызда таңғажайып байланыс пайда болды. Екеуіміз бір-бірімізден ажырай алмадық. Ол мені арыстаным деп атайтын.

Таблоидтар бірден ол көзіме шөп салып жүр деп жаза бастады. Біздің жүріп жүргенімізге екі апта болған. Бір-бірі-

міздің қасымызда болдық. Жүрегімдегі ұшқынның қайта жанғанын сезе бастадым.

Содан кейін әкем мені қайтадан емделуге жіберу керек деп шешті, өйткені мен рецептсіз сатылатын тамақ қоспаларын алған едім. Тәуелділік бар деп ойлады, алайда ол мейірімділік танытып, аптасына төрт рет Жасырын маскүнемдер клубына барсам, қашықтан емделе алатынымды айтты.

Алғашында қарсы болдым, дегенмен ол жерде жолықтырған әйелдер мені шабыттандыра бастады. Мен олардың хикаяларын тыңдап, қандай керемет әйелдер деп ойлайтынмын. Олардың әңгімелері шын мәнінде өте терең болды. Ол клубтан өмірімде бұрын-соңды еш жерден кездестірмеген адами қарым-қатынасты таптым. Сөйтіп, басында бәрі маған қатты ұнап жүрді. Кейбір қыздар үнемі келе бермейтін. Олар барғысы келетін кездесулерді таңдай алатын, ал менің тек бір жерге баруға мүмкіндігім болды. Онда кездескен достарым аптасына екі рет қана баратын немесе бір күні таңертеңгілік кездесуге, келесі күні кешкі кездесуге бара алатын. Маған уақыт ауыстыруға мүлде рұқсат етілмеді.

Қандай жағдай болса да, апта сайын бір уақытта ғана бара алдым.

Шоулардан шаршап үйге келгенде мені ұлдарым, көмекшім, анам және әкем күтіп отырды.

«Клубтың кездесуіне баруың керек», – деді әкем.

«Дәл қазір үйде қалып, ұлдармен фильм көрсем болмай ма? Бұған дейін бірде-бір кездесуден қалмадым», – дедім.

Вегаста үйде балаларыммен ешқашан фильм көрген емеспін. Попкорн жасап, балаларыммен бірге уақыт өткіземіз деп ойлады.

Бірақ әкем: «Жоқ, саған бару керек», – деді.

Анама мені жақтайды деп үміттеніп қарап едім, еш мән бермеді.

Сол кезде өзімді бір сектада жүргендей сезіне бастадым, ал әкем сектаның жетекшісі секілді. Маған өздеріне міндетті адамдай қарайтын.

Шоуларда қаншалықты көп жұмыс істегенімді ойлап, соншалықты үлгілі болғанымды білдім. Жай жақсы ғана емес, керемет болдым. Бұл мені келесі бірнеше жылда да жиі мазадайтын болды. Маған қойылған талаптарды орындап қана қоймай, олардың күткенінен асып түсетінмін, сонда да маған өз еркім берілмегені әділетсіз еді.

Мен көп жұмыс істедім, маған белгілеген кестені бұлжытпай орындап отырдым: төрт апта жұмыс, төрт апта демалыс. Жұмыста болған кезде мен аптасына әрқайсысы екі сағаттық үш шоу жасап отырдым. Жұмыс кестесіне қарамастан, олар маған белгілеген апталық кестеге бағындым: төрт жасырын маскүнемдер кездесуі, екі сағаттық терапия және аптасына үш сағаттық жаттығу, сонымен қатар жанкүйерлермен кездесу және үш шоу. Ішкі жалыным сөніп бара жатты, өз тағ-

дырымды өзім билегім келді.

Бірде шаштараз жұмыс кестемді көріп қалып: «Ойбу, жаным, не істеп жүрсің?» – деді. Оның екі кішкентай қызы бар, өте балажан ана болатын. Ол маған қатты ұнайтын.

«Сен бұл тым көп деп ойлайсың ба?» – деп одан сұрап едім.

«Бұл тым көптен де көп, – деді ол. – Бұл – ессіздік».

Ол маған айтатын сыры бар сияқты еңкейді де: «Тыңда, – деді ол. – Шығармашылықпен айналысу үшін кестеңде бос орын болуы керек. Бұл саған өзіңе көңіл бөлуге мүмкіндік береді. Еш нәрсе жасамай, жай қабырғаға тесіліп отырсаң да, бос болуың керек. Бұл барлық адамға керек». Әкем оның маған айтқандарын естіп қойса керек... Себебі келесі күні шашымды басқа біреу жасады.

Мен ол шаштаразды содан кейін көрмедім.

Сахнаға жиі шығатындықтан, біз, әсіресе қыздар шашымызды дұрыс жасауымыз керек. Бұл – жігіттер жиі мән беретін нәрсе. Оларға ұзын шаштың тербелгенін көрген ұнайды. Олар оны қолмен тарағаныңды қалайды. Егер шашың қозғалып тұрса, олар сенде бәрі жақсы екеніне сенеді.

Лас-Вегастағы резиденциямның ең ауыр сәттерінде мен тар парик киетінмін және шашым қозғалмайтындай билейтінмін. Менің арқамда ақша тауып жүргендердің бәрі шашымды қозғағанымды қалады, оны білдім де. Сондықтан одан басқасының бәрін жасадым.

Өткеніме қарасам, сахнада өзімді қаншалықты жасырғанымды, мені тұтқынға алған адамдарды жазалау арқылы басқаларды, соның ішінде адал жанкүйерлерімді де, өзімді де жазалағанымды түсінемін. Бірақ қазір соңғы он үш жыл бойы неліктен ұйықтап жүргенімді енді түсіндім. Жаным жарақаттанған екен.

Сахнада әдейі кейбір істерді жасамау арқылы қандай да бір жолмен бүлік шығаруға тырыстым, ондай жағдайдың болып жатқанын тек өзім ғана білдім, жанкүйерлерім ол жағынан мүлдем хабарсыз болды. Сондықтан шашымды тербеп, ойнақы қимылдар жасамадым. Қажетті қимылдарды жасап, ноталарды орындадым, дегенмен бұрынғыдай өнеріме іштегі жалынымды қоспадым. Сахнадағы өнерімді тежеу арқылы

оларға қарсылық көрсеткім келді.

Әртіс адам ретінде бұрын өзімде болған еркіндік сезіміне жете алмадым. Ол еркіндік сезімі біз секілді адамдар үшін өте маңызды, ол болмаса, ісіміз де өнбейді. Қамқорлық кезінде азаттыққа жете алмадым. Әлеммен еркін байланыса алатын әйел болғым келді. Қамқорлық кезінде мүлдем әйел бола алмадым.

Дегенмен «Glory» альбомын жазу барысында жағдай бөлек болды. «Glory» синглыдары таныла бастаған сайын сахнаға шығуыма шабытпен кірісе бастадым. Қайтадан биік тақалы туфли кие бастадым. Аса қатты тырыспай, жай ғана өзіме жұлдыз ретінде ерік бере бастағанда сахнада өнер көрсетуім барынша әсерлі бола бастады. Міне, сол кезде көрермендерімнің қолдауын сездім.

«Glory» альбомын жарнамалап жүргенде өзімді жақсы сезіне бастадым. Вегаста өткен үшінші жылы ішкі жалынымды қайтарғандай болдым. Син-Ситиде (Лас-Вегас) әр түнде өнер көрсетудің кереметін, көрермен алдында өзімді тірі сезінудің рақатын бағалай бастадым. Сахнада қолымнан келгеннің бәрін жасамаған шығармын, бірақ ішімде жанымның бір бөлігі қайта ояна бастағандай болды. Орындаушы мен көрермен арасында болатын ерекше қарым-қатынасты қайта сезе бастадым.

Сахнаға шықпаған адамдарға өз денеңіз бен кеңістіктегі басқа адамдардың денелері арасындағы байланысты сезіну қандай екенін түсіндіруге қиналамын. Бұл құбылысты

түсіндіре алатын жалғыз метафора – электр тоғы. Өзіңізді дененізден электр тоғы өткендей сезінесіз. Энергия сізден шығып, көпшілікке беріледі, содан кейін айналып сізге қайта оралады. Ұзақ уақыт бойы маған автопилот режимінде болуға тура келді: тек өзімнің ішкі күшім арқылы қозғалысымды тоқтатпадым.

Бірте-бірте өз мүмкіндіктеріме қайта сене бастадым. Біраз уақыт ешкімге айтпадым. Оны құпия ұстадым. Кішкентай кезімде ата-анамның хаосынан құтылу үшін армандарымдағы қиял әлеміне қашқанымдай, Лас-Вегаста ересек бола тұра, бала кездегіден де аз еркіндікпен қайтадан жаңа арман әлеміне – отбасымнан бостандық алып, өз ішімдегі әртіс әлеміне оралғым келді.

Бәрі де мүмкін болып көріне бастады. Хесам екеуіміздің бір-бірімізге жақын болып кеткеніміз сонша, балалы болу туралы ойлана бастадық. Дегенмен жасым отыздан асып бара жатқандықтан, уақытым аз екенін білдім.

Қамқорлық кезеңінің басында дәрігердің қабылдауында өте жиі болдым. Дәрігерден кейін дәрігер.

Үйіме аптасына он екі дәрігер келіп-кететін. Соған қарамастан, спиральді алып тастау үшін дәрігерге жазылуға сұранғанымда, әкем рұқсат бермеді.

Қамқорлық кезінде бәрі бақылауға алынды, барлық жерде күзетші болды. Бүкіл өмірім физикалық тұрғыдан қауіпсіз болғанымен, бұл қуаныш сезімі мен шығармашылығым үшін жаман болды. Көп адам: «Олар өмірінді сақтап қал-

ды!» – деді. Шындығында, мүлдем олай емес еді. Мәселе бұл жағдайға қалай қарайтыныңызда. Әркімнің өз жеке көзқарасы бөлек келеді. Музыка өмірімнің мәні болды, ал қамқорлық мұны құртып тынды, ол жанымды жаншыды.

Қамқорлыққа дейін мен студияға дыбыс жазу үшін келіп, қалаған уақытымда кете беретінмін. Ал қамқорлық кезінде бір топ адам дыбыс жазу студиясында дәретханаға қашан баратыныма дейін қадағалап отырды. Бұл әзіл емес.

Қамқорлықтан кейін әкем мен Лу Тейлордың «Tri Star» компаниясындағы адамы Робиннің «Black Box» күзет компаниясын жалдағаны жайлы оқыдым. Ол компания ұялы телефоныма түсетін және шығатын қоңыраулар мен мәтіндерді, соның ішінде жеке телефондарыма келіп түсетін қоңыраулар мен мәтіндерді бақылап отырған. Оның ішінде жігітіммен, сол кездегі адвокатыммен және өз балаларыммен жазысқан хаттарымды да оқып отырған. Одан да сорақысы, әкем үйіме жасырын тыңдауыш құрал орнатқан. Өз үйімде тың тыңдап отырған! Мұның бәрі олардың маған жүргізген бақылауының бір бөлігі болды.

Жасөспірім кезімде үйден отбасылық өмірім өте ауыр болғандықтан кетіп қалдым. Кішкентай кезімде таңғы сағат төртте қонақ бөлмеге барып: «Мама, аузыңды жапшы!» – деп айқайлауыма тура келетін, ол кезде әкем креслода есінен танып, мас күйінде жататын. Сосын талай жыл өткенде таңғы төртте оянып, төбеге қарап жатып, бұл адамдар қайтадан маған иелік етіп алды деп таңғалып жататын кездерім

болды.

Түн ортасындағы сол бір тыныш сәттерде олардан құтылу үшін қолымнан келгеннің бәрін жасауға ант бердім.

Вегастағы үшінші жылы мен көптен бері сезбеген нәрсені сезіне бастадым. Күш-қуатымның оралғанын сезіндім. Бір-деңе істеуім керек екенін білдім.

Өз қалпыма келе бастағанда денем, жүрегім, физикалық және рухани болмысым қамқорлыққа бұдан былай шыдай алмады. Кішкентай жүрегім «мен бұған енді шыдағым келмейді» деген сәт туды.

Ұзақ уақыт бойы ата-анам мені жамансың, жындысың деп сендіріп, бұл олардың пайдасына асып келді. Бұл жанымды жаралады. Олар отымды сөндірді. Он жыл бойы өзімді төмен бағалап келдім. Алайда іштей олардың сандырағына қарсы айқайлаумен болдым. Мендегі сол кезеңдегі дәрменсіздік пен ашуды түсінуге тырысыңыз.

Шоуларымнан кейін отбасымның көңіл көтеріп рақаттанып, шарап ішіп отырғанын көргенде және маған бір татым ішуге рұқсат етпеген кезде қатты ашуландым. Көпшіліктің алдында сахнада үстінде сүйкімді киім мен биік тақалы туфлиі бар жұлдызға ұқсағанымды білемін. Алайда неге атышулы Лас-Вегаста еш көңіл көтере алмадым?

Есейе келе, әйелдік болмысымның жаңа кезеңіне аяқ басқан сайын билікті дұрыс бағытта қалай қолдану керектігі жайлы амал қарастыра бастадым. Риз Уизерспун мен үшін керемет үлгі болды. Ол қылықты, сүйкімді және өте ақылды.

Өзіңізді басқаларды бақытты ету үшін ғана емес, өз тілектерін ашық білдіруге лайық адам ретінде көре бастасаңыз, бәрі өзгереді. Риз сияқты сыпайы және мықты бола аламын деп ойлай бастағанда өзіме деген көзқарасым өзгерді.

Егер жұрт сіздің өз қалағаныңызды талап ете алатын кейпіңізге үйренбесе, ойыңызды ашық айта бастағанда шошып, қатты таңдана бастайды. Олардың ең үлкен қорқынышына айналғандай сезіндім. Патшайым болып, өз қалауымды айтатын уақыт келді. Олардың маған бас иіп тұрғанын елестеттім. Күш-қуатымның орала бастағанын сезіндім.

Өзімді қалай ұстау керектігін білдім. Қиын жұмыс кестесіне шыдап, күшті бола бастадым. Мықты болудан басқа амалым қалмады, менің ойымша, көрермендер де мұны қабылдады. Өзіңізге деген құрмет пен сыйды талап ете бастағанда бәрі өзгереді. Сөйтіп, олардың сыны мен бұйрығына қарамастан, кезекті шоуға шықпайтыным, өзіме уақыт бергім келетіні жайлы айтқанда іштей көтеріліс жасағанымды сездім. Егер сендер «жоқ» дегенім үшін өзімді кінәлі сезінуге мәжбүрлеуге тырыссандар, енді мұндай қармаққа түспеймін деген ойға келдім.

Резиденция 2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталады деп жоспарланған. Күте алмадым. Басты себеп: бірнеше жыл бойы бір шоуды апта сайын көрсетуден өлердей жалықтым. Бірқалыпты кештердің легін бұзу үшін ремикс немесе жаңа қойылым, кез келген нәрсе жасауды өтіндім.

Ән айтып тұрғанда жас кезімдегідей қуанудан қалдым.

Жасөспірім шағымдағы сияқты әнге деген таза, шексіз махаббат болмады. Енді қандай әнді қашан айту керектігін өзге адамдар айтатын болды. Не қалайтыныма ешкім мән бермейтіндей. Олардың ақыл-ойы маңызды да, менің ойымды елемеге болады деп қабылдап жүрдім, санама солай сіңіріп тастаған. Солар үшін өнер көрсетіп, ақша табу үшін ғана сахнаға шықтым.

Мені бәрі пайдаланды. Әрқашан өзінің музыканттығын мақтан тұтатын орындаушы ретінде шоуымды өзгертуге рұқсат бермегеніне қаншалықты ашуланғанымды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Вегастағы әр шоудың арасында бірнеше апталық үзілістер болды. Қарғыс атқыр, қанша уақыт босқа кетті. Жанкүйерлерім үшін әндерімді ремикс-теп, оларға жаңа әрі қызық әндер сыйлағым келді. Сахнада «Change Your Mind» немесе «Get Naked» сияқты сүйікті әндерімді орындағым келгенде олар маған рұқсат бермеді. Жанкүйерлеріме өз қолымнан келгенше ең күшті ән кешін сыйлағым келгенде әдейі жасағандай, мені ұятқа қалдырғысы келгендей мені көп нәрседен тыйып тастап отырды. Оның орнына әр апта сайын бірінен-бірі аумамайтын шоуларды көрсетуіме тура келді: бірдей би, бірдей ән, бірдей сахна. Бірсарынды шоуды ұзақ уақыттан бері көрсетіп келдім. Оны өзгерткім, керемет, адал жанкүйерлеріме жаңа және әсерлі шоу сыйлағым келді. Бірақ «жоқ» дегенді ғана естідім.

Шоудың үнемі бірдей болғаны соншалық, шын мәнінде, біртүрлі болды. Жанкүйерлерім мен туралы не ойлайды

деп уайымдадым. Оларға көп нәрсе ұсынғым келетіні туралы жеткізгім келді. Бірнеше сағат бойы студияларға барып, дауыс режиссерімен бірге ремикс жасағанды ұнататынымын. Алайда олар: «Шоудың таймкодына байланысты ремикс қоя алмаймыз. Ол үшін бәрін қайта жасауымыз керек», – дейтін. «Қайта жасандар!» – дедім. Мен жаңашылдықты ұнататын жанмын, алайда олар әрқашан «жоқ» деп жауап беретін.

Талап қойғанымда, маған бар ұсынғаны: киім ауыстырып жатқанда жаңа әндерімнің бірін фондық режимде қосуға болатынын айтты.

Сахнаның артында жүріп, костюмдерімді ауыстырып жанталасып жатқанда олар сүйікті жаңа әнімді қосу арқылы маған үлкен жақсылық жасағандай көрді.

Бұл, шын мәнінде, ұят еді. Өйткені шоуды өзгертуге болатынын білдім. Оған әкем жауапты болды, алайда ол үшін шоуды жаңарту еш маңызды емес еді, демек, оны жүзеге асыру керек адамдар мұны істемейді деген сөз. Осындай ескі ән нұсқаларын айту мені де қартайтып жібергендей. Жаңа дыбыс пен жаңа қимылдарды аңсадым. Шынайы да атақты жұлдыз болуымнан қорыққанын енді түсінгендеймін. Оларға басқаруға болатын жұлдыз қажет екен.

Мен «Glory» синглдарына арналған бейнебаяндарды түсіргенде өзімді өте жеңіл әрі еркін сезіндім. «Glory» маған жаңа материалды орындаудың қандай болатынын, маған қаншалықты қажет екенін еске салды. «Glory» шыққан соң бір жылдан кейін «Radio Disney Music Icon Award» мара-

патын алатынымды естіген кезде: «Бұл, расымен, керемет қой! – деп ойладым. – Марапаттауға ұлдарымды алып барамын, өзім әдемі қара көйлек киемін».

Марапаттау рәсімінде отырып, әндерімнен үзінді қойылған кезде түрлі сезімді бастан кештім. Джейми Линн «Till the World Ends» әнінің үзіндісін орындап, маған сыйлығымды тапсыру үшін күтпеген жерден пайда болған кезде кедүемді қуаныш кернеп тұрған еді.

Шоу барысында мен «In the Zone» үшін жасаған арнайы концертімді есіме түсірумен болдым. Бұл «ABC»-ге арналған ремикстелген ән болды. Бір апта бойы дайындық жасап, бірнеше жаңа ән айттым. Олар мені өте әдемі түсірді. Өзімді бала сияқты сезіндім. Шынымды айтсам, бұл – ең жақсы жұмыстарымның бірі. «...Baby One More Time» әнін орындағанда кабаре биі сияқты атмосфера болды... Содан кейін «Everytime» әнін орындау үшін әдемі ақ көйлек кідім. Шынымен, өте әдемі болдым. Мансабымның сол сатысында еркін болу, өз әнімді өзім қалағандай орындау өте керемет болды.

Алайда сол «Radio Disney Music Awards»-та сахнадағы өнерім үшін «Icon» марапатын алғанда мені ашу қысты. Неге десеніз, сахнада үш әншімен бірге сіңлім мен он үш жыл бойы сұраған, жүздеген шоулар бойы жалынып келген жаңа қойылымды қойып, әндерімді жаңаша орындады. Ал мен жымылып отыра бердім...

Қамқорлыққа алынғанымға дейін досым әрі агентім Кейд маған телефон соғып, гастрольге шығуымыз керек екенін айтатын. Сосын маған қайда баратынымызды айтқанша мен көлікте болатынмын. Егер шоуларымның бірінде дауысым қаттырақ шыққанын қаласам, сыпайы түрде дыбыс бақылаушы жігіттің оны дер кезінде қосатынына сенімді болатын едім. Егер ашуыма тисеңіз, бұл туралы бәрі білетін. Кішкентай болсам да, айтқанымды істететінмін. Алайда Вегаста жай ғана жымып, бас изеп, бір шоуды қуыршақ сияқты қайта-қайта жасай бердім.

Жұмыс істеуге ынталандыратын жалғыз нәрсе жыл сайын балаларыммен екі рет демалысқа шығу болды. Алайда «Glory» шыққан жылы балаларыммен демалудың орнына гастрольдік сапарға шығуға тура келді, өйткені маған демалысқа шығуға рұқсат етілмеді. Сөйтіп, маған балаларды өзіммен бірге гастрольге алып жүруге тура келді, бұл, әрине, балаларыма ұнай қойған жоқ. Сондықтан келесі жылы маған демалыс өте қажет болды. Бір кеште шоу алдында киім ауыстырып жатқанда оларға демалғым келетінін ескертіп: «Сендерге алдын ала айтып жатырмын. Маған биыл демалу керек», – дедім.

Мен үшін демалыстың салт ретінде өтуі өте маңызды. Балаларыммен Мауиге барып, қайық алып, мұхитқа шығуды

жақсы көретінбіз. Шынымды айтсам, бұл психикалық денсаулығым үшін де пайдалы еді.

«Егер ақша жақсы шығып жатса, екі гастрольдік шоу жасаймыз, содан кейін оралып, жаз бойы демалуға болады», – деді командам.

«Тамаша! Ойымыз бір жерден шығып тұр», – дедім мен.

Арада бірнеше ай өтті. Вегастағы шоулар 2017 жылдың желтоқсанында аяқталатынын, жүздеген шоу жасағаннан кейін ақыры демалатынымды біліп, сондай жеңілдеп жүрдім.

Бір күні шоулардың арасында киім ауыстыратын бөлмеде отырғанымда командамнан біреу: «Айтпақшы, біз биыл Вегаста аяқтағаннан кейін гастрольге баратын болдық. Вегастан кейін демалысқа шықпайды екенбіз. Гастрольді осы жаздың соңында аяқтауымыз керек», – деді.

«Жоқ, біз олай келіспеген едік, – дедім мен. – Сендерге балаларды Мауиге апарамын деп айтқанмын».

Олармен келісуге тырысқан сайын әдеттегідей әңгімеміз тез арада ұрсысқа айналып бара жатты. Ақырында ұжымның бір мүшесі: «Егер гастрольге бармасаң, соттан бір-ақ шығасың, өйткені сенімен келісімшарт бар». Олар мені қорқытып тұрғанын түсіндім. Олар мен үшін сотта болу қаншалықты ауыр екенін білетін.

Содан кейін тынышталдым. Гастроль бірнеше апта болса, соншалық жаман болмас еді деп ойлай бастадым. Сосын ол жақтан келгеннен кейін жаздың қалған бөлігі өзіме қалады.

Мауиге сәл кейінірек барсақ та болады деп жұбаттым өзімді.

Менің бұл болжамдарым тым аңғал болып шықты. Тур барып тұрған тозақ болды. Мұны бишілердің де сезінгенін білемін, өйткені әкем қойған талаптар бізді бұрынғыдан да қатты шектеп тастады. Тіпті бөлмеден шығу үшін күзетшілерге екі сағат бұрын ескертуге тура келді.

Жарама тұз сепкендей маған сол баяғы ескі шоууды қойғызып, шығармашылық еркіндік бермей тұншықтырды. Біз шоууды өзгертіп, көрермендерге де, маған да, бишілерге де жаңаша болатындай жақсы, жаңа нәрсе жасай алар едік. Бұл мен сұраған жалғыз жеңілдік еді, алайда бәрібір олар әдеттегідей келіспеді. Мұның басты себебі: егер өз шоуымды өз қолыма алсам, жұрт маған қамқоршы ретінде әкемнің қажет еместігін біліп қояр еді. Менің ойымша, ол жасырын түрде мені «кемтар» сезіндіргенді ұнатқан секілді. Бұл оған күш берді.

Ақырында шоу бітіп, қайтқаннан кейін үйімді сағынғаным сонша, иттерімді көре салып, жылап жібердім. Жоғалтқан уақыттың орнын толтыру үшін балалармен бірге сапарға шығуды жоспарлай бастағаным сол еді, команدام: «Біз саған үш апта ғана демалыс береміз, содан кейін Вегастағы жаңа шоуға дайындықты бастауымыз керек», – деді. «Үш апта ма? Мен жаз бойы демалыста болуым керек еді!» – дедім.

Турға шығуды жек көрдім.

Бұл демалыс ешқашан болмайды дегендей естілді.

Жиналған жұрттың дауысы алыстан естілді. 2018 жылдың қазан айында Лас-Вегастағы жаңа «Park MGM» қонақүйінің алдына келген адамдар саны жүзден астам болды. Нағыз жанкүйерлерім ұқсас киім киіп, В әрпі жазылған жалаушалар желбіретті. Сахнадағы бишілер «Britney» деп жазылған футболка киді. Дикторлар тікелей эфирге шығып, көрермендерге жаңалық таратып жатты. Лазер шамдары жарқырап тұрды. Үлкен экранда бейнебаяндарымның үзінділері көрсетіліп жатты. Би әндері жаңғырып тұрды. Адамдар «My loneliness is killing me» әнінің сөздерін әндете айтып, шеру құрып бара жатты.

Кенет жарық сөнді.

Іс-шараны жүргізуге келген Марио Лопес микрофонға былай деді: «Біз Вегастың жаңа ханшайымын қарсы алуға келдік...»

Драмаға толы музыка басталды: «Toxic» әнінің басы. MGM паркіндегі шамдардың жарқылдағаны сондай, бүкіл ғимарат қозғалып тұрғандай болды. Әндерімнің үзінділері кезегімен орындалуда, зымыран мен тікұшақтың проекциялары, үлкен шымылдық, Эдем бағындағы жыландар. Сахна айналасындағы шұңқырлардан жалын шапшып тұрды! Сахна астынан гидравликалық платформамен көтерілдім, жұлдызша шоқтары бар қысқа қара көйлекпен биіктен

қол бұлғап күлдім, шашым өте ұзын және аққұба.

«...Ханымдар мен мырзалар, – деп жалғастырды Марио Лопес, – Бритни Спирс!»

Мен биік тақалы туфлиіммен баспалдақтан түсіп, «Work Bitch» әні қосылып тұрғанда жанкүйерлерге бірнеше қолтаңба бердім. Кенет күтпеген нәрсе жасадым.

Камералардың жанынан өттім.

Сосын жүре бердім де, үлкен көлікке отырып, артынан кетіп қалдым.

Ештеңе де айтпадым. Өнер көрсетпедім. Егер қарап отырған болсаңыз, таңданып, не болып жатыр өзі дер едіңіз.

Ол жерде сіздер көрмеген жағдай болды. Әкем мен командасы мені шоуды жариялауға мәжбүрлеген. Мен жариялағым келмейтінін айттым, бірнеше ай бойы мұны істегім келмейді деп айтумен болдым.

Бірнеше жыл бұрын «Overprotected» (Шамадан тыс қорғауда болу) әнін айтып жүргенде нағыз шамадан тыс қорғаудың не екенін білмей жүріппін. Мұны көп ұзамай түсіндім, өйткені Вегаста шоу жасауды жалғастырғым келмейтінін ұқтырғанда, отбасым сахнаға мүлде шықпауға мәжбүр етті.

Демалыс жақындаған сайын өзімді жақсы сезіндім. Әкем ту сыртымнан бірдеңе ойластырып жүр ме деген қорқыныш болмаса, мен жасырын маскүнемдер клубында кездескен әйелдерден күш пен шабыт алдым. Өздері керемет жандар болумен қатар, олардың ақыл-парасаты өте мол болды және олардан әлемді адалдықпен, батыл түрде қабылдайтын ересек әйел болудың қандай екенін үйрендім.

Туған күніме Хесам мені бір ерекше жерге апарды. Демалыс күніне жоспар құра бастадым, алайда әкем балаларды Рождествоға өзіне шақыратынын айтты. Оларды көргім келсе, әкемді де көруім керек еді. Қарсы шықпақ болғанымда әкем: «Балалар биыл сенімен бірге болғысы келмейді. Олар нағашы ата-әжесімен бірге Луизианадағы үйге барады», – деді.

«Қызық жаңалық болды ғой, егер олар сол аптада Луизианада болуды қаласа, мейлі», – дедім.

Ол кезде Вегастағы шоу әлі жоспарда бар еді. Жаңа бишілерді жалдап, күнделікті жұмыс істеп жүре бердім. Бір күні репетицияда бұрынғы және жаңадан келген бишілермен бірге дайындалып жатқанда, бізбен төрт жыл бойы бірге болған қыз бізге бір би қимылын көрсетті. Мен әлгі қимылды көргенде маған өте қиын болып көрінді. Сосын мен: «Бұл өте қиын, мұны істегім келмейді», – дедім.

Бұл жағдай мен үшін аса шу шығаратын іс болып көрінбеді, кенет командам мен директорлар басқа бөлмеге кіріп кетті де, есікті жауып алды. Өзімді бірдеңе бүлдіргендей сезіндім, алайда жай ғана бір қимылды жасаудан бас тартқаным сонша бұлдануға тұрмайды деп ойладым. Айтайын дегенім, резиденцияға қатысып жүргеніме бес жыл болған еді, денем де өзгерді. Егер биде бір қимылды өзгертсек, дүние төңкеріліп кетпейтін шығар? Бұл – мендегі әлеуметтік мазасыздық, сондықтан бір жерде ыңғайсыз сезінетіндей нәрсе болса, мен оны бірінші кезекте сеземін. Дегенмен сол күні бәрі жақсы болып көрінді. Мен бишілерге күлімдеп, сөйлесіп жүрдім. Жаңадан келгендердің кейбірі күрделі сальто жасап жатты. Олардың қозғалыстары керемет болды! Мен олардан оны үйрене аламын ба деп сұрап едім, олардың біреуі мені тіреп ұстап тұруды ұсынды. Мұның бәрі арамызда ешқандай араздықсыз, жақсы қарым-қатынас болғанын білдіреді. Дегенмен басшылықтағы командамның әрекеттері бірдеңе болғандай алаңдатты.

Бір күннен кейін терапиядағы дәрігерім маған сұрақтарын қойды.

«Сіздің әмияныңыздан қуат беретін қоспалар таптық», – деді ол. Қоспалар маған сенімділік пен қуат беретін, ол үшін дәрігердің рецептісі қажет емес еді. Вегастағы шоуларға шығып жүргенде қоспалар ішетінімді бұрыннан білетін, бірақ енді ол бұдан үлкен шу шығарып отыр.

«Сіз біздің артымыздан бұдан да жаман істер істеп жүр-

ген секілдісіз, – деді ол. – Репетицияларда көп нәрсені істей алмай жүрген секілдісің. Сен ол жерде бәрінің мазасын алып жүрсің».

«Бұл әзіліңіз бе?» – дедім.

Бірден ашулана кеттім. Қатты тырысатынымын. Жұмыс істеу әдебім өте күшті.

«Біз сені арнайы мекемеге жібереміз, – деді терапевт. – Ол жерге бармас бұрын рождестволық демалыста біз сізге психологиялық тест тапсыру үшін арнайы бір әйелді шақырамыз».

Бірден көзге түсетін бір дәрігер (оны теледидардан көріп, инстинктивті түрде жек көріп қалғанмын) үйіме өз еркімнен тыс келіп, мені отырғызды да, сағаттар бойы танымдық қабілеттерімді сынады.

Әкем маған бұл дәрігердің сынақтан өтпей қалды деген қорытындыға келгенін айтты: «Ол сені сынақтан өте алмады деп айтты. Енді сен психикалық сауықтыру мекемесіне барасың. Қатты ауытқулар бар. Дегенмен уайымдама, Беверли-Хиллзде шағын оңалту мекемесін таптық. Айына алпыс мың доллар ғана төлеу қажет болады».

Жылап, заттарымды жинап жатып, қанша уақытқа дайындалуым керектігін, олар мені онда қанша уақытқа қалдыратынын сұрадым. Ем қанша уақытқа созылатынын айта алмады. «Мүмкін, бір не үш ай. Мұның бәрі сенің қаншалықты жақсы жұмыс істейтініне, өзінді қаншалықты жақсы көрсететініне байланысты». Бұл мен үшін арнайы жасалған «таң-

даулы» сауықтыру бағдарламасы болды, сондықтан жалғыз қалып, басқа адамдармен араласудың қажеті болмады.

«Егер бармасам ше?» – деп сұрадым.

Әкем егер бармасам, сотқа баратынымды, сосын ол жерде ұятқа қалатынымды айтты. Ол: «Біз сені таза ақымақ етіп көрсетеміз, сөзімді тыңда, сен жеңе алмайсың. Сотқа барып, заңның алдында масқара болғанша, қазір тілімді ал», – деді.

Бұл бопсалаудың бір түрі сияқты сезілді, маған газлайтинг жасалды. Шынымды айтсам, олар мені өлтірмекші сияқты көрінді. Соншама жылдар бойы ешқашан әкеме қарсы шыққан емеспін. Мен ешқашан ешкімге жоқ деп айтпадым. Сол күні сол бөлмедегі жоқ дегенім әкемді қатты ашуландырды.

Олар мені кетуге мәжбүрледі. Қыспаққа алғандықтан, менде басқа амал қалмады. «Егер мұны жасамасаң, көрер күнің қараң, сондықтан бізге көнуің керек».

Одан басқа амалым да қалмады, ал ол жерге барған соң жалынып-жалбарынсам да, кете алмадым.

Айлар бойы өз еркімнен тыс қамауда болдым.

Дәрігерлер балаларымнан, үйімнен алыстатты. Сыртқа шыға алмадым. Көлік жүргізе алмадым. Апта сайын қан тапсыруға міндетті болдым. Оңашада ваннаға түсе алмадым. Бөлmemнің есігін жаба алмадым. Киім ауыстырып жатқанымда да қарап тұрды. Маған сағат тоғызда ұйықтау керек болды. Олар төсекте сағат сегізден тоғызға дейін теледидар көріп отырғанымды қадағалады.

Күнде таңертең сегізде тұруым керек болды. Күнде бітпейтін кездесулер.

Күніне бірнеше сағат бойы міндетті терапия алдым. Кездесулер арасында терезеге қарап, көліктердің тоқтап, кетіп бара жатқанын бақылап отырдым, көптеген көлік терапевттер мен күзетшілерді, дәрігерлер мен медбикелерді әкеліп, әкетіп жатты. Маған ең ауыр болғаны: маған қарағанда, олардың бәрі қалаған уақытында кете алатын еді.

Маған болып жатқан жағдайдың бәрі өз игілігім үшін деді. Дегенмен ол жерде өзімді жалғыз қалғандай сезіндім, бәрі маған көмектесу үшін сол жерде жүргенін айтып жатқанда отбасымның менен не қалайтынын ешқашан түсіне алмадым. Істеуім керек нәрсенің бәрін жасадым. Балаларым демалыс күндері бір сағатқа ғана келіп-кететін. Алайда егер апта ішінде «жасауым керек» нәрселерді істемесем, оларды көруге рұқсат бермейтін.

Маған телефон соққан жалғыз адамдардың бірі Кейд болды. Кейдпен бірге өзімді қауіпсіз сезіндім, сонымен бірге қауіп төніп тұрғандай болатын. Мен үшін ең қызық болғаны оның маған Техастағы ауруханадан «FaceTime»-мен қоңырау шалып, төсегінде жатқанда оны шаян шағып алғанын айтқаны еді. Оның аяғы баскетбол добындай болып ісіп кеткен.

«Шын ба?» – дедім мен, телефоннан оның іскен аяғына қарап. Бұл адам сенгісіз жаман болды. Кейдтің ісіп кеткен аяғы туралы ойлану сол кездегі шарасыз жағдайымда көңілімді аулаған нәрселердің бірі болды, оған және Техас шаянына мәңгі алғысымды айтқым келеді.

Терапевттер мені күнделікті, аптасына жеті күн бойы бірнеше сағаттап сұрақтың астына алды.

Жылдар бойы Прозак ішіп жүрдім, ауруханада мені ол дәріден бірден тыйып тастады да, литийге ауыстырды. Мен қаламайтын қауіпті препарат, өте баяу және ұйқышаң етеді. Маған уақыттың қалай өтіп жатқанын, айналамда не болып жатқан сезу қиын болды. Литийді іше бастағаннан кейін қайда екенімді, тіпті кейде кім екенімді де ұмыта бастадым. Миым бұрынғыдай дұрыс жұмыс істемеді. Литийді Мандевиллде кейін өз-өзіне қол жұмсаған әжем Джин де ішкенін есіме түсірдім.

Сол екі арада менімен ұзақ уақыт бірге жұмыс істеген күзет тобы мені қылмыскер сияқты ұстады.

Қан тапсыратын уақыт келгенде қан алатын адамның жанында медбике, күзетші және менің көмекшім тұратын.

Сонда адам жегіш болғаным ба? Банк тонаушы ма едім? Әлде жабайы жануармын ба? Неге мені бұл жерді өртеп, бәрін өлтіретін адамдай ұстады?

Сексендегі кемпірді тексергендей қан қысымымды күніне үш рет өлшейтін. Және олар еш асықпайтын. Мені отырғызып, манжетаны алатын. Оны да баяу тағатын. Ақырын үрлейтін... Күніне үш рет. Өзімді ақыл-есі дұрыс адамша сезіну үшін маған қозғалу керек болды. Биші болғандықтан, қимыл-қозғалыс өмірім еді. Қозғалған кезде тірілетінмін. Ауадай қажет болып, биді аңсадым. Дегенмен олар мені бір орындықта ұзақ ұстады. Әдейі азаптап жатқандай сезіне бастадым.

Аяғымда, жүрегімде және миымда алаң мен мазасыздықтың пайда бола бастағанын сездім.

Ол сезімнен арыла алмадым.

Денеңіз қозғалған кезде тірі екеніңізді есіңізге түсіреді, сондай сезімді білесіз бе? Бар қалағаным сол болды. Қозғала алмадым, сондықтан шынымен де жартылай өлі болуым мүмкін бе деп ойлай бастадым. Өзімді күйреп жатқандай сезіндім.

Күніне сағаттап креслода отырғаннан бөксем үлкейгені сонша, қысқа шалбарларымның ешқайсысы сыймай қалды. Өз денем өзіме бөтен көрінді. Қорқынышты түстер көре бастадым, бір түсімде орманда жүгіріп бара жаттым. Түсім бе, өңім бе, ажырата алмадым. «Өтінемін, оятындар, өтінемін, оятындар, өтінемін...» Осының бәрі шын болғанын қалама-

дым, бұл жай ғана түс болсыншы дейтінмін.

Мені ол жерге емделу үшін жіберсе де, халім ол жақта нашарламаса, жақсарған жоқ. Өзімді қанатсыз құс ретінде елестете бастадым. Бала кезіңізде кейде желге қарсы қолыңызды жайып, жүгіріп бара жатқанда бір сәт өзіңізді ұшып бара жатқандай сезінген сәттеріңіз болды ма? Өзімді солай сезінгім келген еді. Дегенмен ол жерде, керісінше, күн сайын жерге жұтылып бара жатқандай болдым.

Беверли-Хиллзде екі ай бойы жалғыз жаттым. Мен үшін ол жерде болу қорқынышты фильмдердегідей тозақ болды. Қорқынышты фильмдер көремін. «The Conjuring» (Дуа) фильмін көргенмін. Сол емдеу орталығындағы айлардан кейін ештеңеден қорықпайтын болдым.

Шынымды айтсам, қазір ештеңеден қорықпаймын.

Бәлкім, осы сәтте қорқынышы ең аз әйелдердің бірі шығармын, тек бұл маған күш бермейді, керісінше, қынжылтады. Мұндай күшті болмауым керек. Сол айлар мені тым мықты қылып жіберді. Кентвудта мені әдепсіз, өзімшіл деп атаған кездерімді сағындым. Ауруханада өткізген айларда өзіме деген көзқарасым өзгерді. Көп жағынан рухымды түсірді.

Бір ғимаратта екі ай болғаннан кейін мені сол адамдар басқаратын басқа ғимаратқа ауыстырды, бұл жерде мен жалғыз болмадым. Тіпті бұрын жалғыз болғанды жөн көрсем де, екі айлық жалғыздықтан, литий ішкеннен кейін, шы-

нымды айтсам, өзге науқастардың жанында болғаным әлдеқайда жақсы болды. Біз күні бойы бірге болдық. Түнде әрқайсымыз жеке бөлмелерімізде жалғыз қалатынбыз, есіктер жабылған кезде тарсылдаған дыбыс шығаратын.

Ол жердегі бірінші аптамның бір түнінде басқа науқастардың бірі бөлмеге келіп: «Неге сонша қатты айқайлайсың?» – деді.

«Ау? Мен айқайлап жатқан жоқпын», – дедім.

«Біз бәріміз сені естіп жатырмыз. Сен қатты айқайлап жатырсың».

Мен бөлмеге бір қарадым да: «Менде тіпті музыка қосылып тұрған жоқ», – дедім.

Оның кейде басқа адамдар естімейтін нәрселерді естітінін кейін білдім, бұл жағдай мені шошытты.

Сосын бір күні бізге өте әдемі қыз келіп, бірден танымал бола кетті. Мектептегідей ол жас чирлидер сияқты, ал мен өзімді бұзылған оқымысты сияқты сезіндім. Ол жиналыстардың ешбіріне бармады.

Ол жердегі адамдардың көбі жабайы болса да, маған олардың біразы ұнайтын. Бір қыз мен бұрын көрмеген жұқа темекі шегетін. Өзі де, темекісі де сүйкімді еді. Оның әкесі демалыс күндері оны көруге келетінін байқадым. Ал менің отбасым болса мені сол жерге тастап, өмірін жалғастыра берді.

Бір күні сүйкімді қыз маған: «Темекіме қызығатыныңды білемін, – деді. – Тіпті біреуін тартып көргің келетініне сенімдімін, солай емес пе?»

Ол ешқашан сұрамайды деп ойладым. «Иә», – деп жауап бердім.

Сөйтіп, мен онымен және басқа қыздармен алғашқы «Саргі» темекісін тарттым.

Ол жердегі бірнеше адамның тамақтану әдеті бұзылған, өте арық болды. Өзім де онша көп тамақ жемедім. Тамақты қаншалықты аз жейтініме қарап және барлық талдауға қанша қан бергенімді ойлап, қалай талып қалмағаныма таңғалдым.

Сол кездің бәрінде құдай менімен бірге болса керек. Қамауға алынған үш ай бойы мені Бритни еткен кішкентай жүрегімнің енді денемде жоқ екеніне сене бастадым. Мені үлкен бір күш демеп жүрсе керек, өйткені мұның бәрі жалғыз өзіме тым ауыр еді.

Сол кезеңде тірі қалғаныма қарап, бұл менің емес, Құдайдың арқасында деп ойлаймын.

Ең қиыны, маған дәрігерлердің немесе келушілердің алдында өзімнің жақсы екендігімді көрсетуге тура келді. Егер ашулансам, бұл жақсармағанымның дәлелі ретінде қабылданды. Егер ренжіп, өзімнің қалағанымды айтсам, өзіне ие бола алмайтын жынды деп санады. Бұл маған бұрындары әйелдің мыстан екенін білу үшін қолданған тексеру әдістерін есіме түсірді. Әйелді тоғанға лақтырған. Егер ол судың бетіне жүзіп шықса, ол мыстан саналып, өлтіру керек болған. Егер батып кетсе, ол кінәсіз. Әйел екі жағдайда да өледі. Олар қалай болғанда да оның қандай әйел болғанын білуді ұйғарған.

Бір-екі айдан кейін әкеме телефон соғып, үйге жіберуін өтіндім.

Ол: «Кешір, сенімен не істеуге болатынын енді сот қана шешеді. Қазір шешім дәрігерлердің қолында. Саған мүлдем көмектесе алмаймын. Мен сені дәрігерлердің еркіне қалдырдым, көмектесе алмаймын», – деді.

Бір қызығы, мені сол жерге әкелгенге дейін әкем маған Рождество мерекесінің құрметіне інжу алқа мен қолдан толтырылған әдемі ашықхат жіберген болатын. Мен өзімнен: «Неге бұлай істеп жүр? Қандай адам өзі?» – деп сұрадым.

Ең қатты ренжіткені, жылдар бойы – «Work Bitch» бейнебаянын түсіріп жатқан кезде де, қамқорлық алғаш рет

басталғанда, «Circus» турына барған кезде де камераның алдында өзін қамқоршым және балаларымның жанашыры ретінде ұстайтын.

Камераға қарап, еш шімірікпестен: «Бұл – менің кішкентай қызым! Мен оны қатты жақсы көремін», – дейтін. Ол кезде Лудың малайы Робинмен трейлерде қамалып отыратынмын. Ал ол кез келген адамға өзінің қандай керемет әке екендігі жайлы әңгімелеп беретін.

Ал Вегастағы резиденциядан бас тартқанымда, гастрольге баруға келіспеген кезімде әлі де оның сүйікті қызы болдым ба?

Әлбетте, жоқ.

Кейінірек заңгер: «Әкең бәрін тоқтата алар еді. Ол дәрігерлерге айтып, бұл енді артық, қызымды үйге жіберейік дей алар еді. Дегенмен олай жасамады», – деді.

Анама қоңырау шалып, неге бәрі мені соншалықты қауіпті деп санайтынын сұрадым.

Ол болса: «Білмеймін, білмеймін, білмеймін», – дей берді.

Мен сол жерде жатқанымда сіңліме де хат жазып, шығарып алуын өтіндім.

Сіңлім: «Олармен күресуді тоқтат, – деп жауап берді. – Ештеңе істей алмайсың, сондықтан олармен күресуді доғар».

Сіңлім де мені өзгелерге қауіп төндіретін адам секілді көрді. Бұл жындының әңгімесі болып көрінуі мүмкін, тағы да қайталап айтайын, өйткені бұл шын: мені өлтірмекші бол-

ды деп ойладым. Джейми Линн мен әкемнің қалай жақсы қарым-қатынас орнатқанын түсіне алмадым. Ол одан көмек сұрау үшін хабарласып жатқанымды білді, әкемнің мені аңдып жүргенін де білді. Ол менің жағымда болуы керек деп ойладым.

Вегастағы шоулар кезінде сахна сыртында күн сайын кешке киім ауыстыруға көмектесетін құрбыларымның бірі кейін былай деді: «Бритни, сен сол орталықта болған кезде мен үш-төрт рет қорқынышты түс көрдім. Әлгі түстерден түн ортасында оянып кетіп жүрдім. Түсімде сен өз-өзіңе қол жұмсапсың. Сосын саған көмекші сымақ болған Робин ханымның маған телефон соғып, «иә, ол сол жерде қайтыс болды» деп мақтанышпен айтқанын көрдім». Құрбым үнемі уайымдап жүргенін айтты. Ауруханада жатқаным бірнеше апта өткенде үмітімді жоғалтпауға тырыстым, сол кезде маған көмектескен нағыз жанашыр адам – медбикелердің бірі компьютерден әлдене көрсеткісі келіп шақырды.

«Мынаны қара», – деді ол.

Компьютеріне қарап, не болып жатқанын түсінуге тырыстым. Онда ток-шоуда бір әйел мен және қамқоршылығым туралы айтып жатты. Біреуі #FreeBritney футболкасын киіп тұрды.

Медбикелер маған басқа да бейнежазбаларды көрсетті: жанкүйерлер бір жерде еркімнен тыс ұсталып жатқанымды анықтауға тырысып жүргендерін, музыкалар үшін қаншалықты маңызды екенін, қазір қиналып жатқанымды еле-

стету ашу тудыратынын айтты. Олар көмектескісі келді.

Сол шоу арқылы олар, шынымен, көмектесті де. Медбике көрсеткен нәрселерді ауруханадағылардың бәрі көрді. Дәрігер де ақырында дүниежүзіндегі адамдар мені неге әлі күнге дейін қамап қойғанын сұрап жатқанын байқады. Бұл жайлы барлық жаңалықта болды.

Небраскадағы біреудің сезімін сезіне алатыныма сенгенім сияқты, жанкүйерлеріммен байланысым маған қауіп төніп тұрғанын бейсаналы түрде сезе алды деп ойлаймын. Кеңістікте қай жерде болсақ та, біздің арамызда байланыс бар. Сіз елдің немесе әлемнің басқа жағында болсаңыз да, қандай да бір деңгейде бір-бірімізбен байланыстымыз. Жанкүйерлерім тіпті желіде немесе баспасөзде қамауда екендігім туралы ештеңе айтпасам да, жай ғана білген сияқты.

Олардың көшеде «Бритниге бостандық беріндер!» деп ұрандағанын көру өмірімде көрген ең таңғаларлық нәрсе болды. Кейбір адамдардың бұған күлгенін де білемін. Олар атым жазылған қызғылт жейделерді көріп: «Бұған қандай себеп?» – деген болар.

Дегенмен егер басымнан өтіп жатқан жағдайды білсе және жанкүйерлеріммен байланысымды түсінсе, күлмес еді деп ойлаймын. Мені өз еркімнен тыс қамауда ұстады. Менің амандығым адамдарды алаңдата ма, жоқ па – мұны қатты білгім келді.

Бір-бірімізге деген байланысымыздан өзге неміз бар? Ал музыкадай адамдарды байланыстыратын қандай күш бар?

Мені қолдап сөз сөйлегендердің бәрі сол қиын жылдан аман өтуіме көмектесті, олардың атқарған жұмысының арқасында бостандығымды жеңіп ала алдым.

Адамдар #FreeBritney қозғалысының мен үшін қаншалықты маңызды болғанын басында аңғармаған секілді. Соңында сот отырыстары жүріп жатқанда мені жақтайтын адамдарды көру мен үшін өте маңызды болды. Дегенмен бұл қозғалыс жайлы бірінші рет естіген кезде жүрегім жылыды, өйткені жағдайым мүлдем мәз емес еді. Достарым мен жанкүйерлерімнің не болып жатқанын сезіп, мен үшін бәрін жасағаны – ешқашан өтей алмайтын парызым. Өзімді қорғай алмаған кезде маған жақтасқандарыңыз үшін шын жүректен алғысымды айтамын!

Ақырында үйіме, иттерім мен балаларыма оралғанымда қатты қуандым.

Қайтып келген алғашқы аптада маған кім келгісі келді деп ойлайсыз? Отбасым.

«Біз сені сондай мақтан тұтамыз, Бритни!» – деді әкем. «Қолыңнан келді! Енді бәріміз бірге сенімен қалғымыз келеді». Дегенмен ол кезде оның бәрі оттаған әңгіме екенін білдім. Шын мәнінде не айтқысы келгенін де білдім, олардың «сенің ақшанды сағындық» дегісі келді.

Осылайша, әкем, анам және сіңлім өзінің қыздары Мэд-димен және Айвимен бірге келді.

Әлі өзіме келе қоймаған едім. Әлі де литий ішіп жүргендіктен, уақытты дұрыс сезіне алмадым, оған қоса қорықтым. Бірнеше ай бұрын бастаған ісін аяқтау үшін, мені ақыры өлтіру үшін ғана келді деген ой келді. Егер бұл паранойя секілді естілсе, осы уақытқа дейін бастан өткерген нәрселерімнің бәрін – олардың мені алдап, жындыханаға жапқан кезін еске түсіріңіз.

Сөйтіп, солардың ойынын ойнадым. Егер оларға сыпайылық танытсам, мені енді өлтіргісі келе қоймас деп ойладым.

Үш жарым ай бойы мені ешкім құшақтаған да емес.

Кішкентай жүрегімнің қандай ауырпалыққа төтеп беруіне тура келгенін ойласам, жылағым келеді.

Дегенмен отбасым ештеңе болмағандай үйіме кіріп келді. Ол жерде жаным адам төзгісіз күйге ұшырамағандай: «О-о, қалың қалай, қыз?» – деді міз бақпай Джейми Линн.

Анам мен қыздар әрқашан асүйімде отыратын. Джейми Линн Лос-Анджелесте болған кезде барлық телешоу кездесуін жоспарлайтын. Әкем онымен бірге Голливудтағы кездесулерге баратын, ал сіңлім қатты қуанып оралатын. «Қалдарың қалай, ұлдар?» – деп ұлдарымды көргенде айғай салатын.

Ол, шынымен де, өзінің арнасын тапты. Мен ол үшін қуанышты болдым. Сонымен қатар оның жанында болғым келмеді. Мен есімді білмей үстелге сүйеніп тұрғанымда: «О, Құдай, екеуіміз үшін өте керемет бір идеям бар! – деді тағы бір кездесуден қайтып келген соң. – Тыңдашы, апалы-сіңлілер жайлы ток-шоу!» Әр сөйлегені – жаңа бір идея. Ситком! Ромком!

Еденге тесіле қарап, әрең тындап тұрғанымда бірнеше сағат өткендей болды. Сол сәттің бәрінде басымда жаңғырып тұрған сөз: «Не болып жатыр өзі?»

Отбасым ақыры үйден кеткенде өз басымнан не өткенін ақырындап аңғара бастадым. Соқыр ашудан басқа ештеңе қалмапты. Олар мені жазалапты. Не үшін? Бала кезімнен қолдап келгенім үшін бе?

Сол жерде көрген азабымнан өзімді-өзім өлтіріп тынбай, қалай аман қалдым? Осы жағдайым басынан өткен кез келген адам солай істер еді деп ойлаймын.

Өзіме қол жұмсауға қаншалықты жақын болғанымды ойлап, жылай бастадым.

Содан кейін бір нәрсе мені мелшиіп қатып қалған күйімнен арылтты.

Тамызда әкем сол кезде он үште болған Шон Престонмен ұрсысып қалды. Балам ұрсыстан қашып, жатын бөлмеге барып, есігін жауып алды. Ал әкем болса есікті бұзып кіріп, оны жұлқылады. Кевин полицияға арыз жазып, әкеме балаларды көруге тыйым салынды.

Мен соңғы рет күресу үшін тағы күш жинауым керектігін білдім. Бұл мен үшін тым ұзақ жол болды. Бұл жолда сенімге ие болып, одан айырылдым, құлап, қайта тұрдым. Қолыма түсіп тұрып, қайта шығып кеткен еркіндікті қайта іздедім.

Егер сол нәрседен аман қалып, бәріне төтеп бере алатындай күшті болсам, мүмкіндікті пайдаланып, Құдайдан тағы біраз нәрсе сұрай алатынымды сездім.

Бар жан-тәніммен осы құрып кеткір қамқорлықтың аяқталуын сұрайтын болдым.

Өйткені өмірімді ол адамдар басқарғанын қаламадым. Мен оларды тіпті өз асүйімде де көргім келмеді.

Олардың мені балаларымнан, үйімнен, иттерімнен және көлігімнен де айыра алатын күшке ие болғанын қаламадым.

Егер маған бірдеңені жария қылып айту қажет болса, бұл сұмдықтың аяқталғанын жариялайын деп ойладым.

Бостандығымды қамтамасыз етудің алғашқы қадамы адамдардың шынайы адам екенімді түсінуінен басталды. Мен оны көбірек әлеуметтік желіде айту арқылы жасай алатынымды білдім. Жаңа киім киіп көріп, «Instagram»-да көрсете бастадым, маған қызық болды. Интернеттегі кейбір адамдар мұны біртүрлі деп ойласа да, маған бәрібір еді. Сіз өмір бойы сексуализацияланудың құрбаны болып келсеңіз, гардероб пен камераның өз еркіңізде болуы ұнар еді.

Шығармашылығымға оралуға тырыстым, Инстаграмдағы әнші, суретшілердің парақшаларына жазыла бастадым. Түсініксіз видеолар түсіретін бір жігітке тап болдым: ол жерде қызғылт экранда қызғылт сызықтары бар ақ жолбарыс болды. Түрлі нәрселерді көріп, бірдеңе жасауға деген талпыныс пайда бола бастады, сөйтіп, мен ән жаза бастадым. Басында сәбидің күліп тұрған дыбысын қостым. Ерекше шыққандай болды.

Хесам: «Ол жерге нәрестенің күлкісін қоспа!» – деді.

Кеңесін тыңдап, алып тастадым, алайда біраз уақыттан кейін мен жазылған басқа бір аккаунт сәбидің күлкісімен бейнежазба жариялады, ішім күйді. Мен мұны алғашқы болып істеуім керек еді деп ойладым. Баланың біртүрлі күлкісі жаңалығым болуы керек еді!

Суретшілер біртүрлі болатынын білесіз бе?

Сол кезде өнерде мені есінен ауысты деп ойлап жүрген адамдар көп болды. Белгілі бір мағынада өзіме нақты не керектігін айта алмай, әркімнің маған айтқан нәрсесін жасаудан гөрі «ессіз» болып көрінгенім жөн де шығар. Инстаграмда тірі екенімді көрсеткім келді.

Мен сондай-ақ Эми Шумер, Кевин Харт, Себастьян Манискалко және Джо Кой сияқты комиктерді көріп, көбірек күлетін болдым. Олардың тапқырлығы мен ақылына, адамдардың ішіне кіріп, оларды күлдіре алу үшін сөз өнерін қаншалықты шебер пайдаланғанына үлкен құрметпен қарадым. Бұл – оларға Құдайдың берген сыйы. Олардың сөйлеу мәнері мен барынша шынайы бола алу қабілеттері мені қатты шабыттандырды, сөйтіп, мен де бейнежазба түсіре бастадым. Әзіл маған қайғыға салынып кетпеуге мүмкіндік берді.

Өнердегі ұшқыр ойлы адамдарды, әртістерді көргенде үнемі оларға деген үлкен сыйластық сезімі пайда болатын. Күлкі – бәріне ем. Жұрт әлеуметтік желіде жариялайтын заттарымды көріп, мені бала секілді немесе біртүрлі деуі мүмкін немесе мен өзіме зияны тиген адамдар жайлы айтып жатқанда қатты кеткенімді көріп, мазақ етуі де мүмкін. Мендегі феминизмнің оянуы шығар. Айтайын дегенім, шын мәнінде қандай екенім өзіме аян, оны басқа ешкім білмейді!

Балаларым да маған кейде күледі, олардың мені сынағанын көргенде қатты ренжімеймін де.

Олар әрқашан әлемге деген көзқарасымды өзгертуге көмектесті. Кішкентай кезінен бастап олар әрдайым әлемді

басқаша көре алатын, екеуі де сондай жасампаз. Шон Престон – нағыз гений, шынымен ақылды бала. Джейденнің фортепианода қалай ойнайтынын көргенде үнемі таңғаламын.

Пандемияға дейін олар аптасына екі-үш рет дәмді кешкі асқа келіп жүрді. Әрдайым өздері жасаған таңғажайып нәрселерімен бөлісіп, маған неге қызығатынын айтатын.

«Анашым, салған суретіме қарашы!» – дейді біреуі. Мен оларға өз ойымды айтамын, сосын олар: «Иә, енді бұған мына қырынан қарашы», – дейді. Сөйтіп, жасаған нәрселерінің бәрін қарап шығамын. Мен балаларымды тереңдігі мен мінезі, таланты мен ізгілігі үшін жақсы көремін.

Жаңа онжылдыққа аяқ басқан сайын бәрі қайтадан мағынаға ие бола бастады.

Содан кейін COVID басталды.

Карантиннің алғашқы айларында мен бұрынғыдан да бетер үйкүшік болдым. Апталап бөлмемде отырып алып, өзіме қалай көмектесуге болатыны жайлы аудиокітаптарды тыңдап, қабырғаға телміріп немесе зергерлік бұйымдар жасап, ішім пысатын. Көптеген пайдалы аудиокітап тыңдап шыққаннан кейін қиял тақырыбындағы британдық акцентпен оқылған кез келген кітапты тыңдай бастадым.

Дегенмен сыртқы әлемде әкем қойған қауіпсіздік тобы ережелерді қадағалуын жалғастырып жатты. Бір күні жағажайда жүргенімде бетпердеміді шешіп тастадым. Күзетшім бірден жүгіріп келді. Сол үшін талай ұрыс естіп, бірнеше

аптаға үйге қамалдым.

Карантиннің және оның жұмыс кестесінің кесірінен Хесам қасымда жиі бола алмады. Жалғыз болғаным соншалық, тіпті отбасымды сағына бастадым.

Анама қоңырау шалып: «Сендерді көргім келеді», – дедім.

Ол: «Дәл қазір дүкен аралап жүрміз. Кетуім керек! Кейінірек қоңырау шаламыз», – деді.

Содан кейін олар қоңырау шалмады.

Луизианада карантин ережелері басқа еді, олар әрқашан сыртта жүрді.

Ақырында телефонмен шақыра алмаған соң оларды көру үшін Луизианаға өзім бардым. Ол жақта бәрі еркін жүргендей көрінді.

Олармен неге әлі араласасың дейсіз бе? Тіпті не деп жауап берерімді білмеймін. Неліктен біз қолайсыз қарым-қатынаста қала береміз? Біріншіден, мен олардан әлі қорықтым, жағынғым келді. Әкем әлі де заңды түрде мен үшін шешім қабылдап отырды және үнемі сол жайтты есіме салып отыратын.

Сол отбасыммен өткізген уақытта мен психикалық көмек беретін мекемеде болғанымда олардың үйде сақтаған көп нәрселерімді лақтырып тастағанын білдім. Кішкене кезімде жинаған Мадам Александр қуыршақтарының ешбірі қалмапты. Оған қоса үш жыл бойы жазып келген жазбаларым да жоқ болып шықты. Ең қымбат заттарымның бірі болған, ішінде өзіме ұнайтын өлеңдер жазылған папкамды лақты-

рып тастаған.

Бөлmemдегі бос сөрелерді көріп, мені мұң басты. Жылап отырып жазған жазбаларым жайлы ойладым. Ол жазбаларды ешқашан жарияламас едім, алайда олар мен үшін маңызды еді. Отбасым мені лақтырып тастаған секілді, оларды да қоқысқа тастапты.

Содан кейін есімді жиып, былай ойландым: жаңа дәптер сатып аламын, сөйтіп, бәрін қайта бастаймын. Көп нәрсені бастан кешірдім. Бүгінде тірі болуымның себебі де ішімнен қуаныш таба алатынымда.

Құдайға оралатын уақыт келді.

Сол сәтте отбасымды кешірдім, яғни оларды ешқашан көргім келмейтінімді түсіндім.

Сот тағайындаған қорғаушым он үш жыл бойы көмек көрсетіп жарытпады, бірақ пандемия кезінде оны өз пайдама қолдана аламын ба деп ойлай бастадым.

Осы жағдайда не істеуге болатынын білмекші болып, аптасына екі рет хабарласатын болдым. Ол маған жұмыс істей ме, әлде әкем мен Луға ма?

Маған бәрін түсіндіріп жатқанда ішімнен сен біраз нәрсе білетініме сенбейтін сияқтысың, бұл іспен қайда баратынымды білемін, соңына дейін барамын, білуімше, сен бұл істі өз бетіңше бітіре алмайсың деп ойлайтынмын.

Ақырында шегінерге жол жоқ дейтін жағдайға жеттім. Шынымды айтсам, ол мен үшін ештеңе істей алмады. Істі өз бақылауыма алуым керек болды.

Бұл туралы көпшілік алдында тіс жармадым, дегенмен іштей оның аяқталуын тіледім. Шынымен дұға еттім.

2021 жылдың 22 маусымына қараған түні Калифорниядағы үйімнен әкемнің қамқоршы құқығын теріс пайдаланғанын хабарлау үшін 911 нөміріне қоңырау шалдым.

Қамқорлықтың аяқталуын қатаң түрде талап ете бастаған

сәт пен аяқталуы арасындағы уақыт мен үшін белгісіздікке толы кезең болды. Жағдайдың қалай болатынын білмедім. Дегенмен әкеме «жоқ» деп айтып, өз қалауымша әрекет ете алмадым, оған қоса күн сайын ғаламторда мен туралы тағы бір деректі фильм шығып жатқандай болды. Бұл жағдайдың бәрі болып жатқан кезде сіңлімнің кітабы шығатынын білдім.

Әлі де әкемнің бақылауында болдым. Өзімді қорғау үшін ештеңе айта алмадым. Жарылып кеткім келді.

Өзім туралы деректі фильмдерді көру өте ауыр болды. Фильмге түскен адамдардың ниетінің дұрыс болғанына күмәнім жоқ, дегенмен ескі достарымның біразының маған бір ауыз сөз айтпастан, сол фильмдерге түскенін көргенде жүрегім ауырды. Сенген адамдардың камераның алдына шыққанын көргенде таңғалдым. Артымнан неге олай сөйлегендерін түсіне алмадым. Егер олардың орнында болсам, досым жайлы сыртынан сөйлемей, алдымен оның өзіне хабарласып, жағдайды түсіндіріп, рұқсат сұрар едім.

Не ойлап, не қойғаным туралы жұрттың болжамы тым көп болды.

Телефонның арғы жағынан «Спирс ханым, маған хабарласуыңызға болады» деген дауыс естілді. Қонақ бөлмемде едім. Лос-Анджелестегі әдепкі түскі уақыт болатын.

2021 жылдың 23 маусымында Лос-Анджелес мұрагерлік туралы істер жөніндегі соты қамқорлық мәселесі бойынша ісімді қарады. Бұл істі бүкіл әлем бақылап отырғанын білдім. Бұл сәтке бірнеше күн бойы дайындалдым, дегенмен шешуші сәт туғанда әрең шыдадым. Өзім істің көпшілікке ашық болуын сұрағандықтан, сөйлеп біткен бойда миллиондаған адам мені тыңдайтынын білдім.

Дауысым барлық жерден естіліп жатты: радио, теледидар, интернет. Дауысым осы уақытқа дейін талай рет жұрттың құлағында жүріп, тіпті өзіме қарсы қолданылып келгендіктен, өзімді еркін ұстап, еркін сөйлесем, ешкім мені танымай қалады деп қорықтым. Олар мені жынды десе, не болмақ? Өтірікші десе ше? Дұрыс емес бір нәрсе айтып қойып, бәрі одан бетер ушығып кетсе ше? Мен сол кезде жасаған мәлімдеменің көптеген нұсқаларын жаздым. Айтатын сөздерімді миллион рет қайталап, түрлі нұсқаларын ойлап дайындалған едім, алайда дәл сәті түскен кезде қатты қобалжыдым.

Дегенмен сонда да қорқынышымды жеңіп, не үшін шыдау керек екенін есіме түсірдім: қандай жағдайларды бастан

кешкенімді жұрт білсін дедім. Мұның бәрі өзгеруі мүмкін деген сенімім үшін. Бақытты болуға құқығым барына сенгенім үшін. Бостандыққа лайық екенімді білгенім үшін.

Ішімдегі бұл терең сезім бойымдағы әйелдің әлі де күресуге, өз дұрыстығым үшін шыдауға күші жеткілікті екендігіне сендірді.

Жанымда отырған Хесамға қарадым. Ол қолымды қысты. Сөйтіп, мәңгіліктей көрінген соншама жылдан бері алғаш рет өз хикаямды айта бастадым.

Сотқа: «Бүкіл әлемге жағдайым жақсы және бақыттымын деп өтірік айттым. Мұның бәрі өтірік. Ол кезде егер солай айтсам, бақытты бола аламын деп ойлады. Өйткені өзімді қабылдай алмадым. Дегенмен қазір шынымды айтып отырымын. Бақытсызбын. Түнде ұйықтай алмаймын. Қатты ашулымын. Оған қоса торығуға ұшырадым. Күн сайын жылаймын. Тіпті ішімдік те ішпеймін. Олар мені қандай күйге душар еткенін ескерсек, керісінше, ішіп кетуім керек еді», – дедім.

«Сіздермен телефон арқылы мәңгі сөйлесіп тұруды қалар едім, өйткені тұтқаны қойған сәттен бастап айналамнан тек «жоқ» деген дауыстарды естимін. Бәрі қоршап алып, сынайды, қайтадан жалғыз қалғандай сезінемін. Өзімді жалғыз сезінуден шаршадым. Өзге адамдар секілді өмір сүруге, балаларым, отбасым болуына және тағы басқа өзім қалаған нәрселермен айналысып, өмір сүруге лайықпын. Айтқым келгені осы. Бүгін сіздермен сөйлесуге рұқсат бергендеріңіз

үшін көп рақмет».

Тынысым тарылып кетті. Сол кездегі сөйлеу мүмкіндігі сан жылдар бойы маған алғаш берілген сөз еді, сондықтан ішімнен айтқым келген миллиондаған нәрсе болды. Соттың қалай жауап беретінін күттім. Бұл іс жайлы қандай ойда екенін мысқалдай болсын білгім келді.

«Сөздеріңіз бен сезімдеріңіздің шынайылығына сене аламын, – деді ол. – Бүгін айтқан нәрселердің бәрін ашып айту үшін көп батылдық қажет болғанын білемін. Сот сіздің заңға жүгініп, өзіңіздің жағдайыңыз туралы айтқаныңызды бағалайды».

Осы сөзді естігенде он үш жылдан кейін ақыры тыңдағандай жеңілдік сезіндім.

Осыған дейін талмай жұмыс істеп келдім.

Ұзақ уақыт бойы бағынышты болуға шыдап келдім. Дегенмен отбасым мені сол емдейтін жерге жатқызғанда тым артық кетті.

Маған қылмыскер сияқты қарады. Олар мені соған лайықпын деп ойлауға мәжбүр етті. Өзіме деген сыйластығымды ұмыттырып, құнымды түсіруге тырысты.

Ең жаманы, олар мені дінімнен тайдырғысы келді. Дін жайлы ойларым ешқашан қатты болған емес. Жай ғана менен де маңызы үлкен бірдеңе бар екенін білдім. Олардың бақылауында жүріп, Құдайға деген сенімім біразға дейін жоғалды. Бірақ содан кейін қамқорлықты тоқтататын уақыт келгенде бір нәрсені түсіндім: дұға етуді білетін әйелмен ой-

науға болмайды. Шынайы дұға жасап, тілек тілей алатын әйелдің қолынан бәрі келеді. Мен де дұғада болдым.

Соңғы он үш жыл бойы алданып келіппін. Бүкіл әлем маған жаңа адвокат керек екенін білді, мен де оны кейін түсіндім. Өмірімді өз қолыма қайтаратын уақыт келді.

Әлеуметтік желілердегі командам мен досым Кейдке хабарласып, заңгер табуға көмектесуін сұрадым, сөйтіп, Мэтью Розенгарт есімді кісіні таптым. Ол өз ісінің мықты маманы еді. Бұрын федералды прокурор болған, кейін өзінің үлкен заң фирмасын ашқан. Стивен Спилберг пен Киану Ривз сияқты бірқатар атақты клиенттері болған және оның осындай қиын істер бойынша тәжірибесі мол болды. Телефонмен бірнеше рет сөйлестік, содан кейін шілде айының басында үйімде кездестік. Мэтью менің жағыма шыққаннан кейін іс шешіміне жақындай бастағанын сездім. Бірдеңе болуы керек. Тоқтатып қоюға болмайды. Дегенмен, әрине, бұл құқықтық жүйе болғандықтан, біраз күтіп, стратегия құруға тура келді.

Соншама жыл бойы маған өз адвокатымды таңдауға рұқсат берілмегеніне қатты таңғалды. Оның айтуынша, тіпті ауыр жазаланған қылмыскерлердің өзі өз адвокаттарын таңдай алады, мұндай қорлауды жек көретінін айтты. Қуана кеттім, өйткені әкем мен Луды, Робинді мені жәбірлеуші ретінде көргім келді. Оларды өз өмірімнен аластатқым келді.

Мэтью сотқа барып, алдымен әкемді қамқоршы ретінде

лауазымынан тайдыру туралы өтініш беретінін айтты. Содан кейін бүкіл қамқорлықты тоқтатуға тырысу оңайырақ болады деді. Бірнеше аптадан кейін, 26 шілдеде әкемді қамқорлықтан алып тастауға өтініш берді. 29 қыркүйекте үлкен сот отырысынан кейін әкем қамқоршым қызметінен шеттетілді. Бұл жаңалық Мэтью соттан кейін маған қоңырау шалмай жатып бүкіл жаңалықтарда болды.

Жеңілдеп қалғандай сезіндім. Бала кезімде мені қорқытып, ересек кезімде басқарған, өзіме деген сенімділігіме ең қатты нұқсан келтірген адам енді өмірімді басқармайтын болды.

Сол кезде әкем шеттетілгеннен кейін Мэтью темірді қызған кезінде соғу үшін қамқорлықты мүлдем тоқтатуға өтініш білдірді.

Қараша айында Таитидегі демалыс орнында жүргенімде Мэтью маған хабарласып, қамқорлықтан құтылғанымды, енді еркін екендігімді айтты. Сол сапарға кеткелі жатқанымда ол маған жақын арадағы күндердің бірінде он үш жылдан кейін алғаш рет еркін әйел болып оянатынымды айтқан еді. Десе де сот отырысынан шыққан бойда маған қоңырау шалып, жеңіспен аяқталғанын айтқан кезде де мен оған сене алмадым. Мен енді еркін адаммын.

Сотта оның құрған стратегияларының арқасында жеңіп шықсақ та, маған жеңіске жетуімізде менің де еңбегім зор екенін айтты. Менің куә болу арқылы өзімді босатып қана қоймай, әділетсіз қамқорлыққа алынған өзге де адамдарға

көмектескен болуым мүмкін екенін айтты. Әкем ұзақ уақыт бойы жетістіктерімнің бәрін өзінің арқасында деп айтып келгеннен кейін бұл адамның маған өз өмірімде өзгеріс жасағанымды айтқаны өте маңызды болды.

Енді өмірім өзімнің қолымда еді.

Біреудің қол астында болу мені қатты ашуландырды, өзім үшін ғана емес, мен секілді өз тағдырын өзі бағыттай алмайтын адамдар үшін де қатты қынжылдым.

«Шынымды айтсам, әр күнім үшін шүкір етемін... Алдарыңызға өзімді құрбан ретінде көрсету үшін шығып тұрған жоқпын, – дедім қамқорлық тоқтатылғаннан кейін «Instagram»-да. – Бала кезімде бүкіл өмірімді құрбан қылған адамдармен бірге тұрдым. Сондықтан үйімнен жыраққа кеттім. Жиырма жыл бойы тынбай жұмыс істедім. Жағдайым өзгелерге үлгі болып, жемқор жүйеге біраз өзгеріс енгізеді деп үміттенемін».

Адвокатымның сол бір телефон қоңырауынан бергі бірнеше айда өмірімді күннен-күнге қалпына келтіруге тырысып келемін. Өзіме қамқор болуды және көңіл көтеруді үйреніп жатырмын.

Канкундағы демалыста бірнеше жыл бұрын ұнатқан нәрсеммен айналыстым: су шаңғысын тептім. Су шаңғысын соңғы рет ұлдармен Майамиде болғанда тепкен едім. Ол кезде мен үшін жылдамдық тым қатты болған, балаларымнан қалып қалмауға тырыстым. Балаларым шаңғы тепкенде тым қауіпті. Өте жылдам жүріп, секіреді. Олардың соңы-

нан толқындардың үстімен келе жатып құлап түсіп, қолымды ауыртып алған едім.

Бұл жайтты қайталағым келмеген соң, 2022 жылдың мамырында көмекшімді қасыма алдым. Біреу жетекке алған кезде әлдеқайда жақсырақ екенін түсіндім. Бұл жолы қозғалтқыштың қуатын сезе алдым, көгілдір де мөлдір суда жүргеннен ләззат алып, қалаған жылдамдықпен жүрдім.

Қазіргі айналысатын ісім – көңіл көтеруге тырысу және өзіме мейірімді болу, оған қоса уақытты өз пайдама жарата білу. Ұзақ уақыттан бері алғаш рет өзіме қайтадан адамдарға сенуге мүмкіндік бердім.

Күнде музыка тыңдаймын. Үйімде ән айтып жүргенде өзімді еркін, бақытты және жеңіл сезінемін. Тіпті дауысымның мінсіздігіне де аса мән бермеймін. Ән айту маған жаттығу жасау немесе дұға тілеу сияқты сенім мен күш береді. (Есіңізде болсын: тіл – қару.) Құдаймен байланыс немесе музыка секілді, жүрек қағысының жиілігін арттыратын кез келген нәрсе жақсы. Жаным да сол бағытқа ауа бастады.

Малибудағы студияға кез келген уақытта келуге рұқсат алғаннан кейін ол жерге жиі барғанды ұнататынымын. Бір күні алты ән жаздым. Өзім үшін жасаған кезде музыка – мен үшін ең таза нәрсе. Бір күні қайтадан өзіме студия алып, ән жазатын шығармын деп ойлаймын. Дегенмен біраз уақыттан бері ән жазу туралы ойламадым.

Өмір бойы үлгі тұтып келген әрі менімен бірге ән жазу үшін мені өзіне шақырған кісі ойымды өзгертті, ол Сэр Эл-

тон Джон еді. Барлық уақыттағы сүйікті орындаушыларымның бірі. Мен онымен шамамен он жыл бұрын «Оскар» марапатының кешінде танысып, өте жақсы тіл табысып кеткен едік. Енді, міне, ол жылы жүзбен бейнехабарламасында оның ең атақты әндерінің бірін бірге айтуға маған ұсыныс жасады. «Hold Me Closer» оның «Tiny Dancer» хитінің жаңартылған дуэт нұсқасы еді, әнде оның бірнеше басқа әнінің үзінділері бар.

Сондай құрметке ие болғанымға қатты қуандым. Мен сияқты Элтон Джон да жұрттың алдында көп нәрсені бастан өткерді. Сол жағдайлардың бәрінен кейін ол керемет жанашырлық таныта алды. Қалай айтсаң да, сондай керемет адам.

Бала кезімде Луизианадағы көлікте би мен гимнастика сабақтарына кетіп бара жатқанымда «Tiny Dancer» әнін тыңдайтынмын, сол үшін бұл әнді бірге орындау мен үшін маңызды болды.

Сэр Элтон өте мейірімді, ол кісінің қасында өзімді өте жайлы сезіндім. Ән жазу күнін бекіткеннен кейін мен Беверли-Хиллздегі продюсердің үйіндегі студиясына бардым.

Студия үйінің жертөлесінде болды. Ондай студияны ешқашан көрген емеспін: пианино, саундбордтар болды және музыкалық заттармен толық жабдықталған ашық студия. Алты жыл бойы әлем дауысымды, жаңа әндерімді естімегендіктен, алғашында қобалжыдым, сосын өзіме және әннің жақсы шығарына сендім де, іске кірістім.

Микрофонның алдында тұрдым да, қарқынды күшейтіп,

ән айта бастадым. Бірнеше сағаттан кейін аяқтадық. Сүйікті әнімді сүйікті әртісіммен дуэтке орындап шықтым. Әннің шығуына бірнеше апта қалғанда эмоционалды күйде жүрдім, қорқынышым мен қуанышым қатар болды.

Қамқорлыққа дейін сахнаға шыққанда шоуды бастау үшін бәрі маған қарайтын. «Бастаймыз» деп белгі беру үшін сұқ саусағымды көтеретінмін. Ал қамқорлық кезінде, керісінше, әрдайым басқаларды күтуіме тура келді. Маған: «Бәрі дайын болған кезде саған хабарлаймыз», – дейтін. Ол кезде мені біреу сыйлап, елеп жатқандай сезінбейтінмін.

Олар мені қамқорлық кезінде тым нәзік, тым қорқақ болуға үйретіп тастады. Қамқорлықтың құнын солай өтедім. Олар әйелдік болмысымды, қаруымды, өзегімді, дауысымды, «fuck you» дей алатын қабілетімді жойды. Әрине, мұның бәрі қатты естілетінін білемін, бұл жерде айтатын маңызды бір нәрсе бар. Өз күшіңізді бағалай біліңіз.

«Hold Me Closer» әні 2022 жылдың 26 тамызында шықты. 27 тамыз күні біз қырық елдің чарттарында бірінші орында болдық. Он жылда алғаш рет бірінші орынға шыққан және бірінші орынды ең ұзақ сақтап тұрған алғашқы синглым. Бәрі қалағанымдай жасалып, толығымен бақылауымда болды. Жанкүйерлер дауысым керемет шыққанын айтты. Өз жұмысыңды әлемге паш ету қандай қорқынышты. Еңбегім әрқашан өзін ақтап отырды. «Hold Me Closer» әнін жазып, оны әлемге ұсыну таңғажайып іс болды. Өзімді жақсы емес, тіпті керемет сезіндім.

Музыкалық мансабымды жаңғырту қазіргі уақытта басты уайымым емес. Дәл қазір – мен үшін рухани әлемімді ретке келтіруге тырысып, қарапайым нәрселерге назар аударып, сабырға келетін кез.

Мен үшін ең бастысы – өзге адамдар қалайтын бөтен адам болмай, өзімді табу.

Жасым ұлғайған сайын маған өзіммен-өзім уақыт өткізген ұнайды. Әртіс болған керемет, әрине, тек соңғы бес жылда көрермен алдында тұрып өнер көрсетуге деген құштарлығым азайды. Не істесем де, қазір өзім үшін жасаймын. Жалғыз қалған кезде Құдайды көбірек сезінемін.

Әулие емеспін, бірақ Құдайды таныдым.

Жан тыныштығымды табу үшін көп еңбектену қажет. Бұл біраз уақытты қажет ететін процесс болғалы тұр. Алайда қазірдің өзінде бұл маған ұнайды. Өзгерген жақсы. Хесам екеуіміз әрдайым бірге дұға етеміз. Мен оны үлгі тұтамын: оның жұмыс істеуіне, жақсы адам болуға тырысуына, денсаулығын күтуіне, бір-бірімізге қалай қамқор бола алатынымызды білуге деген құлшынысына қызығамын.

Маған шабыт сыйлайды, осындай адамды жолықтырғаным үшін шын жүректен шүкіршілік етемін. Қамқорлықтың аяқталу мерзімі қарым-қатынасымыз үшін өте жақсы болды, біз шектеусіз бірге өмір сүрудің жолын тауып, бірге тұрмыс құрдық. Үйлену тойымыз қандай қиындықтарға бірге төтеп бергеніміздің, бір-біріміздің бақытты болуымызды қаншалықты терең тілегеніміздің әдемі көрінісі болды.

Қамқорлық аяқталған күні көптеген күйді бастан кештім: шок, жеңілдік, шаттық, қайғы, қуаныш.

Әкемнің, өкінішке орай, отбасымның өзге мүшелерінің де тарапынан сатқындық сезіндім. Сінлім екеуіміз бір-бірімізден жұбаныш табуымыз керек еді, өкінішке орай, бұлай болған жоқ. Мен әділетсіздікпен күресіп, бүкіл баспасөздің назары менде болған кездері ол соның бәрін пайдаланып, ақша табу үшін кітап жазды. Мен туралы ерсі әңгімелер айтты, олардың біразы – әдепсіз әңгіме, соның бәрі жанымға батты. Шынымен, ренжідім.

Апалы-сінділі адамдар бір-бірімен қорқыныштарын немесе әлсіздіктерін бөлісе алуы керек емес пе?! Оның орнына әңгімелерімді кейін маған қарсы сотта пайдаланды.

Қандай қиындықтарды өткергенімді білмегендей болды. Маған оның бәрін көтеру оңай болды деп ойлаған сияқты, өйткені сондай атақ пен даңқ жастайымнан келді және ол мені жетістігім үшін және онымен келген барлық нәрсе үшін кінәлаған сияқты.

Отбасымыздың мүшесі ретінде Джейми Линн де біраз қиналды. Менімен салыстырғанда ажырасқан ата-ананың баласы болып өсті. Ол ата-анамыздан жеткілікті жылу көрмеген сияқты, отбасының көңілінің көп бөлігін ғана емес, әлемнің де назарын аударып алған әпкесінің көлеңкесінде қалып, әлемде өз жолын жасауға тырысуы қиын болғанын білемін. Осы секілді себептер үшін оған бір бүйірім тартады. Бірақ ол туғанға дейін біздің қаншалықты кедей болғанымызды то-

лық түсінбеген секілді. 1980 жылдары анам екеуіміз сияқты әкеміздің алдында дәрменсіз күй кешіп, біз көрген қорлықты көрмеді. Қолында ештеңе болмай, қашып кете алмайтыныңды білу жанға еселеп батады. Анам екеуімізге ешқайда қашып кете алмайтынымызды біліп, зорлық-зомбылыққа төзуіміз қажет болды. Ол әрдайым сіңлім болып қалады және оның отбасын жақсы көремін. Оған бар жақсылықты тілеймін. Оның да тағдыры оңай болған жоқ, жастай бала көтеріп қалды, ажырасты, апаттан қызынан айырылып қала жаздады. Ол менің көлеңкемде өсудің ауырлығы туралы айтқан болатын. Оған және өзім маған жамандық жасады деп санайтын бүкіл адамға ашудан гөрі жанашырлық сезінуге тырысамын. Бұл оңай емес.

Түсімде Джунды көремін. Ол әкемді жаралағанын, ал әкем мені жаралағанын білетінін айтады. Оның маған деген сүйіспеншілігін және оның өзгергенін сезіндім. Бір күні отбасымның қалған мүшелеріне деген қарым-қатынасымды жақсартамын деп үміттенемін.

Ашуым денсаулығымнан да көрініс тапты, әсіресе басым жиі ауыратын болды.

Басым ауырған кезде дәрігерге барғым келмейді, өйткені жылдар бойы сан түрлі дәрігерге көрінуге мәжбүр болғандықтан, қорқыныш пайда болды. Сондықтан өзімді өзім емдейтін болдым. Бас сақинасына келгенде ол ауру жайлы көп айтқым келмейді, өйткені мен сөз құдіретіне сенетін жанмын, егер ол жайлы көп айтсам, бас ауруым одан бетер үдеп

кететін секілді.

Басымның сақинасы ұстаған кезде жарыққа шыға алмай, тіпті қозғала алмай қаламын. Қараңғы жерде қозғалмай отырамын. Кез келген жарық басымды солқылдатады, ауырғаны соншалық, талып қалатын секілдімін. Бір жарым күн ұйықтауым керек. Соңғы кезге дейін бүкіл өмірімде ешқашан басым олай ауырған емес. Ағам да бас ауруына шағымдана-тын, ол айтқан кезде мен олардың қаншалықты жаман екенін білмей, әсірелейді деп ойлайтынмын. Қазір оған сенбегенім үшін өзімді кінәлі сезінемін.

Мен үшін бас сақинасы асқазан вирусынан да ауыр. Вирус болса, жөнді ойлана аласыз. Басыңыз не істегіңіз келетінін, қандай фильмдерді көргіңіз келетінін анықтауға көмектесе алады. Ал бас сақинасы ұстаған кезде ештеңе істей алмайсыз, өйткені миыңыз жұмыс істемей қалады. Бас сақинасы – қамқорлықтан шыққалы пайда болған физикалық және эмоционалдық зақымдарымның бір бөлігі ғана. Отбасым маған жасаған зиянының көлемін түсінбеді деп ойлаймын.

Он үш жыл бойы қалағанымды жеуге, көлік жүргізуге, ақшамды қалағандай жұмсауға, ішімдік ішуге немесе тіпті кофе ішуге рұқсат етілмеді.

Қалаған нәрсемді жасау еркіндігі маған әйелдік болмысымды қайтарды. Қырық жасқа келіп, көп нәрсені енді біліп, көріп жатырмын. Бойымдағы әйелді сонша жыл бойы басып, тұншықтырып келгендей сезінемін.

Енді ақыры өмірге қайта оралғандаймын. Лас-Вегасқа

қайтып баруды да ойлап жүрмін.

Көп жылдан кейін алғаш рет әйел болудың бақытын сезе бастадым. Тым ұзақ уақыт бойы су астында өмір сүріп, су бетіне тек аздап ауа жұтып, тамақтану үшін ғана шығып жүргендей сезіндім. Еркіндігімді қайтарған соң маған құрғақ жерге шығуға, кез келген уақытта демалысқа кетуге, коктейль ішуге, көлігімді айдауға, курортқа баруға немесе мұхитқа қарап тұруға ешкім кедергі бола алмайды.

Бұл бақытты аз-аздан сынап, қарапайым нәрселер үшін алғыс айтуға тырысып жүрмін. Әкемнің өмірімде болмағанына шүкірлік етемін. Енді одан қорқып жүрудің қажеті жоқ. Салмақ қоссам, маған «өзіңді жөнге келтір» деп айқайлайтын адамның ендігі жоқ екенін білу қандай рақат! Мен енді қалаған кезде шоколад жей аламын.

Не жеп, не жемеуім керектігін айтатын әкемнен арылғандықтан, бойыма қайтадан күш бітіп, іштегі жалыным қайта жана бастады. Өзіме деген сенім пайда болды, маған өзімнің түрім қайтадан ұнай бастады. Инстаграмда киімдерімді көрсеткенді жақсы көремін.

Өзімді жалаңаш немесе жаңа көйлекпен суретке түсіруді неге жақсы көретінімді көптеген адамдар түсінбейтінін білемін. Алайда егер оларды өзге адамдар мың рет суретке түсіріп, қоғамның мақұлдауы үшін талай рет өзін көрсетуіне тура келсе, олар мені түсінер еді. Мен өзім қалаған-

дай суретке түсуден, қалаған нәрсемді жасаудан ләззат аламын. Бұл дүниеге жалаңаш болып келдім, шынымды айтсам, әлемнің салмағын иығыма салып жүргендей сезінетінмін. Өзімді жеңіл әрі еркін түрде көргім келді. Бала кезімде бүкіл өмірім әлі алда секілді елестейтін, қазір өзімді дәл солай таза парақтай сезінемін.

Шынымен, қайта туғандаймын. Кішкентай қыз сияқты үйде жүргенде ән айтып, дыбыстар тәнімнен шығып, жаңғырып, маған қайта оралғандағы сезімнен рақаттанамын. Ба-стапқыда неге ән айтқым келгенін, оның қандай бақыт екенін қайтадан есіме түсіріп жатырмын. Бұл сезім мен үшін қасиетті. Оны өзім үшін жасаймын, басқа ешкім үшін емес.

Менен қашан шоу жасап, гастрольдерге қашан шығатынымды сұрайды. Мен бұл сұрақтың жауабын таппай келемін. Жас кезімдегідей билеп, ән айтуды ұнатамын, алайда отбасымның игілігі үшін жасауға тырыспаймын, бірдеңе алуға тырыспаймын, енді не жасасам да, оны өзім үшін және сол іске деген сүйіспеншілігім үшін жасағым келеді.

Енді ғана өзге адамдар мен Құдайға деген сенімім қайта оянып жатқандай сезінемін. Өзімді бақытты ететін және маған қуаныш әкелетін нәрселерді білемін. Өзімді бақытты сезінуге мүмкіндік беретін жерлерде медитация жасауға және ойымды сол арнаға бұруға тырысамын. Әдемі жерлерді, ұлдарымды, күйеуімді, достарымды, үй жануарларын жақсы көремін. Өз жанкүйерлерімді жақсы көремін.

Жанкүйерлер туралы айтсақ, адамдар кейде менен гейлер

қауымдастығымен ерекше қарым-қатынасым туралы сұрайды.

Мен үшін мұның бәрі махаббатқа – шартсыз махаббатқа келіп тіреледі. Гей-достарым мені әрдайым қорғап келді, мүмкін, жамандық тілемейтінімді білгендіктен шығар. Мен ақымақ емес, тым жуас болдым. Айналамдағы көптеген гей жігіт мені қолдауды жөн көрді. Мұны олар сахнада қасымда болған кезде де сезінетінмін. Егер өзімді сахнада жақсы көрсете алмадым деп ойласам, достарыма арқа сүйеп, өзіме көңілім толмаса да, бәрі керемет шықты деп айта алдым. Мұндай махаббаттың мен үшін маңызы зор.

Бірде Еуропадағы гей-клубқа бардық, ондағы би алаңында айналамдағы барлық адамның бойлары қатты ұзын болып көрінді. Клубта керемет электр-би музыкасы ойнап тұрды, маған бәрі ұнады. Таңғы сағат алтыға дейін билеп, сол түн екі секундта өтіп кеткендей сезіндім. Өзімді сондай тірі сезіндім. Бұл Аризонадағы тылсым кез сияқты: бұл мені сөзсіз жақсы көре алатын адамдармен рухани бірге болу еді. Ондай достармен не істейтініңіз, қалай сөйлейтініңіз немесе кімді танитыныңыз маңызды емес. Бұл – шынайы махаббат.

Есімде, бір жолы Италияда да кейбір драг-әртістер әндерімді орындап жатқан шоуға бардым. Ол шара өте керемет болды. Әншілер әдемі болды. Әр сәттің ләззатын сезіне алды және олардың өнер көрсетуді жақсы көретінін байқадым. Олардың сахнаға деген махаббаты мен жігері бар, ондай адамдарды құрметтеймін.

Қамқорлықтан босатылғаннан кейін сағынған екі демалыс орным – Мауи мен Канкунға барғым келді. Мұхитта жүздім, күншуақта отырдым, жаңа күшігім Сойермен ойнадым, Хесаммен бірге қайыққа отырдым. Көп кітап оқыдым, сол кезде осы кітапты жаздым. Саяхатта жүргенде жүкті екенімді білдім. Ұзақ жылдар бойы тағы бір нәресте сүйгім келетін. Жылдар бойы Хесам екеуіміз өз отбасымыздың отын жағуға құштар едік. Оның бірқалыпты мінезін қатты бағалаймын. Мүлдем ішпейтіні ұнайды. Ол – Құдайдың маған берген сыйы. Екеуіміз енді балалы болатынымызды білгенде қатты толғандым, қорқыныш та болды. Шон Престон мен Джейденді көтеріп жүрген кезде торығуға ұшыраған едім. Бұл жолғы жүктілік те көбіне бұрынғы жүктіліктермен бірдей сезілді: аздап ауырсынып, тамақ пен жыныстық қатынасты жақсы көрдім, сондықтан торығу да қайтып келе ме деп ойлады. Өзімді сәл баяу сезіндім. Алайда өмірім бұрынғыдан әлдеқайда жақсы болды, маған көрсетілген қолдаудың көптігінен бәрін жеңе алатыныма сенімді болдым.

Бірінші триместр аяқталмай жатып түсік тастадым. Жүкті болғаным қатты қуанғаным сонша, бүкіл әлемге айттым, енді оларға басқа жаңалықты да айтуыма тура келді. Инстаграмға былай деп жаздық: «Қайғырып отырмыз, сәбиіміз жүктіліктің ерте кезеңінде шетінеп кетті. Бұл – кез келген ата-ана үшін қиын жайт. Мүмкін, сәби дүниеге келгенше тағы біраз күтіп, жұртшылыққа айтпай тұра тұру қажет пе еді. Қалай болғанда да, біз жақсы жаңалықты айтуға аса құ-

штар болдық. Біздің күшіміз – бір-бірімізге деген сүйіспеншілікте. Әдемі отбасымызды тағы да үлкейтуге әлі де тырысамыз. Сіздердің барша қолдауыңызға ризамыз. Біз осы қиын сәтте жеке өмірімізді сыйлауларыңызды өтініп сұраймыз».

Нәрестемнен айырылып қалғаным үшін қатты күйзелдім. Өз-өзіме келіп, жағдайға басқаша қарау үшін тағы да музыка көмекке келді. Мен орындайтын немесе билейтін әрбір ән маған түрлі сырларымды айтуға мүмкіндік беріп, еркіндікке жаңа жол тауып береді. Телефонымдағы әндерді тыңдау ересек өмірімде болып жатқан ашу-ыза мен мұңды жеңуге көмектеседі.

Осы күндері отбасым туралы көп ойламауға тырысамын, олардың бұл кітап туралы не ойлайтыны қызық. Он үш жыл бойы үндемегендіктен, олар сырымды оқып, «мүмкін, онікі дұрыс шығар» деп ойлауы мүмкін бе деймін. Олардың ішінде қандай да болсын ұяты бар деп ойлаймын. Бәрібір маған жасағандары дұрыс еместігін біледі деп сенемін.

Қанша жыл бойы айтқанға көніп, көрмегенді көріп келдім, сол үшін енді қазір қандай адамдардың қасында болғым келетінін және қандай адамдардың өмірімде болғанын қаламайтынымды білемін. Бұқаралық ақпарат құралдарының көпшілігі маған қатыгез болды және бұл жағдай қамқорлықтан шыққандықтан ғана өзгере салған жоқ. Қазіргі күйім жайлы көптеген қауесет тарап жүр. Алайда жанкүйерлерім маған қамқор екенін білемін. Қазір азат адаммын. Жай ға-

на өзіме адал болып, жазылуға тырысып жүрмін. Ақыры қалаған нәрсемді қалаған уақытта істей алатын жағдайға жеттім. Сол үшін өмірімнің бір минутын да босқа өткізгім келмейді.

Еркіндік дегеніміз – ойнау, ақымақ болу және әлеуметтік желілерде көңіл көтеру. Еркіндік дегеніміз – адамдар 911 нөміріне қоңырау шалмайтындай «Instagram»-нан үзіліс жасау. Еркіндік дегеніміз – қателік жасай алу және олардан сабақ алу. Еркіндік дегеніміз – біреу үшін сахнада немесе сахнадан тыс жерде өнер көрсетпеуге болатыны. Еркіндік дегеніміз – өзгелер сияқты мінсіз емес адам бола алу. Еркіндік дегеніміз – қуанышты өз қалауыңмен, өз шарттарыңмен табуға мүмкіндігің мен құқығыңның болуы.

Өмірімнің сырын айтуға дайын болу үшін ұзақ уақыт пен көп еңбек қажет болды. Бұл адамдарды белгілі бір деңгейде шабыттандырып, жүректеріне жетеді деген үміттемін. Енді еркінмін, өз болмысымды қайтадан қалыптастырып шығу қажет. Мен бұрын енжар, жұртқа ұнамды қыз едім. Ал қазір мүлде басқа – мықты және өзіне сенімді жанмын. Әйелмін.

Кішкентай қыз кезімде көршілерімнің бақшасындағы жылы тастарда жатып, үлкен армандарым туралы ойлайтынмын. Тыныштық пен өз күшімді сездім. Армандарымды жүзеге асыра алатынымды білдім. Ұзақ уақыт бойы әлемімді өзім қалағандай етіп жасай алмадым, әйтсе де қазір оған шамам жетеді. Өткенді өзгерте алмаймын, бірақ енді жалғыз болудың немесе қорқудың қажеті жоқ. Луизиана орманын

кезіп жүрген бала кезімнен бері көп нәрсені бастан өткердім. Эн жаздым, бүкіл әлемді араладым, ана болдым, махаббатымды тауып, оны жоғалтып, қайтадан таптым. Өз өмірімді, күш-қуатымды, өзімнің әйел табиғатымды толықтай сезінбегелі біршама уақыт өтіпті. Дегенмен мен қайта оралдым.

АЛҒЫС

Егер мені «Instagram»-нан қарасаңыз, бұл кітап эмоджилермен жазылады деп ойлаған шығарсыз, солай ма?



Естелік кітабымды жарыққа шығару үшін үлкен жұмыс атқарған командама рақмет! Кейд Хадсонға, Мэтью Розенгартқа, Кейт Хойтқа, көмекшілеріме (кім екенін білесіздер), сондай-ақ Дженнифер Бергстромға, Лорен Шпигельге және «Gallery Books» компаниясындағы барлық адамға үлкен алғыс айтамын!

Жанкүйерлеріме рақмет! Жүрегім мен алғысым мәңгілік сіздермен! Бұл кітап сіздер үшін!